

ISSN: 2957-6725
E-ISSN: 2957-6733

ҰЛТ ЖАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2 / 2023

Бас редактор
Қасымов Сабыр Ахметжанұлы

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Балтабаева Күлғазира Нұранқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры (Алматы қ., Қазақстан)

Борчашвили Исидор Шамилович – заң ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі заманғы құқық Институтының директоры, ҚР Жоғарғы Соты жанындағы ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі (Астана қ., Қазақстан)

Дихан Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Егемен Қазақстан» РГ» ЖШС Бас директоры (Астана қ., Қазақстан)

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, корр.-мүшесі. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)

Кан Георгий Васильевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Корей этномәдени бірлестігінің бірінші орынбасары (Алматы қ., Қазақстан)

Кенжетаев Досай Тұрсынбайұлы – философия ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (Түркістан қ., Қазақстан)

Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы қ., Қазақстан)

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының директоры (Новосибирск қ., Ресей)

Құрманов Зайнидин Карпекұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы СІМ Дипломатиялық академиясының проректоры (Бішкек қ., Қырғызстан)

Панто Дмитрий Иванович – PhD докторы, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми бөлімінің бас маманы (Гданьск қ., Польша)

Саиров Ерлан Бияхметұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Сарым Айдос Әміроллаұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Жауапты редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Ғылыми редакторлар:

Сәрсембина Құралай Қуандыққызы

Шериязданов Бауыржан Рахымғалиұлы

Техникалық хатшы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Касымов Сабыр Ахметжанулы

Редакционная коллегия

Әбіл Еркін Аманжолұлы – доктор исторических наук, профессор, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Балтабаева Кульгазира Нурановна – кандидат исторических наук, исполнительный директор Ассоциации выпускников Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Борчашвили Исидор Шамилович – доктор юридических наук, профессор, директор Института современного права, член Научно-консультативного совета при Верховном Суде РК (г. Астана, Казахстан)

Дихан Қамзабекұлы – доктор филологических наук, профессор, Генеральный директор ТОО «РГ «Егемен Қазақстан» (г. Астана, Казахстан)

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, член-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Кан Георгий Васильевич – доктор исторических наук, профессор, первый заместитель корейского этнокультурного объединения (г. Алматы, Казахстан)

Кенжетасов Досай Турсынбайұлы – доктор философских наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави (Алматы, Казахстан)

Койгелдиев Мамбет Кулжабаевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (г. Алматы, Казахстан)

Кокебаева Гулжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института исторических и социально-политических исследований (г. Новосибирск, Россия)

Курманов Зайнидин Карпекович – доктор исторических наук, профессор, проректор Дипломатической академии МИД Кыргызской Республики (г. Бишкек, Кыргызстан)

Панто Дмитрий Иванович – доктор PhD, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны в Гданьске (г. Гданьск, Польша)

Саиров Ерлан Бияхметович – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Сарым Айдос Амироллаевич – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Ответственный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Научные редакторы:

Сарсембина Куралай Куандыковна

Шериязданов Бауыржан Рахимгалиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Editor-in-Chief

Kassymov Sabyr Akhmetzhanuly

Editorial Board

Abil Yerkin Amanzholuly – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Baltabayeva Kulgazira Nuranovna – Candidate of Historical Sciences, Executive Director of the Al-Farabi Kazakh National University Alumni Association (Almaty, Kazakhstan)

Borchashvili Isidor Shamilovich – Doctor of Law, Professor, Director of the Institute of Modern Law, member of the Scientific Advisory Council at the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Dikhan Kamzabekuly – Doctor of Philology, Professor, General Director of LLP “RG “Egemen Kazakhstan” (Astana, Kazakhstan)

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, corresponding member. NAS RK, Director of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Kan Georgy Vasilyevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, First Deputy of the Korean Ethno-Cultural Association (Almaty, Kazakhstan)

Kenzhetaev Dosai Tursynbayuly – Doctor of Philosophy, Professor of the Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Almaty, Kazakhstan)

Koigeldiev Mambet Kulzhabaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhauhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Kozodoy Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of Historical and Socio-Political Studies (Novosibirsk, Russia)

Kurmanov Zainidin Karpekovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Vice-Rector of the Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Kyrgyz Republic (Bishkek, Kyrgyzstan)

Panto Dmitry Ivanovich – PhD, Chief Specialist of the Scientific Department of the Museum of the Second World War in Gdansk (Gdansk, Poland)

Sairov Yerlan Biyakhmetovich – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Sarym Aidos Amirollayevich – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Responsible Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Scientific Editors:

Sarsembina Kuralay Kuandykovna

Sheriyazdanov Bauyrzhan Rakhimgalievich

Technical Secretary

Zikirbaeva Venera Serikovna

Редакция туралы мәліметтер:

«Ұлт жады» (Национальная память / National memory) журналының құрылтайшысы: «Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен тұлғаларды ақтау мен олардың есімдерін мәңгі есте сақтау жөніндегі «Қаһармандар» Республикалық Қоғамдық қоры

Редакцияның мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесі

Сайтқа сілтеме: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2022 жылы 9 маусымда тіркелген, № KZ39VPY00050349 куәлігі бар.

Мақалаларды қайта басып шығару, микрофильмдерге және басқа көшірмелерге түсіру кезінде міндетті түрде журналға сілтеме жасалады.

Ұсынылған деректердің дұрыстығына авторлар жауапты болады.

Сведения о редакции:

Учредитель журнала «Ұлт жады» (Национальная память / National memory): «Республиканский Общественный Фонд по реабилитации и увековечиванию лиц, пострадавших в борьбе за свободу и независимость Казахстана «Қаһармандар»

Адрес редакции: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 11/5, Проектный офис Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий

Ссылка на сайт: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

Журнал в Министерстве информации и общественного развития Республики Казахстан зарегистрирован 9 июня 2022 г., имеет свидетельство № KZ39VPY00050349.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно делается ссылка на журнал.

Ответственность за достоверность представленных данных несут авторы.

Information about the editorial office:

Founder of the "Ult Zhady" (National memory) journal: «Republican Public Fund for Rehabilitation and Perpetuation of Persons Injured in the struggle for Freedom and Independence of Kazakhstan «Қаһармандар»

Editorial office address: 010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Kabanbai Batyr Ave., 11/5, Project office of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression

Link to the website: <https://journal.e-memory.kz>

Phone: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

The journal was registered with the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan on June 9, 2022, has certificate № KZ39VPY00050349.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies, a link to the magazine is necessarily made.

The authors are responsible for the accuracy of the submitted data.

**РЕДАКТОР СӨЗІ
СЛОВО РЕДАКТОРА
EDITOR'S WORD**

Редакциядан

Құрметті оқырмандар!

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі-мемкомиссия) материалдарын жариялайтын «Ұлт жады» республикалық ғылыми журналының (Ұлт жады / National memory) кезекті нөмірі қолдарыңызға тиіп отыр.

Бүгін мен өз сөзімде Тарихи алғышарттарға және сананы деколонизациялау, оның ішінде гуманитарлық ғылымдарды десталинизациялау және декоммунизациялау қажеттілігіне, сондай-ақ Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізу қажеттілігіне назар аударғым келеді. Президент Қ.К. Тоқаев өзінің алғашқы сөздерінен бастап либералды реформалар жүргізу, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру туралы жариялады. Сондықтан Президенттің 2020 жылғы 24 қарашадағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы Жарлығының қабылдануы осы курстың келесі табиғи кезеңі болды.

Өздеріңіз білетіндей, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары қуғын-сүргіннің бас идеологы және ұйымдастырушысы И. Сталин қайтыс болғаннан кейін, «Хрущевтік жылымық» деп аталатын жылдары басталды. Л. Брежнев билікке келгеннен кейін ақтау процесі жабылды. Ақтау процесі қайта құру жылдарында қайта жанданды. Мен оны саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың «Горбачевтік-Яковлевтік» кезеңі деп атаймын. Ақтаудың бірінші және екінші кезеңдері Кеңес Одағы кезінде, коммунистік партия басшылығы уақытында жүргізілді. Сондықтан, әрине, олар партияның өз халқына қарсы жасаған барлық қылмыстарын аша алмады. Ақтау тәсілдері жартылай болып, «жоғарыдан» жүргізілді: ақтау керек деп саналған адамдар ақталды.

Мұнда орыс халқының көрнекті ұлы, нағыз патриот және демократ, КОКП Орталық комитетінің бұрынғы хатшысы Александр Яковлевтің рөлі туралы айту керек. Бұл оның бастамасымен, барлық қарсылықтарды жеңе отырып, бүкіл Кеңес Одағында жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі басталды. Кеңес империясы ыдырағаннан кейін ол Ресей Федерациясындағы арнайы комиссияны басқарды. Оның бастамасымен Президент Б. Ельцин 1990 жылдары Ресейдегі қуғын-сүргін құрбандарының көптеген санаттарын ақтады. Мысалы, Президент Ельциннің Жарлықтарымен саяси қуғын – сүргіннің құрбаны болған ресейлік діни қызметкерлер, әскери тұтқындар және қуғын-сүргін құрбандарының басқа да санаттары ақталды. Біз қазір қана бұл жұмысқа кешенді түрде кірісіп жатырмыз. Александр Николаевич Яковлев Ресейді демократиялық және прогрессивті мемлекетке айналдырғысы келді, ол КСРО МҚК – нің (КГБ) "Желтоқсан-86" - дан кейін Қазақстанның зиялы қауымы мен саяси элитасын жаппай қуғын-сүргінге ұшырату туралы ұсынысына қарсы шыққандардың бірі болды.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін, 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңды іске асыру шеңберінде прокуратура органдары, ҰҚК, ІІМ және соттар тарапынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша айтарлықтай ауқымды жұмыс жүргізілді. Алаяқтық және бұрмаланған айыптар бойынша сотталғандарға қатысты үкімдердің күші жойылды немесе қылмыстық істер қайта қаралды. Яғни, процессуальды құжаттары ресімделгендер заңды түрде ақталды. Алайда, заңды Тәуелсіздігіміздің екінші жылының басында көбінесе бұрынғы коммунистерден тұрған Жоғарғы Кеңес қабылдады. Ол негізінен Ресей заңына ұқсас етіп қайта жазылды. Нәтижесінде Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін құрбандарының ең үлкен санаттары қамтылмады.

Зерттеушілер мен журналистер қайта-қайта қалам тартатын 1937-1938 жылдардағы Үлкен террор, яғни зиялы қауым мен танымал адамдарға қарсы қуғын-сүргін бүкіл Кеңес Одағында жүргізілді. Сол жылдары барлық одақтас республикалар, бұрынғы кеңестік

тоталитарлық империяның барлық халықтары бірдей зардап шекті. Қазақстан мен қазақстандықтар да Үлкен террорға ілікті.

Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін ең үлкен қасірет пен ең үлкен террор 1928-1932 жылдардағы саяси науқандар болды. Саяси-экономикалық науқандар біздің ауылдарымыз бен селоларда қазақстандықтарды жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыратып, қазақ халқының жартысының қырылуына әкелді. Көптеген адамдар осы уақытқа дейін қазақтардың жартысы тек ашаршылықтан өлді деп санайды. Большевик-сталиндік билік түрлі авантюралық және халыққа қарсы науқандарды (эксперименттерді) күштеп жүзеге асырған кезде, халық көтерілістерін жаншу кезінде, Қазақстаннан және тұрғылықты жерлерінен қуып шығару және басқа да жазалау әрекеттері барысында көптеген қазақстандықтар сотсыз және тергеусіз атылды. Біз олардың санын бірінші рет анықтауға тырысамыз.

Сталин мақұлдап, арнайы қабылдаған, содан кейін Ф. Голощекин мен оның командасы дәйекті және қатаң түрде жүзеге асырған «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасы қазақстандықтарға, олардың отбасы мүшелеріне, қарттар мен жас балаларға қатысты бұрын-соңды болмаған қатыгез және адамгершілікке жатпайтын қуғын-сүргінді жүргізу үшін саяси және идеологиялық негіз болды. Алайда, жоғарыда аталған Заңды қабылдағанға дейін қазақ ауылдары мен селоларының осы бір қасіреті зерттелмеді және назарға алынбады, республикамызда орын алған басқа да айырмашылықтар мен ерекшеліктер ескерілмеді.

Егер бұл жолы біз осы халыққа қарсы акцияларды өткізудің ерекшеліктерін жан-жақты және объективті түрде зерттеп, әлеуметтік зардаптары мен құрбандар ауқымын анықтасақ, онда большевиктік-сталиндік биліктің кінәсінен қазақ халқының жартысының қырылуына әкеп соқтырған объективті себептерді Қазақстанда да, басқа елдерде де айқын көрсетіп, дәлелдейтін боламыз. Сонда біз халқымыздың басынан кешкен осы қасіретін халықаралық бағалау мәселесін сенімді және дәлелді түрде қоя аламыз. Сондықтан, Президент Қ.К. Тоқаев Жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссия 10 жұмыс тобының 5-і негізінен шаруаларға қатысты саяси қуғын-сүргінді зерттейді деп шешті.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша екі комиссия болды. Бірінші комиссия Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1991 жылғы 14 қарашадағы қаулысымен құрылды. Комиссияның мақсаты ҚазОАК пен КАССР ХКК-нің байлар шаруашылығын тәркілеу туралы, ірі және жартылай феодал байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы іс-қимыл үшін қылмыстық жауапкершілік туралы, ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және бай-кулактарға қарсы күрес туралы үш қаулысын зерделеу және бағалау болды. Мен осы комиссияның хатшысы және мүшесі болдым.

Халық депутаты, академик М. Қозыбаев бастаған бұл комиссия елеулі қорытындыға келді, Қазақ Өлкелік комитеті, ҚазОАК және КАССР ХКК қаулыларына объективті баға беріп, оларды жаппай саяси қуғын-сүргінге әкелген және халыққа қарсы деп таныды. Алайда, аталған мәселе Жоғарғы Кеңестің отырысы мен талқылауына шығарылмады, ал іс Президиум қаулысын қабылдаумен шектелді. Комиссияның қорытындылары мен шешімдері толыққанды іске асырылған жоқ. Саяси қуғын-сүргін бойынша архив құжаттары жабылды, олар тек таңдаулыларға ғана қол жетімді болды.

Мен комиссия мүшесі ретінде бұл актілерді қабылданған сәттен бастап жарамсыз деп тану туралы ұсыныстар енгіздім, содан кейін билік органдарының барлық әрекеттері мен құқық қолдану практикасы заңсыз деп танылатын еді. Ал құрбандар сол кезде де ақталды деп саналатын еді. Менің ұсыныстарым және осы бағыттағы басқа да мамандардың ұсыныстарын Президиум қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша дайындалып жатқан заңға енгізілетінін алға тартып, қабылдамады. Алайда, бұл да орындалмады.

Депутат ретінде менің бастамам бойынша екінші комиссия 1997 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен, Парламентті жаңа астана – Ақмолаға көшіру қарсаңында құрылды. Ия, бұл жерде мені мәселенің бастамашысы ретінде комиссия төрағасы етіп сайлады. Біз жоспарланған жұмысты бастадық. Комиссия отаршылықтың зардаптарын жою, зардап шеккен халықтың құқықтарын қалпына келтіру мәселелері бойынша халықаралық актілер мен стандарттарға сүйене отырып, Қазақстанға қатысты қуғын-сүргін сипатындағы патшалық пен тоталитарлық-коммунистік режим қабылдаған негізгі акциялар мен актілерге талдау жасау және саяси-құқықтық баға беру міндетін алдына қойды.

Комиссия сарапшылары зардап шеккендердің әртүрлі санаттары мен қуғын-сүргін түрлерін анықтап, Қазақстан аумағындағы қуғын-сүргін ерекшеліктерін белгіледі. Бірақ мен Парламент депутаттарының келесі құрамына кірмегеніме байланысты комиссия жұмысын тоқтатты. Келесі депутаттық құрамда негізгі жұмысын комиссияның күрделі жұмысымен үйлестіре отырып, демалыс есебінен, өз уақыты мен денсаулығын аямай бұл жүкті өз мойнына алатын басқа альтруист болмады.

1920-1950 жылдардағы көптеген ведомстволық архив құжаттарында әлі күнге дейін құпиялылық белгісі сақталып, көптеген зерттеушілерге қол жетімді емес болды. Бұл мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшыларының тиімді жұмысына кедергі келтіретін проблемалардың бірі болды. Бірақ, Бас прокуратура, ҰҚК, ПМ басшылығымен жұмыс барысында біз осы мәселелерді шешудің жолдарын таптық. Жоғарыда аталған органдар өздерінің архивтерінде сақталған құпия қорлар мен саяси қуғын-сүргін материалдарын құпиясыздандыру процесін бастады.

Айта кету керек, Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік жариялағаннан кейін ресми түрде саяси қуғын-сүргін материалдары Мемлекеттік құпиялар мен құпияға жатқызылмаған, өйткені біздің ел Кеңестер Одағының құқықтық мұрагері болып табылмайды және сталиндік режимнің қарапайым халыққа қарсы қылмыстары үшін жауап бере алмайды. Сонымен қатар, «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңының 17-бабында «саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін, оның ішінде архивтегі» материалдар құпияландыруға жатпайтыны нақты көрсетілген. Сонымен қатар, олардың құпияланғанына 80-100 жыл болды, ол деректерде мемлекеттік құпиялар мен қауіп жоқ.

Бірақ, өкінішке орай, олар әлі күнге дейін құпия ретінде сақталуда. Тіпті, «құпия» және «өте құпия» құжаттарға (екінші нөмерлі форма) ресми рұқсаты бар мемлекеттік комиссия мүшелері мен жұмыс топтары үшін арнайы зерттеу тәртібі қарастырылған. Ғалымдар осы мәселенің зерттеу жұмысының сапасына әсер ететіндігін айтып шағымданады. Өйткені, ғалымдар жазбаларды архивтерден алады. ҰҚК мен ел Бас прокуратура басшылығы олардың жанында тұрақты жұмыс істейтін комиссияларға (ПДК) құпиясыздандыру жөніндегі жұмысты жеделдетуге нұсқау бергені көңілімізге сенім ұялатады. Менің ойымша, парадоксалды жағдай қалыптасты: Қазақстанда құпиясыздандырылмаған актілер мен құжаттарды құпиясыздандыру қажет. Иә, тағы бір парадокс: 1990-2000 жылдары Ведомствоаралық комиссиялар тарапынан құпиясыздандырылған саяси қуғын-сүргін құжаттары әлі күнге дейін құпия ретінде сақталуда, өйткені оларды құпиясыздандыру туралы хаттама бөлек құпия болып табылады. Бұл жағдайды қалай түсіндіруге болады?

Біздің қоғам сталинизмнің заңсыздығын дұрыс қабылдауға дайын емес, репрессияға ұшырағандардың ұрпақтары жанжалдасады, қоғамда жанжалдар пайда болуы ықтимал деген себептермен зерттеушілерге жоғарыда айтылған архив құжаттары толық қолжетімді болмай отыр. Шындығын айтқанда, осы айтылған себептер шындыққа жанаспайды.

1993 жылғы 14 сәуірдегі заңның кемшіліктерінің бірі-Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін күресушілер туралы бірде-бір сөз жоқ. Әлемдік тәжірибе, жазылмаған заң бар: жаңадан құрылған мемлекет тәуелсіздік алғаннан кейін, ең алдымен, өз халқының мүдделерін қорғап, күрескен, қаза тапқан, зардап шеккендерге құрмет көрсетеді, олардың ерліктері мемлекеттік құндылық ретінде танылады. Қазақстанда бұл мәселе бойынша бірде-бір арнайы акт қабылданған жоқ.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін біз «Қаһармандар» қоғамдық қорын құрдық, оның міндеті осы жоғарыда айтылған мәселе. Қорда біз оларды толық саяси ақтау және Отанымыздың атынан олардың ерліктері мен батырлық істерін мәңгілікке қалдыру үшін арнайы тұжырымдама әзірледік. **Бұл нағыз Қаһармандар!** Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін қазақтар ғана күрескен жоқ. Орыс, украин, еврей, өзбек, қырғыз, татар және басқа халықтардың мыңдаған, тіпті он мыңдаған өкілдері, тіпті басқа мемлекеттердің азаматтары біреулері қолына қару алып, біреулері идеологиялық майданда, ал енді біреулері ғылымда Қазақстан мен қазақ халқының мүдделерін қорғады. Біз олардың ерліктерін де, интернационализмді де еліміздің ұлттық қазынасы ретінде мойындауымыз керек, оларды көпұлтты халқымыздың жадында мәңгі сақтауымыз керек. Олар тәуелсіз Қазақстанның ұлттық батырлары мәртебесіне лайық. Ресейден үйрену керек, олар өз отан

қорғаушыларын қалай құрметтейді, Ресейдің мүдделері үшін қаза тапқан және көзі тірі күрескерлерді қалай бағалайды.

Зорлық-зомбылықпен және заңсыз басып алынған билікті ұстап тұру және халыққа қарсы жоспарларын жазалау және қуғын-сүргін шараларымен кедергісіз жүргізу үшін большевик-сталиндік тәртіп барлық наразылық күштерін, барлық қарсыластарын аяусыз басып жаншыды. Сондықтан сталиндік тәртіп халықты әр түрлі белгілері бойынша: таптық, діни, ұлттық, әлеуметтік, мүліктік және т.б. түрлі санаттарға бөлді. Бұл өлшемдер қуғын-сүргінге негіз болды, Большевиктердің алғашқы популистік ұрандары, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін және 1920 жылдардың басында, олар қарапайым халықтың санасын шебер басқара отырып, жұмысшылар мен шаруаларды байлар мен кулактарға, помещиктерге қарсы қойғаны жүзеге аспады. Халық қарсы болды, ашуланды, наразылық білдірді және саяси бас көтерулер мен көтерілістерге шықты. Сталин иезуиттердің опасыз тактикасын – халықтық наразылықтарды басу идеологиясын ұсынуға мәжбүр болды: болжам бойынша, социализмге қарай таптық күрес күшейе түседі, сәйкесінше оның саяси тәртібіне қарсы шыққандарға қарсы жазалау және қуғын-сүргін шаралары күшейтілуі керек.

Сондықтан большевиктердің саясатына қарсы шыққан, сынға алған және қарсы болған барлық адамдарға, тіпті қарапайым адамдарға да «халық жауы», «контрреволюционер», «буржуазиялық ұлтшыл», «тыңшы», «диверсан», «ұлттық жалтарушы», «банданың мүшесі», «Отан сатқындар» отбасының мүшесі немесе «халық жауы отбасының мүшесі», тіпті «ұлттық фашист» және басқа да қорқынышты айыптаулар таңылды. Саяси күрес пен интригада қарапайым, тәжірибесіз адамдар арнайы құрылған идеологиялық насихатқа сенді. «Әлеуметтік қауіпті элементтер» деп танылған адамдар атылды, қоғамнан оқшауландырылды немесе жер аударылды. Осы мақсаттарды орындау үшін арнайы құрылған жазалаушы және соттан тыс органдарға оларды халықтың жауы, сатқындар, қарақшылар және т.б. ретінде қуғын-сүргінге ұшырату туралы қатаң нұсқаулар берілді. Маршал Г. Жуков Сталин жасаған репрессиялық машинаны дәл, нақты сипаттаған еді: «Они, засучив рукава, с топором в руках рубили головы... Как скот, по списку гнали на бойню: быков столько-то, коров столько-то, овец столько-то ... если бы народ только знал, что у них с пальцев капает невинная кровь, то встречал бы их не аплодисментами, а камнями».

Толық емес мәліметтер бойынша, саяси себептермен И. Сталин 44 мың адамды, В.Молотов – 43569 адамды, А. Жданов – 20985 адамды, Л. Каганович – 19110 адамды, К. Ворошилов – 18474 адамды және т.б. ату жазасына кесуге қол қойған. Бұл тек ату жазасына іліккендердің тізімі ғана! Кеңестер Одағы бойынша осы жазалаушылар қаншама жүз мыңдаған, миллиондаған жазықсыз адамдардың өмірін қиды. Олардың билік еткен жылдарындағы құрбандар саны әлі күнге дейін анықталмауда. Н. Хрущевтің жазбасында КСРО Бас прокуроры Р.Руденконың бір процессуальды рәсімделген істі қарауға орта есеппен бір минутқа дейін уақыт кеткені туралы дерек бар. Ал, Қазақстанда ешқандай сотсыз және тергеусіз қаншама адамның жазықсыз атылғанын біз анықтауымыз керек. Ол үшін тек архивтерде ғана емес, әсіресе аймақтарда, жаппай саяси қуғын-сүргін, халық наразылықтары мен көтерілістерін басу, шекарада мәжбүрлі босқындарды ату және өзге де тақырыптарды зерттеу үшін куәгерлер мен ұрпақтарынан сауалнама жүргізу үшін ауқымды, іргелі ғылыми зерттеу, ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу қажет.

Олар не үшін айыпталды, олардың нақты кінәсі неде?-деген де сауалдар заңды түрде туындайды. Орынды сұрақ! Мен бәріне түсінікті болу үшін қарапайым тілмен жеткіземін. Жер иелері, байлар, кулактар, саудагерлер, аukatты алапсатарлар мен қолөнершілерді үлкен меншік жинады деп айыптады. Көшпелі қазақтарда негізінен төрт түлік мал, киіз үйлер және кейбір құрылыстар болған. Жиған байлық адамдардың ондаған жылдар бойы өз еңбегімен, отбасы мүшелерінің, туыстары мен ауылдарының маңдай терімен тапқан дәулеті еді.

Қуғын-сүргін құрбандары бай отбасында туып-өскен, өз дініне сенген, хандардың, сұлтандардың ұрпақтары болған, патша билігі кезінде болыс билеушілері, ишандар, молдалар, поптар және т.б. қызмет жасағаны үшін айыпталды. Олар сондай - ақ өздерінің қолдарында қалған ең соңғы меншігі мен отбасы мүдделерін қорғап, наразылықтар мен халықтық көтерілістер жасап, мүлікті күшпен тәркілеуге, зорлық-зомбылықпен ұжымдастыруға, ет пен астықты тонауға, оның отбасы мен жалпы халықтың өмірі мен тіршілік етуіне қауіп төндірген

большевиктердің халыққа қарсы жорықтарына қарсы болғаны үшін айыпталды. Елдегі барлық ақсүйектер, барлық беделді тұлғалар айыпталды. Ауылдарды «әлеуметтік қауіпті элементтерден», яғни сауатты және ықпалды тұлғалардан толығымен тазарту міндеті қойылды. Большевиктердің саясатымен келіспейтін саяси партиялар, азаматтардың қоғамдық бірлестіктері, саяси және шығармашылық қайраткерлер қуғын-сүргінге түгелдей ұшырады. Қазақстан дамуының озық еуропалық стандарттарға сәйкес келетін баламалы, өркениетті жолын ұсынған көшбасшыларды, яғни «Алаш» қозғалысы мен партиясының, Алаш-Орда үкіметінің мүшелерін большевик-коммунистер өздерінің бірінші жауы ретінде санады.

Айта кету керек, қазан айындағы билікті күшпен басып алғаннан кейін (1917 жылғы төңкеріс) большевиктер мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді. Мемлекет «Қызыл террор» деп аталған, өз қарсыластарына қатысты саяси қуғын-сүргінді жүйелі түрде жүргізді. Олар әдемі ұрандармен манипуляция жасай отырып, қарапайым халықтың саяси сауатсыздығын пайдаланып, өздерінің іс-әрекеттері мен жаппай қуғын-сүргін шараларын идеологиялық және насихаттық тұрғыда негіздеді. Большевиктік-сталиндік биліктің жұмысшылар мен жарқын болашақтың мүддесі үшін «жасап жатқан» шаралары жекелеген тұлғаларды ғана емес, сонымен бірге халықтың барлық топтарын жойып, қудалады.

Саяси қуғын-сүргін большевиктік-коммунистік тоталитарлық режимнің табиғатына имманентті түрде тән болды.

Сондықтан, жалпы алғанда, большевиктік-сталиндік кезеңдегі тергеу және сот істері бойынша әділеттілікті, заңдылықты сақтау және қалыпты сот төрелігін жүзеге асыру туралы айту мүмкін емес. Сол кезеңдегі құқық қолдану практикасы осы ұғымдардан тыс болды. Содан кейін олар «революциялық заңдылық», «тап жауы», «әлеуметтік қауіпті элемент» және т.б. сияқты ұғымдарды басшылыққа алды, олар қиянат пен қуғын-сүргін үшін идеологиялық және саяси негіз болды.

Бұл істер бойынша кінәні әділ анықтау, яғни қылмыстың құрамын объективті анықтау, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, тергеушілер мен судьялардың кінәсі бар-жоғы туралы мәселені анықтау мақсаттары қойылмаған. Олардың алдына тек қана саяси мақсат қойылып, жүзеге асырылды. Яғни, «кінәлі» деп танылған адам кез-келген жолмен атылуы немесе түрлі жазамен сотталуы керек болды. Адам атылмаған жағдайда, қоғамнан оқшаулануы керек еді. **Сондықтан тергеушілерге, прокурорлар мен судьяларға өздері айналысқан істер бойынша бұрмалауға, жалған айып тағуға және азаптауға рұқсат етілді.**

Материалдарды жинаудан, қылмыстық және әкімшілік істерді, жедел іс жүргізу істерін қозғаудан бастап, фактілер мен материалдарды бұрмалау жазалаушы органдардың басты қағидаты болды. Сондықтан, тергеу және сот істерінің көпшілігі бойынша материалдар, бағалаулар мен қорытындылар бұрмаланған және жарамсыз. Бұл бұрмалауларды объективті бағалау үшін бізге білікті сарапшылар қажет.

Сталиндік жазалаушы органдардың қатыгездіктерінің салдары әлі күнге дейін лайықты адамдардың – біздің әкелеріміз бен аталарымыздың адал есімін нұсқан келтіруде. Біз ОГПУ-МГБ-НМ-КГБ, милиция органдарының, белгілі және аз танымал саяси, қоғам қайраткерлерінің, олардың көпшілігі жүйелі түрде ұрып-соғу мен қорқыту, психикалық бопсалау, күрделі азаптау, ес-түссіз күйге келтіру нәтижесінде болған «хабарлау» (өзін-өзі айту, басқалардың ескертуі) фактілерін зерттейміз. Олар жалған құжаттарға қол қоюға мәжбүр болды, ал осы «мәлімдемелер» мен «айыптаулардың» нақты авторлары осы арнайы қызметтердің жазалаушыларының өздері болды. Сондықтан мен мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде оларды қуғын-сүргін құрбандары деп тану, оларды ақтау, адамгершілікке жатпайтын сталиндік қуғын-сүргін машинасының құрбаны болған осы бақытсыз адамдардың есімдеріне күйе жақпау туралы ұсыныстар енгіздім. Сонда бұл адамдардың ұрпақтары әкелері мен аталары үшін ұялмайтын болады.

Мемлекеттік комиссия жұмыстың бастапқы кезеңінде алдына қойған мақсаттарға қол жеткізді. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлығын ақтау туралы мәселе қою үшін жан-жақты және объективті зерттеуге жататын қуғын-сүргін құрбандарының 10 негізгі санаты белгіленді. Мемлекеттік комиссия осы 10 жұмыс тобының құрамын таңдап, бекітті. Кәсіби ғалымдардың жетіспеушілігі де қиындық тудырды. Мемкомиссия ғылыми негізделген өзіндік, қазақстандық әдіснаманы – құрбандар мен зардап шеккендерді зерттеу мен ақтаудың өзіндік қағидаттары мен өлшемдерін әзірледі.

Біз проблеманы да, жеке фактілерді де қаншалықты қайғылы болса да саясаттандырмаймыз. Біз басқа халықтар мен басқа мемлекеттерді кінәламаймыз. Біздің басты мақсатымыз – жазықсыз қуғын-сүргін құрбандарын ақтау.

Біз ғалымдарға, сарапшыларға құпия архивтерге қол жеткізуді қамтамасыз еттік. Республикалық маңызы бар барлық облыстар мен қалаларда жаңа фактілер мен материалдарды іздеу және талдау үшін өңірлік комиссиялар құрылды. Олардың жұмысы және тақырыптық бағыттар бойынша жұмыс топтарын ұйымдастыру, жергілікті жерлерде деректерді іздеу мен зерттеуді ұйымдастыру үшін нақты жадынама-нұсқаулық пен әдістеме әзірленді.

Сондықтан, тұтастай алғанда, біріншіден, біз ғалымдарды, сарапшыларды, мемлекеттік қызметшілерді, өлкетанушылар мен энтузиастарды Президенттің қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси ақтау жөніндегі Жарлығын толыққанды іске асыру жұмысына біріктіре алдық. Екіншіден, барлық деңгейлерде бірыңғай тәсіл мен бірыңғай мемлекеттік әдіснаманы тұжырымдалды. Үшіншіден, орталықта да, жерде де шенеуніктердің қарсылығын, түсінбеушілігін және күмәнін біртіндеп жеңе алдық.

Мемлекеттік комиссияның бірегей ресурсы жинақталған: 425 ғалым-сарапшы, олардың көпшілігіне мемлекеттік және ведомстволық архивтердің құпия қорларында жұмыс істеу құқығы берілген. Бұл біздің еліміздің тарихында алғаш рет мүмкін болды және болашақта ғылыми еңбектерде, диссертацияларда, монографияларда және публицистикалық жұмыстарда өз жемісін беретіні сөзсіз.

Ғалымдар мен зерттеушілердің айтуынша, мемлекеттік комиссияның талабы арқасында Қазақстанда архивтік революция басталды: мемлекеттік деңгейде архивтердің жай-күйі, оларды тиісті халықаралық стандарттарға сай үй-жайлармен және кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдардан арнайы қорлар құрылуда, жабық кеңестік архивтерге түгендеу жүргізілді, цифрландыру және саяси қуғын-сүргін жөніндегі құжаттаманы құпиясыздандыруды жеделдету және т.б. ауықмды жұмыстар басталды.

Жобалық кеңсе Мемкомиссияның жұмыс топтарымен, өңірлік комиссиялардың жұмыс топтарымен жүйелі түрде әдістемелік кеңестер, семинарлар өткізеді, міндеттерді түсіндіру үшін ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады. Сонымен қатар, жұмыс барысында туындаған өзекті мәселелер бойынша кеңестер өткізеді. Әрине, біз мемлекеттік комиссияның жұмыс топтарынан жаңа фактілерді, қуғын-сүргін құрбандарының жаңа негізделген сандарын, жаңа тұжырымдамалық бағалауларды, жаңа ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстарды күтеміз. Сондай-ақ, біздің ғалымдар еліміздегі болып жатқан өзгерістер мен соңғы кезеңде көзделген нақты реформалар аясында Мемлекет басшысының Жарлығын іске асыруға жауапкершілікпен қарайды. Біз бәріміз бірге мемлекеттік комиссияның алдында тұрған міндеттерді толық іске асыруға қол жеткіземіз деп сенеміз.

Әдеттегідей, мен айтамын: жол қиын, кедір-бұдыры көп, кейде еңсеру де күрделі болады. Бірақ біздің мемлекеттік комиссия қызметінің негізін қалаған моральдық және адамгершілік ресурстар, сондай-ақ ата-бабаларымыз алдындағы парызымыз бізге осы қиындықтарды еңсеруге көмектеседі.

Сабыр Қасымов
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын
толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның
жобалық офисінің басшысы, бас редактор

**РЕДАКТОР СӨЗІ
СЛОВО РЕДАКТОРА
EDITOR'S WORD**

От редакции

Уважаемые читатели!

Перед Вами очередной номер Республиканского научного журнала «Ұлт жады» (National memory / Национальная память), который издает материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (далее – Госкомиссия).

Сегодня в своем слове я хотел бы обратить внимание на исторические предпосылки и необходимость деколонизации сознания, в том числе десталинизации и декоммунизации гуманитарных наук, а также необходимости проведения большой работы по восстановлению исторической справедливости в отношении жертв политических репрессий в Казахстане.

Президент К.К. Токаев с первых своих выступлений объявил о проведении либеральных реформ, о реализации принципа «слышащего государства» и восстановлении исторической справедливости. Поэтому принятие Указа Президента от 24 ноября 2020 г. о создании Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий стало следующим закономерным этапом в рамках этого курса.

Как известно, работа по реабилитации жертв политических репрессий началась после смерти главного идеолога и организатора этих репрессий И. Сталина, в годы так называемой «хрущевской оттепели». После прихода Л. Брежнева к власти, процесс реабилитации закрылся. Процесс реабилитации возобновился уже в годы перестройки. Я его называю «горбачевско-яковлевским» этапом реабилитации жертв политических репрессий. И первый, и второй этапы реабилитации проводились при Советском Союзе, при политическом руководстве в стране Коммунистической партии. Поэтому, естественно, они не могли раскрыть все преступления этой партии против своего народа. Реабилитационные подходы были половинчатыми, проводились «сверху»: кого считали нужным реабилитировать – тех и реабилитировали.

Здесь необходимо сказать о роли выдающегося сына русского народа, настоящего патриота и демократа, бывшего секретаря ЦК КПСС А. Яковлева. Это по его инициативе, преодолевая всевозможное сопротивление, начался процесс реабилитации жертв массовых политических репрессий по всему Советскому Союзу. И после распада советской империи он возглавил специальную комиссию в Российской Федерации. По его инициативе Президент Б. Ельцин еще 1990-х гг. реабилитировал многие категории жертв репрессий в России. Например, Указами Президента Б. Ельцина были реабилитированы россияне, ставшие жертвами политических репрессий – представители духовенства, военнопленные и ряд других категорий жертв репрессий. Мы же только сейчас комплексно приступаем к этой работе. Александр Яковлев искренне хотел сделать Россию демократическим и прогрессивным государством, он был одним из немногих, кто выступил против предложения КГБ СССР подвергнуть массовым репрессиям интеллигенцию и политическую элиту Казахстана после «Желтоксана-86».

После обретения независимости в Казахстане, в рамках реализации закона от 14 апреля 1993 г. «О реабилитации жертв массовых политических репрессий», органами прокуратуры, КНБ, МВД и судами была проведена достаточно большая работа по реабилитации жертв политических репрессий. Были отменены приговоры или пересмотрены уголовные дела на огульно осужденных по надуманным и сфальсифицированным обвинениям. То есть, были юридически реабилитированы те, на кого оформлялись процессуальные документы. Но закон был принят в начале второго года нашей независимости Верховным Советом, в большинстве своем, состоящим из бывших коммунистов. Он был, в основном, переписан с аналогичного российского закона. В него не попали самые большие категории жертв политических репрессий, которые имели место в Казахстане.

Большой террор 1937-1938 гг. – репрессии в отношении интеллигенции и известных людей, о которых любят писать исследователи и журналисты, проводился по всему Советскому Союзу, здесь одинаково страдали все союзные республики, все народы бывшей советской тоталитарной империи. Казахстан и казахстанцы здесь не исключение.

Для Казахстана, для казахского народа самой большой трагедией и самым большим террором явились политические кампании 1928-1932 гг., сопровождавшиеся массовыми политическими репрессиями казахстанцев в наших аулах и селах, приведшие к гибели половины казахского народа. Многие до сих пор считают, что половина казахов тогда погибла только от голода. Большое количество казахстанцев были убиты и погибли при насильственной реализации большевистско-сталинской властью различных авантюрных и антинародных кампаний (экспериментов), сопровождаемых расстрелами без суда и следствия в ходе подавление народных восстаний, изгнанием из Казахстана и мест проживания и другими карательными акциями. Мы впервые пытаемся установить их число.

Специально принятая, одобренная Сталиным, затем, последовательно и жестоко реализованная Ф. Голощекиным и его командой программа «Малый октябрь в Казахстане» явилась политической и идеологической основой для беспрецедентно жестоких и бесчеловечных репрессий в отношении казахстанцев, членов их семей, стариков и малолетних детей. Однако, перед принятием названного выше закона, эта трагедия казахского аула и села не изучалась и не принималась во внимание, не учитывались другие особенности и специфика, имевшие место в нашей Республике.

Если на этот раз мы доведем до конца, всесторонне и объективно исследуем специфику проведения этих антинародных акций, установим, к каким социальным последствиям и людским жертвам они приводили, то наглядно покажем и докажем всем и в Казахстане, и другим странам объективные причины, приведшие к гибели половины казахского народа по вине большевистско-сталинской власти. Тогда можем уверенно и доказательно ставить вопрос о международной оценке этой трагедии нашего народа. Поэтому Госкомиссия, созданная Указом Президента К.К. Токаева, приняла решение, что 5 из 10 рабочих групп изучает, в основном, политические репрессии в отношении крестьянства.

В Казахстане были две комиссии по реабилитации жертв политических репрессий. Первая комиссия была создана Постановлением Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 14 ноября 1991 г. Целью комиссии было изучение и оценка трех постановлений КазЦИК и СНК КАССР о конфискации байских хозяйств, об уголовной ответственности за противодействие конфискации и выселению крупнейшего и полуфеодалного байства, об укреплении социалистического переустройства сельского хозяйства и борьбе с кулачеством и байством. Я был секретарем и членом этой комиссии.

Данная комиссия во главе с народным депутатом, академиком М. Козыбаевым пришла к серьезным выводам, дала объективную оценку постановлениям Казкрайкома, КазЦИК и СНК КАССР, признала их антинародными и приведшими к массовым политическим репрессиям. Но рассмотрение данного вопроса не было вынесено на заседание и обсуждение Верховного Совета, а дело ограничилось лишь принятием Постановления его Президиума. Выводы и решения комиссии не нашли полноценной реализации. Архивы по политическим репрессиям закрылись, они были доступны только избранным.

Я, как член комиссии, вносил предложения о признании этих актов недействительными с момента их принятия, тогда все действия органов власти и правоприменительная практика признавались незаконными, а жертвы от их реализации считались бы уже тогда реабилитированными. Мои предложения и предложения других специалистов в этом направлении Президиум отклонил, мотивируя тем, что реабилитация жертв репрессий будет включена в готовящийся закон. Однако этого тоже не было сделано.

Вторая комиссия по моей инициативе, как депутата, была создана постановлением Сената Парламента Республики Казахстан 8 декабря 1997 г., накануне передислокации Парламента в новую столицу – Акмолу. Да, здесь меня, как инициатора проблемы, избрали Председателем комиссии. Мы развернули плановую работу. Комиссия, основываясь на международных актах и стандартах по проблемам ликвидации последствий колониализма, восстановление прав пострадавшего населения, ставила задачу проанализировать и дать политико-правовую оценку основным акциям и актам, принятым царизмом и тоталитарно-коммунистическим режимом,

носящим репрессивный характер в отношении Казахстана. Эксперты комиссии выявляли различные категории жертв и виды репрессий, устанавливали особенности репрессий на территории Казахстана. Но, в связи с тем, что я не попал в следующий состав депутатов Парламента, комиссия прекратила работу. В последующих депутатских составах другого альтруиста, который бы, совмещая основную работу со сложной работой Комиссии, за счет отпусков, не жалея своего времени и здоровья, взял на себя этот груз, не оказалось.

Многие документы ведомственных архивов 1920-1950-х гг. все еще сохраняют гриф секретности, и доступ к ним закрыт для большинства исследователей. Это была и есть одна из проблем, препятствующих эффективной работе ученых и экспертов Госкомиссии. Но, в ходе нашей работы с руководством Генеральной Прокуратуры, КНБ, МВД, мы находим пути решения этих вопросов. Вышеперечисленные органы начали процесс рассекречивания секретных фондов и материалов по политическим репрессиям, хранящихся в их архивах.

Следует сказать, что после объявления Казахстаном государственной независимости официально материалы по политическим репрессиям не были отнесены к государственным тайнам и секретам, поскольку наша страна не является правопреемником Советского Союза, и не может нести ответственность за преступления сталинского режима против простого народа. Более того, в статье 17 Закона РК «О государственных секретах» прямо указано, что материалы по «массовым репрессиям по политическим, социальным и другим мотивам, в том числе находящиеся в архивах» не подлежат засекречиванию. К тому же, с момента их засекречивания прошло 80-100 лет, никаких государственных тайн и опасности в них нет.

Но, к сожалению, они до сих пор хранятся как секретные, по ним предусмотрен особый режим изучения, даже для членов Госкомиссии и рабочих групп, у которых имеются официальные допуски к «секретным» и «совершенно секретным» документам (форма № 2). Ученые жалуются, и говорят, что от этого страдает качество их анализа и выводов, поскольку, сделанные ими выписки и записи у них в архивах забирают. Успокаивает то, что руководство КНБ и Генеральной Прокуратуры страны дали указания постоянно действующим при них комиссиям (ПДК) ускорить работу по рассекречиванию.

На мой взгляд, сложилась парадоксальная ситуация: незасекреченные в Казахстане акты и документы необходимо рассекречивать. Да, еще один парадокс: рассекреченные в 1990-2000 гг. межведомственными комиссиями документы по политическим репрессиям до сих пор хранятся, как секретные, поскольку протокол об их рассекречивании отдельно засекречен. Как можно объяснить эту ситуацию?

Отказ в обеспечении доступности для исследователей к этим документам мотивируют тем что, они могут вызвать общественное напряжение и конфликты в обществе, якобы, наше общество не готово правильно воспринимать беззаконие сталинизма, перессорятся потомки репрессированных, которые под пытками карателей органов ОГПУ, НКВД давали обличающие показания друг против друга и т.д. Это надуманные причины, они легко опровергаются.

Одним из недостатков закона от 14 апреля 1993 г. заключается также в том, что там нет ни одного слова о борцах за свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана.

Есть мировая практика, неписаный закон: вновь образованное государство, после обретения независимости, в первую очередь, отдает должное именно тем, кто боролся, погиб, пострадал, защищая интересы своего народа, их подвиги признают государственной ценностью. В Казахстане не принято ни одного специального акта по этому вопросу.

Для восполнения этого пробела, мы создали общественный фонд «Каһармандар», задачей которого является именно на это время. В фонде мы разработали специальную концепцию для их полной политической реабилитации и увековечиванию их героизма и подвигов во имя нашего Отечества. **Это настоящие Каһарманы!**

Следует отметить, что за свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана боролись не только казахи. Не тысячи, а даже десятки тысяч представителей русского, украинского, еврейского, узбекского, кыргызского, татарского и других народов, даже граждане других государств кто с оружием в руках, кто на идеологическом фронте, в науке отстаивали интересы Казахстана и казахского народа. Мы должны признать и их подвиги, и интернационализм национальным достоянием нашей страны, увековечить их в памяти многонационального нашего народа. Поэтому они достойны статуса национальных

героев независимого Казахстана. Надо учиться у России, как они чтут своих защитников отечества, как они ценят погибших и живых борцов за интересы России.

Чтобы удержать насильственно и нелегитимно захваченную власть и беспрепятственно проводить свои антинародные планы карательными и репрессивными акциями, большевистско-сталинский режим жестоко подавлял все протестные силы, всех своих оппонентов. Поэтому сталинский режим делил население на разные категории, по различным признакам: по классовому, религиозному, национальному, социальному, имущественному, сословному и так далее. Эти критерии легли в основу репрессий, пропагандировали, что интересы этих групп антагонистичны и непримиримы с интересами трудящихся, поэтому нужна классовая борьба вплоть до их уничтожения. Первоначальные популистские лозунги большевиков, после октябрьского переворота в 1917 г. и начала 1920-х гг., когда они, умело манипулируя сознанием простого народа, натравливали рабочих и крестьян на помещиков баев, кулаков, уже не срабатывал. Народ был недоволен, возмущался, протестовал и выходил на политические выступления и восстания. Сталин был вынужден выдвинуть иезуитскую коварную тактику – идеологию подавления народных протестов: якобы, по мере движения к социализму классовая борьба будет обостряться, соответственно, должны быть усилены карательные и репрессивные акции против тех, кто выступает против его политического режима.

Поэтому всем несогласным, критикующим и выступающим против политики большевиков огульно приклеивали политические ярлыки: «враг народа», «контрреволюционер», «буржуазный националист», «шпион», «диверсант», «национал-уклонист», «член бандформирования», член семьи «изменников родины» или член семьи «врага народа», даже «национал-фашист» и другие страшные для простых людей выдуманные обвинения. Простые, неискушенные в политической борьбе и интригах, люди верили этой специально выстроенной идеологической пропаганде.

Всех этих людей объявили «социально-опасными элементами», которые подлежали физическому уничтожению, изолированию от общества, или высылке с использованием на принудительных работах под контролем органов. После этого карательным и внесудебным органам, специально созданных для исполнения этих целей, давали жесткие указания подвергать их репрессиям как врагов народа, предателей, бандитов и так далее.

Точнее и лучше, характеризующую созданную Сталиным репрессивную машину, чем маршал Г. Жуков, находившийся внутри процесса репрессии, не скажешь: «Они, засучив рукава, с топором в руках рубили головы... Как скот, по списку гнали на бойню: быков столько-то, коров столько-то, овец столько-то ... если бы народ только знал, что у них с пальцев капает невинная кровь, то встречал бы их не аплодисментами, а камнями».

For a complete and objective rethinking of the consequences of the policy of «Liquidation of the kulaks and baisses as a class», it is necessary to be based on consideration of the entire period from the creation of a theoretical basis for the elimination of exploiting classes to the manifestation of the immediate results of its implementation.

Due to the fact that there is no information about the rehabilitation of many citizens, it may be worthwhile to carry out rehabilitation for these categories not personally, but on the basis of the adoption of a general regulatory act recognizing as inhumane the legal acts and instructions of the

political leadership of the country that served as the basis for the repression of this categories of persons. With the exception of those convicted under articles of the Criminal Code (67, 101, etc.), for which the decision must be made individually.

References

Akhmetova R. D., Abenova G. A., Dautova A. F. Iz istorii likvidatsii bayskikh khozyaystv v Semipalatinskoy Priirtysh'e [From the history of liquidation of Bai households in the Semipalatinsk Priirtyshye] // Alikhan Bokeikhan University newsletter, № 3 (58), 2023 – P. 59–67. [in Russian].

Akisheva Z. L. Konfiskatsiya skota i imushchestva krupnykh baev polufeodalov v Kazakhstane [Confiscation of livestock and property of large baes semi-feudalists in Kazakhstan]. Dis. Ph.D. legal Sci. Alma-Ata - M. 1947. -187 p. [in Russian].

Atabaev K. Klassovaya bor'ba i likvidatsiya kulachestva i baistva kak klassa v Kazakhstane v gody kollektivizatsii, 1929-1934 gg. [Class struggle and the liquidation of the kulaks and baistvo as a class in Kazakhstan during the years of collectivization, 1929-1934.]: dissertation ... candidate of historical sciences: 07.00.02. - Alma-Ata, 1981. - 201 p. [in Russian].

Auanasova A. M. Bai – zhertvy raskulachivaniya [Bais - victims of dekulakization]. – [Electronic resource] - URL: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/33117> (accessed: October 21, 2021). [in Russian].

Bekmagambetova M. Zh., Bekmagambetov R.K., Shakhaman Z.B. O deystvii postanovleniya konfiskatsii bayskikh khozyaystv 1928 g. v Kostanayskoy oblasti po arkhivnym istochnikam [On the implementation of the resolution on the confiscation of Bai households in 1928 in the Kostanay region according to archival sources] // Bulletin of KazNPU, Series "Historical and socio-political sciences". 2017. - №4(55). - P. 163–169. [in Russian].

Brill Olcott M. Kollektivizatsiya v Kazakhstane [Collectivization in Kazakhstan] // Russian review. - 1981. - № 2. - P. 122–142. [in Russian].

Cameron Sarah. Golodnaya step': Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan] / S. Cameron; authorization lane from English A. Tereshchenko. Moscow: New Literary Review, 2020. – 360 p. [in Russian].

Conquest R. Zhatva skorbi. Glavy iz knigi [Harvest of Sorrow. Chapters from the book] // Questions of History. 1990. - № 4. – P. 83–100. [in Russian].

Dakhshleiger G. Sotsial'no-ekonomicheskie preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.) [Socio-Economic Transformations in the Village and Countryside of Kazakhstan (1921-1929)]. - Alma-Ata: Nauka, 1965. – 535 p. [in Russian].

Dakhshleiger G., Nurpeisov K. Istoriya krestyanstva Sovetskogo Kazakhstana [History of Peasantry in Soviet Kazakhstan]. - Alma-Ata: Nauka, 1985, v. 1. - 247 p. [in Russian]. [in Russian].

Kozlov A. P. Raskulachivanie v Kazakhstane: spetsifika, posledstviya (1929–1933 gg.) [Dekulakization in Kazakhstan: Specifics, Consequences (1929–1933)]. Tambov: Gramota, 2014. № 5 (43): in 3 parts. Part I. P. 109–113. [in Russian].

Kozybayev M.K., Aldazhumanov K.S., Abylkhozhin Zh.B. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestyanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. - Alma-Ata: [w.i.p.], 1992. - 36 p. [in Russian].

Kstaubaeva U. A. Likvidatsiya kazakhskogo baistva kak klassa v kontse 20-kh godov XX veka [The Elimination of Kazakh Baihood as a Class in the Late 1920s]. Questions of Historical Science: Materials of the III International Scientific Conference (Moscow, January, 2015). - Moscow: Buki-Vedi, 2015. - 174 p. - P.17-19.). [in Russian].

Likvidatsiya baev i kulakov v Kazakhstane v kontse 1920-kh – nachale 1930-kh gg.: sbornik dokumentov. T. 2 / Sost.: Z.E. Kabul'dinov, M.R. Satenova, A.M. Abikey [The Liquidation of Baevs and Kulaks in Kazakhstan in the late 1920s – early 1930s: Collection of Documents. Vol. 2 / Compiled by: Z.E. Kabul'dinov, M.R. Satenova, A.M. Abikey.]. – Almaty: LLP "Litera-M", 2021. - 548 p. [in Russian].

Omarbekov T. 20–30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 1920s-1930s]. - Almaty: Sanat, 1997. - 320 p. [in Kazakh].

Rakhmetullin E.E., Mamyrbekov A.M., Tokishqadyrov B.B. KhKh ghasyrdynyń 20–30 jyldaryndaǵy Semei ónirinde jýzeghe asyrylǵan tärkilew naýkanı [The process of collectivization

implemented in the Semey region during the 1920s-1930s] // Bulletin of KazNPU named after Abay, series "Historical and socio-political sciences". 2021. – N.4(71). – P. 33–39. [in Kazakh].

Saurykova Zh. S. Iri baylardyń mal-mylkin kәmpeskeleni — halyq qasiretiniń algyshtary (Zhetysu öhiriniń mysalynda) [The liquidation of wealthy people is the aggravation of the people's misfortune (on the example of the Zhetysu region)]. – [Electronic resource] – URL: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/323> (date of access: 28.06.2023). [in Kazakh].

State archive of Pavlodar region. F. 106. Inv. 1. C. 27. Telegram of the Pavlodar district committee of the CPSU (b) to the authorized representatives of the Pavlodar district committee of the CPSU (b) about the eviction of kulak-bai households in the second and third categories. March 9, 1930. P.27.

State archive of Pavlodar region. F. 11. Inv. 2. C. 12. Resolution of the Council of People's Commissars of the KASSR «On measures to streamline the temporary and permanent resettlement of expelled kulak families». April 10, 1930. P.2.

State archive of Pavlodar region. F. 12. Inv. 1. C. 157. Protocols No. 2, 4 meetings of the Pavlodar district commission on dispossession on adding to the list of persons subject to expropriation. September 15, 1928. P.183, 187–190.

State archive of Pavlodar region. F. 8 p. Inv. 1. C. 281. Letters from the Pavlodar district department of the OGPU, the district committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks. P.2, 58.

State archive of Pavlodar region. F.5. Inv. 1. C. 20. On the liquidation of the bais of the Pavlodar region, April 18, 1931. P. 270–271.

State archive of Pavlodar region. Fund 8 p. Inventory 1. Case 61 Message from the executive secretary of the Pavlodar district committee of the Communist Party (Bolsheviks) of Kazakhstan (CP(b)K) to the secretaries of the district committees about rumors about the upcoming confiscation of livestock and property of large farmers with explanations for the population and recommendations for identifying information. August 1, 1928. P.33-34.

Syzdykova A. M., Amanova A. S., Moldakimova A. S. Formirovanie protestnykh nastroyeniy v khode kampanii po likvidatsii baistva i kulachestva v Pavlodarskom Priirtysh'e [Formation of protest moods during the campaign to liquidate the baihood and kulakness in the Pavlodar Priirtyshye] // Otan history - 2022. - №4. - P.111-121. [in Russian].

The State Commission for the complete rehabilitation of victims of political repression has completed its work – [Electronic resource] – URL: <https://www.akorda.kz/ru/gosudarstvennaya-komissiya-po-polnoy-reabilitacii-zhertv-politicheskikh-repressiy-zavershila-svoyu-rabotu-2611356> (date of access: 26.12.2023)

Zhakisheva S.A. Bai – "polufeodaly" v Kazakhstane na rubezhe 20-30-kh gg. [Bais – "Semi-Feudalists" in Kazakhstan at the Turn of the 20s and 30s of the 20th Century]. Historical-Source Analysis of the Problem: Abstract of the Thesis for the Degree of Candidate of Historical Sciences: 07.00.02. - Almaty, 1996. - 24 p. [in Russian].

Zhakisheva S. A. Eliminatsiya bayskikh khozyaystv v Kazakhstane na rubezhe 20-30-kh gg. KhKh v.: novye podkhody, metody i tekhnologii [Elimination of Bai's households in Kazakhstan in the 1920s-1930s: New approaches, methods, and technologies]. Almaty: Kazakh University, 2021. - 222 p. [in Russian].

Zhanbosinova A. S. Likvidatsiya kulachestva kak klassa na materialakh GAVKO [The liquidation of the kulaks as a class based on the materials of GAVKO] // Bulletin of KazNPU named after Abay, series "Historical and socio-political sciences" - 2017. - №1(52). - P.162-168. [in Russian].

Zhubatkhanov K. Iz istorii kollektivizatsiya v Aktyubinskoy oblasti [From the history of collectivization in Aktobe region] // History and Archaeology. №4, 2015. - P. 85–88. [in Russian].

ҒТАХР 03.20.00

ҰЖЫМДАСТЫРУ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЙЫ ҚАЖЫҒАЛИ МАМЕКОВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰЛҒАСЫ

Таңатарова Жамиға Тәжікқызы^{1*}

¹Тарих ғылымдарының докторы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан және дүние жүзі тарихы кафедрасының профессоры, Қазақстан, Атырау қ. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>.

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. *Kіріспе.* Тарих ғылымында орынсыз ұмытылған тұлғалар бар. Қазіргі ғылымда оларға қызығушылық танытамыз. Біз ұмытылып қалған адамдардың өмірін, ісін, бейнесін көрсетуіміз керек. Бай адамдарды зерттеу арқылы біз танымды кеңейтіп, ғылыми пікірталастарға тап боламыз. Тарихи персоналистика оқиға тарихы дәрежесінде болғанмен, оны толығымен жоққа шығара алмаймыз. Ең алдымен, оны ырықсыз құбылыс деп қарады, дамудың жеке заңдылықтары болу керек деп қарамады. Бұл ақаулықтың объективті және субъективті себептері бар және ол тоталитарлық жүйенің салдары болып табылады. Кеңестік кезеңде жеке адамды зерттегенде олардың бәрін емес, таңдап алып отырды. Тарихи таным үдерісінде зерттеуші таным субъектісі болады және таным объектісін – тарихи шындықты зерттеу үшін тарихи дерекке жүгінеді. Яғни, тарихи дерек субъект пен таным объектісі арасындағы жанама бөлігі болып табылады. Мамековтың тұлғасы арқылы қазақ байларының жағдайын білеміз, биліктің оларға қандай қиянат жасағанын түсінеміз. Архив құжаттары негізінде Мамековтың қазақ байы ретіндегі әлеуметтік тұлғасы ашылады. *Мақаланың мақсаты мен міндеттері.* Мақалада тарихи таным үдерісінде қазақ байларының жағдайын Мамековтың тұлғасымен көрсетіледі. Тарихи персоналистика оқиға тарихы дәрежесінде болғанмен, оны толығымен жоққа шығара алмаймыз. Ең алдымен, оны ырықсыз құбылыс деп қарады, дамудың жеке заңдылықтары болу керек деп қарамады. Бұл ақаулықтың объективті және субъективті себептері бар және ол тоталитарлық жүйенің салдары болып табылады. *Материалдар мен әдістер.* Бұл мақаланың негізін құжаттық деректер құрайды. Ең алдымен, Атырау облыстық архивінің материалдары, партия, кеңес қаулылары мен қарарлары, т.б. Мақалада тарихилық, объективизм, тарихи антропология принциптері қолданылды. Зерттеудің негізгі әдістеріне жалпы ғылымдан басқа, салыстырмалы, тарихи-өмірбаяндық, жүйелеу, ретроспективті әдістер жатады. *Нәтижелер.* Кеңес үкіметі қудалаған Қ. Мамековке қамауда физикалық және психикалық тұрғыдан да ауыр болды. Оған жалған жала жабылды. *Қорытынды.* Қ. Мамековтің жеке парағына қарағанда мамандығы бар, ауқатты бай адам болған. Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті президиумының құпия қаулысына сәйкес (14 наурыз 1928 ж.) мұндай байлардың мал-мүлкін тәркілеп, қамап отырған болатын.

Түйін сөздер: Қажғали Мамеков, байлар, тәркілеу, жала жабу, қаулы, қарар.

МРНТИ 03.20.00

СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ КАЗАХСКОГО БАЯ КАЖГАЛИ МАМЕКОВА В ГОДЫ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ

Танатарова Жамиға Тажиковна^{1*}

¹Доктор исторических наук, профессор кафедры истории Казахстана и всемирной истории Атырауского университета им. Х. Досмұхамедова Казахстан, г. Атырау. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>,

*Автор-корреспондент

Аннотация. *Введение.* Есть лица, незаслуженно забытые в исторической науке. Мы заинтересованы в них в современной науке. Нам нужно показать жизнь, творчество и образ людей, о которых забыли. Изучая богатых людей, мы расширяем знания и участвуем в научных дискуссиях. Хотя исторический персонализм находится в степени истории истории,

мы не можем полностью его отрицать. Во-первых, они считали его произвольным явлением, не считали, что должны быть индивидуальные законы развития. Эта проблема имеет объективные и субъективные причины и является следствием тоталитарной системы. В советский период при изучении личности отбирали не всех. В процессе исторического познания исследователь становится субъектом познания и обращается к историческим данным для изучения объекта познания - исторической действительности. То есть исторические данные являются опосредованной частью между субъектом и объектом познания. На примере личности Мамекова мы знаем состояние казахских баев, понимаем, какие злоупотребления им причинила власть. На основе архивных документов раскрывается социальная личность Мамекова как богатого казаха. *Цель и задачи статьи.* В статье показано положение казахских баев в процессе исторического познания через личность Мамекова. Хотя исторический персонализм находится в степени истории события, мы не можем полностью его отрицать. Во-первых, они считали его произвольным явлением, не считали, что должны быть индивидуальные законы развития. Эта проблема имеет объективные и субъективные причины и является следствием тоталитарной системы. *Материалы и методы.* Статья основана на документальных данных. В первую очередь материалы Атырауского областного архива, партийных, советских постановлений и постановлений и др. При написании статьи нами использовались принципы историзма, объективизма и исторического антропологизма. Основными методами исследования, кроме общенаучных, стали историко-сравнительный, историко-биографический, системный, ретроспективный методы. *Результаты.* К. преследовался советской властью. К. Мамеков физически и морально находился в тюрьме. Его ложно оклеветали. *Заключение.* Согласно его личной странице, Мамеков был состоятельным человеком с профессией. Согласно секретному постановлению Президиума ВЦИК (14 марта 1928 г.) имущество таких богатых людей конфисковывалось и заключили в тюрьму.

Ключевые слова: Кажгали Мамеков, баи, конфискация, клевета, указ, постановление.

IRSTI 03.20.00

SOCIAL PORTRAIT OF KAZAKH BAI KAZHGALY MAMEKOV IN THE YEARS OF COLLECTIVIZATION

Tanatarova Zhamiga Tazhikovna^{1*}

¹Doctor of Historical Sciences, Professor of the Chair of History of Kazakhstan and World History of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University. Kazakhstan Atyrau. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>,

* Corresponding author

Abstract. Introduction. There are persons who are inappropriately forgotten in the science of history. We are interested in them in modern science. We need to show the life, work and image of people who have been forgotten. By studying rich people, we expand knowledge and engage in scholarly debate. Although historical personalism is in the degree of story history, we cannot completely deny it. First of all, they considered it an involuntary phenomenon, they did not consider that there should be individual laws of development. This problem has objective and subjective reasons, and it is a consequence of the totalitarian system. During the Soviet period, when studying an individual, they selected not all of them. In the process of historical knowledge, the researcher becomes a subject of knowledge and turns to historical data to study the object of knowledge - historical reality. That is, historical data is an indirect part between the subject and the object of knowledge. Through the person of Mamekov, we know the condition of the rich Kazakhs, we understand what abuses the authorities have inflicted on them. On the basis of archive documents, the social personality of Mamekov as a rich Kazakh is revealed. *The purpose and objectives of the article.* In the article, the situation of the rich Kazakhs in the process of historical knowledge is shown with the person of Mamekov. Although historical personalism is in the degree of story history, we cannot completely deny it. First of all, they considered it an involuntary phenomenon, they did not consider that there should be individual laws of development. This problem has objective and subjective reasons, and it is a consequence of the totalitarian system. *Materials and methods.*

This article is based on documentary data. First of all, materials of the Atyrau regional archive, party, council decisions and resolutions, etc. The article used the principles of historicity, objectivism, and historical anthropology. The main methods of research include comparative, historical-biographical, systematization, and retrospective methods, in addition to general scientific ones. Results. K. persecuted by the Soviet government. Mamekov was physically and mentally in prison. He was falsely slandered. *Conclusion.* According to his personal page, K. Mamekov was a wealthy man with a profession. According to the secret resolution of the Presidium of the All-Union Central Executive Committee (March 14, 1928), the property of such rich people was confiscated and imprisoned.

Key words: Kazhgali Mamekov, rich people, confiscation, slander, decree, resolution.

Кіріспе. Қазіргі заманда тарих ғылымының дамуы жеке адамның рөлі туралы проблемаға басымдық беруде, өйткені лайықсыз ұмытылып қалған тұлғалар бар. Олар жазықсыз тарих бетінен сызылып тасталса да, архивтерде сақталды.

Г.О. Винокур зерттеуінде жеке тұлға өмір сүреді, тарихтың өзінде өмір жоқ деп пайымдайды (Винокур, 1927). Тарихи факт өмірбаяндық факт болу үшін қандай да бір формада осы жеке тұлғаны басынан өткізуі қажет. Тарих пен жеке тұлға арасындағы қатынаста бейнеленетін уайым-қайғының өзі форма болып табылады. Уайым-қайғының пәні бола отырып, тарихи факт өмірбаяндық мағына алады. Осы бағыт өмірбаяндық құрылымда жасалады (Винокур, 1927: 38).

Тарихи портреттің шебері Е.В. Тарле тарихи тұлғаны зерттеуде оған объективті түрде қарау қажет, оның ынталандыратын әрекеттеріне ғана қызықпай, бұл тұлға өзінің тарихи миссиясын қалай орындағанына тарихи маңыз беріп қарау керек екенін айтқан (Тарле, 1942).

Өмірбаянды тарихи деп айтуға болады, өйткені ол барлық аспектіде тарихи контекске енеді, сондықтан интеллектуалды контексте талдау жасау қажет, бірақ толық өмірбаянды жасауға, оның ішінде тарихи-тарихнамалық нұсқасын жасауға жеткіліксіз деуге болады (Иванова, 2012: 168). Мұндай өмірбаян әлеуметтік-мәдени ортаға тереңдеуді және өзара байланысты деңгейлер мен бағыттардағы өзгеріс динамикасын анықтауды талап етеді, өйткені қоғамдағы жаңа құндылықтар тіректері мен адамгершілік мұраттары мәселені коюда ғана бейнеленбейді, ол когнитивтік және рефлексивтік жұмыстың нәтижесін анықтайды. Шарттың, әрекеттің, идеялардың, зияткерлік міндеттер мен әдістерді қолдануда өмірбаянды зерттеуші көп қиындыққа тап болады, алайда контексті білу индивидті нақты жағдайда басқарған және оның мінез-құлқының қалыптасуына әсер еткен күштерді түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Франсуа Пулен де ла Барре кітабын айтуға болады, оны С. Стуурман жақсы сипаттаған, яғни әлеуметтік, саяси, рухани жағынан түрлі макротарих контекстінде жеке адамның зияткерлік траекториясын көрсетеді (Stuurman, 2004).

XX ғ. 80-жж. қазақстандық тарих ғылымында тарихи қайраткерлерге арналған еңбектер аз болды, тарихи оқиғалардың барысын жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне талдау жасамайынша түсіну мүмкін емес, өйткені оқиғаға жеке тұлғаның ықпалы болады (Сулейменов, Моисеев, 1988: 3).

Материалдар мен әдістер

Тарихилық принципі зерттеліп отырған кезеңнің ерекшелігін білуге, қандай да бір оқиғаның себептерін түсінуге көмектеседі. Объективтілік принципі нақты фактілерді қолданып, болған оқиғаларды талдауға мүмкіндік берді. Тарихи антропология принципін зерттеудің гуманистік мәнін ашуға назар аударады, өйткені мақалада нақты жеке адам – Қажығали Мамеков нақты құндылықты тасымалдаушы болып табылады.

Зерттеушінің жұмысы архив деректерін зерттейді, тұлға өмір сүрген уақытты сипаттайды, сол кезеңнің калоритін сақтайды. Мұнымен ғана тоқталып қоймай, А. Акимов көрсеткендей, ғылыми дәлелдер, болжамдар, фактілерді дұрыс талдау қажет болады (Акимов, 1966: 353).

Ж.К. Касымбаев атап өткендей, кеңестік дәуірде таптық тәсіл жеке тұлғаларды зерттеуге кедергі жасады (Касымбаев, 1999). 1990-2000-жж. ғылыми зерттеулер қатарында Т.О. Омарбеков қазақ байларына қатысты әділ мәселені көтеріп, олардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны қандай болғанын ашуға тырысты (Омарбеков, 1994). Тәжірибе көрсеткендей, өндірістік байланыстарынан қол үзген қауымдар, құрылымдық бірлік болған байлардың шаруашылығын жою нәтижесінде кедейленді.

Тәркілеу мен тұрып жатқан жерінен көшірілген қазақ байларының әлеуметтік портретін зерттеген С.А. Жакишева бірқатар мәліметтерді талдады (Жакишева, 2022).

Ұжымдастыру мен байлардың шаруашылығын тәркілеу мәселесіне шетел тарихшылары да үлес қосты. Атап айтқанда, М. Олкотт (Olcott, 1981), Р. Конкест (Conquest, 1986), С. Кэмерон (Кэмерон, 2018). Бірақ олар байлардың тұлғасы, істеген қызметтері туралы талдаған жоқ.

Жалпы жеке тұлғаларды жазған зерттеушілердің көбі оларды қоғамнан бөлек алып қарайды. Олардың ойынша, өмірбаян ғылыми және қоғамдық қызығушылық тудыру үшін жеке адамның қызметі үшін қандай факторлар қажетті жағдай жасады, бұл қызметке мағына, мақсат берді, осы факторлар олар қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын көрсетеді деп есептеді.

Жаңа фактілерді тауып, жинақтау, жаңа зерттеу әдістерін игеру, тарихи құбылыстар мен оқиғаларға түрлі дүниетанымдық ұстаныммен қарау арқылы нақты тарихи білімді аламыз, сонымен қатар жоғары теориялық деңгейге өтеміз. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында тарихнамада осы мәселені зерттеуде дұрыс үдерістер байқалды.

Соңғы кезде жеке адамның тарихтағы ролі туралы еңбектерде дәуірге сипаттама беріп, тарихты жасаушы адам екені көрсетіліп, оның өзара қатынасы адам қызметімен көрсетілді (Козыбаев, 1991).

Бірқатар жұмыстарда рухани-мәдени қатынастар және социум көрсеткіштерін – зиялылар – талдау арқылы А. Канаева (Канаева, 1989), Х.М. Абжанов (Абжанов, 1992), Р.Б. Сулейменов, Ш.Ю. Тастанов (Сулейменов, Тастанов, 1990) зерттеулерінде анықталған.

Тарихнамалық шолуға қорытынды жасасақ, кез келген тарихи құбылыс, оқиға, тарихи тұлғалардың қызметін жалпы адамзат идеясы, сенімі, көзқарасы тұрғысынан қарастырған жөн деп есептейміз.

Қажығали Мамековтың әлеуметтік тұлғасы. Атырау облыстық архивіндегі құжаттар бойынша Қажығали Мамеков туралы деректе 1928 жылғы 1 қыркүйектегі жеке парағына қарағанда «Қ. Мамеков Гурьев округінің Ново-Богатинск ауданының Манашев ауылында тұрады. 48 жаста. Шаруашылығы 60-тан астам түйеден, 105 жылқыдан, 100 бас қара малдан және 200 қошқардан құралады; ірі қара малға ауыстырылғанда - барлығы 305 бас.

Қ. Мамековтің медициналық фельдшер атағы бар. 1927 жылға дейін Сартөбе болысында фельдшер болып жұмыс істеді. Бай және білімі бар тұлға ретінде халық арасында үлкен беделге ие. Қазіргі уақытта бандитизм бабы бойынша айыпталып, қамауға алынды», - деп ББ СТ бөлімінің бастығы Петров, ББ уәкілетті тұлғасы Волоховтың қолы қойылған (Атырау облыстық архиві, 570: 3). Бұл мәлімет Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың КСРО бойынша ББ бөлім бекетіне құпиясыз берілген.

Келесі архив дерегінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне, Гурьев округі Новобогатин ауданы Манашев ауылының азаматы, медициналық фельдшер, қазіргі уақытта Орал-изоляциясында қамауда отырған Мамеков Қажығалиден берілген Өтініште былай жазылған: «Ағымдағы жылдың 11 қазанында жолдас Измайловтың Округтік Атқару Комитетінің уәкілеттік берген телеграфтық хабарламасы бойынша менің малым мен мүлкім ағымдағы жылдың 27 тамызындағы Қазақ Орталық Атқару Комитеті қаулысының негізінде екі аптаның ішінде шағымдану мерзімін көрсете отырып, тәркіленді. Осы қаулының нақты мағынасы бойынша менің мүлкім мен малым мына себептер бойынша тәркіленуге жатпайды:

1) Новобогатин ауданы үшін тәркіленуге жататын малдың саны жартылай көшпелі ретінде ірі қара малға ауыстырғанда үш жүз (300) бас деп саналады;

2) мүлік пен малды тәркілеуге бірнеше жүз мал басы бар, бұрынғы патша қызметшілері, белсенді қызметі үшін патша үкіметінен наградалар, медальдар және т.б. алған ірі байлар – жартылай феодалдар, қазақ тұрмысында - болыс билеушілер, хандардың ұрпақтары және т.б.;

3) және аталған топтарға жатпаса да, материалдық жағдайына қарамастан, әлеуметтік қауіпті адамдар жатады.

Мен болсам, шығу тегім және әлеуметтік жағдайым бойынша осы санаттарының ешқайсысына жатпаймын, небәрі жүзден төмен ірі қара малым бар, оның ішінде көбісі менің әйеліме тиесілі шаруашылық, Новобогатин ауданы бойынша салық төлеушінің тізімінен көрінеді, өйткені мен салық салу объектілерін жасыратын әдетім жоқ еді, қоршаған халыққа жаман үлгі көрсеткім келмеді. Шығу тегіме қатысты – текті сұлтанның тараған ұрпақ емеспін, менің әкем адай руынан шыққан қарапайым кедей адам, оның ешқашан ерекше мәртебесі

болған емес, нанын өз еңбегімен тауып жүрген шаруа кісі. Кедейдің баласы ретінде үкімет есебінен білім мен тәрбие алдым, Кронштадттағы фельдшер мектебіне оқуға түскенімде, бұрынғы Бөкей Ордасының арнайы қаражаты есебінен шәкіртақы алдым. Сол оқуымды 1904 жылы бітіріп, бір жыл бойы флотта әскерде болдым. 1905 жылы Бөкей Даласына қызмет бабымен көшіп кеттім. Сол уақыттан бері Даланың құмды аудандарында жыл сайын маусым сайын ушығатын оба індетімен күресіп келемін. 1915 жылы саяси сенімсіздік үшін, әсіресе, обадан зардап шеккен кедей казактардың атынан обаны жасырғаны үшін айыпталған өртелген мүлкіне өтемақы төлеуден бас тартқаны үшін Вольферц Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің бұрынғы төрағасы мен сол кездегі Министрлікке Астрахан губернаторы Соколовскийге шұғыл жеделхат жібергенім үшін сол кездегі Аға дәрігер Невский қызмет істеп жүрген кезде, жұмысымнан босатылдым, жеделхат келесі сөздермен аяқталатын: «біздің шынайы қайғылы жағдайымызды көріп, мәдениетті еуропалық та, тіпті африкалық жабайы адам да бізге мейірімділік танытатын еді», бұның бәрі губернатор Соколовскийге қатысты еді, бұл Қызыл-Ордада болған доктор Чумбаловке мәлім», - деп жазған.

1916 жылы жігіттерді тыл жұмыстарына реквизициялау жарияланғанда, бекітілген тізімге сәйкес басқалармен қатар шақырылдым, ол кезде жасым 32-де болатын. Тізімде жасым 26 деп көрсетілген. Тек 31 жасқа дейін ғана шақырылатын еді. Мені Мендешевпен бірге түрмеге жабуға себеп іздеген Астрахан губернаторының комиссары, түзеуші-арандатушы Хлынов басқарған Бірінші және екінші Приморск округтері бойынша қабылдау комиссиянан жасырынып, оның ықпал ету аймағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерімнен кетіп, Ордада тұрдым, үш айдан кейін мені ауру деп таныған Никаноров (қазір Саратов университетінің профессоры) және Ниязов дәрігерлерінің көмегімен Саратов университетінің профессоры Святухиннің менің ауыруым (миокардит) туралы медициналық куәлігін ұсынып, шақырудан әрең босатылдым, дегенмен, толық босатылмадым, өйткені Урфа комиссиясының төрағасы Жукайло менің босатуыма қол қоюдан үзілді кесілді бас тартты. 1919 жылы Кеңес Үкіметі жанындағы Ұштаған медициналық пунктінің меңгерушісі бола тұра, ол жерден қазыналық мүліктің бір бөлігін тонаған ақтардың отрядтарымен қуылдым, ол кезде Бөкей губерниясы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі доктор Чумбалов болды. Сол жылы Ордаға шабуыл жасалғанда полковник Хлуденевтің ақ бандиттік отрядын дәрігер ретінде сүйемелдеуден бас тартқаным үшін өлім жазасына кесілдім, бұл мақсатта небір жанкешті Али Нигматулин басшылық еткен арнайы отряд жіберілген болатын, Маңғышлақ шегінде оны өлтірген адайлардың көмегімен осы азаптаушыдан амал қалдым. Мен монархия кезінде ақ гвардияшылардың қолбасшысы, оның көмекшісі, депутат немесе болыстық старшина болған жоқпын. Мамандығыма қатысты медициналық лауазымдарда ғана қызмет еттім. Мен үй шаруашылығым оба індетінің алдын алу жұмысы үшін алатын жалақым мен күнделікті тәуліктік ақым есебінен қамтамасыз етіледі, біреуді қанау немесе арбау есебінен емес, жастайымнан мал-мүлкімді жинап-теріп жүрдім, басқалар сияқты оңға-солға ешуақытта шашқан емеспін. Мәдени тұрғыдан артта қалған қазақ халқының арасында өмір сүре отырып, өз бастамаммен мектепке күтім жасадым, мектеп мұғаліміне тегін тұратын пәтер және азық-түлік бердім, өйткені мектепте халықтың ең кедей тобының балалары мен көшедегі жетімдер оқытылды, қазір олар орыс тілін де, қазақ тілін де жетік меңгеріп алған. Ал өз үйімді Сартөбе медициналық пунктін жайластыру үшін тегін бердім, бұл Гурьев уезінің бұрынғы меңгерушісі, қазір Гурьев аудандық атқару комитетінің мүше-хатшысы жолдас Келімбетовке және Гурьев аудандық денсаулық сақтау бөліміне белгілі. Дегенмен, мәдени-социалистік құрылыстың жемісті жасампаз жұмысы жолындағы менің барлық еңбегім зая кетті, менің мүлкім мен малым байлармен-жартылай феодалдармен және патша қызмет еткен басқа жұмыскерлермен, ақ гвардиялықтардың жақтастарымен және оңай пайда табатын адамдармен бірдей тәркіленуі бұның анық дәлелі болып табылады. Менің оба індеті кезінде жүргізген жұмыстарым туралы және Кеңес өкіметі кезінде қызмет атқарған лауазымдарым туралы сөздерімнің дәлелдері – осы өтінішіме қоса берілетін бактериолог-доктор Галлердің берген 27 қыркүйектегі №627 Орда обаға қарсы зертхана меңгерушісінің куәлігінің көшірмесі, мен обаға қарсы зертхананың меңгерушісі доктор Гайскийден және Саратов микробиология институтының директоры, профессор Никаноровтан обаға қарсы жұмысым туралы дәл осындай куәліктерді күтіп отырмын. Менің әке-шешеме және шығу тегіме келетін болсақ, адай руы пайда болған кезден бастап маған дейінге кезеңге дейін ата-бабамның

ешқайсысы би, беделді тұлға, бай болған емес. Менің өмірімде ақшасыз отырған кездерім көп болды, мысалы, әке-шешемнің жағдайы болмаған соң, мен мектептен үйге жаяу келетінмін немесе жағдайы жақсы, ата-анасы дәулетті болған мектептес достарыма еріп, үйге солай жететінмін. Иелігімде, басқалардың үйлеріне қарағанда, жақсы салынған үйім бар, оған кейбір жолдастар көзін де салған шығар, бұл асыған тасыған байлықтың болуы себебінен емес, ол нысаналы мақсатта салынған құрылыс болып табылады. Оба індетінің эпидемиологиялық ошағында үнемі болып отырдым, Сарытөбе ауылы санитарлық және эпидемиологиялық тұрғыдан шалғай орналасқан жалғыз елді-мекен еді, сондықтан ондай қыстауда өмір сүріп жатқан үйімде отбасыммен бірге тұрып қана қоймай, ол Сарытөбе медициналық пунктінің тұрақты орналасқан орны және оба індетінің алдын алу үшін қыстауға келген бактериолог-дәрігерлердің уақытша пәтері болып та табылады. Мен қоршаған халық үшін әлеуметтік қауіпті емеспін, керісінше, қоғамдық медицина қызметкері ретінде көп пайда тигіземін, бұны сонда болған көптеген жолдастар растай алады, Орал губерниясы сотының бұрынғы тергеушісі К.Жәнібековті қоспағанда, өйткені оның бірқатар заңсыз әрекеттері үшін менің шағымым бойынша қызметінен шеттете отырып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Менің бойымдағы тағы бір жағымсыз қасиет бар – жасалып жатқан заңсыздықтарды көргенімде, қол қусырып, немқұрайлы кейіп танытып, бір орында отыра алмайды. Мүмкін осының кесірінен кейбір тұлғалар үшін ұнатсыз болып, осының нәтижесінде мал-мүлікті тәркілеу жазасына тартылдым. Жас шағымда 1905 жылы в Кронгишгадтте теңіз фельдшер мектебін аяқтағанымда, жеке экипаж матростар жарылысының қатысушысы ретінде жандармериямен тұтқындалдым, бірақ кінәм дәлелденбегендіктен, қамаудан босатылдым. Менің 1905 жылдан 1922 жылға дейінгі үздіксіз медициналық қызметімді Бөкей ауданында оба індетімен күресу бойынша үнемі бірлесіп жұмыс істеген доктор Чумбалов растай алады, 1922 жылдан 1928 жылға дейінгі кезеңде атқарған жұмысым туралы бұрынғы Оба орталығының комиссары дәрігер Ниязов және бұрынғы Бөкей және Орал губернияларының Денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі және орынбасары айтып бере алады.

Сіздің алдыңызда менің бұрынғы және қазіргі қызметімді оң және теріс жағынан талдауға, ал егер келтірілген дәлелдерге қарамастан, менің қоңыс аударуым әділ болған жағдайда, менің мүлкімді және малымды ағымдағы жылғы 27 тамызда Қазық орталық атқару комитеті жарлығының ағымдық мағынасына жатпайтын тәркілеуден босату туралы өтініш білдіремін. Ширек ғасыр бойы өз мамандығы бойынша борышын өтеп, өмірге қауіп төндіретін ортада, далада оба індетінің алдын алу және оны жою жұмысы мен міндетін адал әрі жанқиярлықпен ерең еңбек етіп, қиын жағдайында жұмыс істеген, өзімнің қымбат денсаулығын жоғалтқан медицина қызметкері ретінде маған жоғары құзыретті назарыңызды аударуыңызды сұраймын.

Тоғыз ай бойы бандит Кенжахмедовтың ісі бойынша жала жабылғаны үшін қамауда отырмын, әйелім мен төрт баладан тұратын отбасым, үлкен балам небәрі 15 жаста, қыста көшіру қаупіне байланысты, бас бостандығынан айырылған отағасы – менің қасында болмауы себебінен, бұрынғыдан да көп зардап шегіп жатыр. Менің мүлкім мен малымды босату туралы өтінішім қабылданбаған жағдайда (бірақ мен ол толық қанағаттандырылады деп үміттенемін), менің қорғансыз қалған отбасыма қыста тұрақты тұрғылықты жерінде, ең болмаса, менің отбасымның қалауы бойынша Орал округінің жақын маңдағы Диханғалиев ауданында немесе Орал қаласында мен қамаудан шыққанға дейін қалуға рұқсат етуіңізді, бұл туралы Гурьев аудандық атқару комитетіне тиісті бұйрық беруіңізді сұраймын.

Мен осыған дейін де, қазір де Кеңес үкіметі кезінде үздіксіз, адал жұмыс істеп, Кеңес үкіметімен қудаланған адамдардың тізіміне енгенім мен үшін физикалық және психикалық тұрғыдан да ауыр әрі қиын болды. Мен нашар ниетті субъектілердің жала жабуы себебінен зардап шегіп, тоғыз ай бойы жазасыз қамалып отырмын.

Қабылданған шешім туралы Орал Изоляторы мен Гурьевке хабарлауыңызды сұраймын.

Қажғали Мамаков.

1928 жылғы 14 қазан.

Келесі құжат Қазақ кеңестік социалистік республикасы кеңестерінің орталық атқару комитетінің төрағасына, Құпиялар Комитетіне жолданған Қ. Мамаковтың өтініші. Өтініштің басында өзінің бұрынғы тұрғылықты жерін көрсеткен: Менашев ауылы, Новобогатин ауданы,

Гурьев округі, қазіргі тұрғылықты жері: Орал қаласы, Бұзылық көшесі, № 90 үй, мамандығы: медицина фельдшер.

Өтініш мазмұны мынадай: «Ағымдағы жылғы 15 қазанда мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен прокуратурасының атына Гурьев аудандық комиссиясының менің мүлкім мен малымды тәркілеу және мені отбасыммен бірге Гурьев округінің шегінен қоныс аудару туралы қаулысындағы қате шешімді қайта қарау туралы өтініш бердім. Ағымдағы жылғы 10 қарашада мен Бүкілресейлік кеңестердің Орталық Атқару комитетіне де осындай өтініш берген едім, 8 желтоқсандағы шығыс № 1559/295 жеделхатын алдым, онда маған Бүкілресейлік орталық атқарушы комитетіне жіберілген өтінішім Қазақ орталық атқарушы комитетіне қарастыру үшін жіберілгені туралы хабарланған болатын.

Осы өтінішім арқылы Гурьев аудандық комиссиясының жоғарыда көрсетілген қаулысының төмендегі негіздер бойынша күшін жоюды сұраймын.

КСРО ХКК туралы ОАК-нің ағымдағы жылғы 27 тамыздағы мүлікті тәркілеу және көшіру туралы қаулысы байлармен мен жартылай феодалдармен, өздерінің іс-әрекеттерімен және әсерімен қоршаған халыққа, ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін олардың ұрпақтарымен күресуді көздейді. Бұл арада мен азаматтардың аталған санатына ешбір дәрежеде жатпаймын, өйткені өмір бойы медицина фельдшері негізгі кәсібім бойынша жеке қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысып келдім, бұның бәрін дәлелдейтін төмендегі растама құжаттардың куәландырылған көшірмелерін өтінішіме қоса беремін.

1. Саратов университетінің профессоры Светухиннің 1916 жылғы 26 қазандағы куәлігі, оның негізінде мен оба індетімен күрес жөнінде жүргізген көпжылдық жұмыстарымның нәтижесінде қырғыздарды тыл жұмыстарына реквизициялаудан босатылдым, және освидетельствование врачами Шарневский, Никоноров (қазір РСФСР Оңтүстік-Шығыс микробиологиялық және эпидемиологиялық институтының директоры және Саратов Университетінің профессоры) және Ниязов дәрігерлерінің 1916 жылғы 29 қарашадағы куәландыруы;

2. Бөкей Губерния денсаулық сақтау бөлімінің 1918 жылғы 18 қарашадағы №47 менің атыма берген қатынасы;

3. Бөкей облыстық атқару комитетінің 1921 жылғы 4 ақпандағы №337 менің атыма берген, Бөкей губерниясының 1 округі бойынша еңбек жұмылдыруды жүргізу жөніндегі ерекше уәкіл етіп тағайындау туралы мандаты;

4. Бөкей атқару комитетінің жоғарыда аталған мандатты қоса бере отырып, менің атыма берген 1921 жылғы 2 ақпандағы №340 қатынасы;

5. 1921 жылғы 25 сәуірде өткен 1-ші округтің ішкі басқару алқасының мені 1-ші уезд бойынша АХАЖ меңгерушісі етіп сайлау туралы отырысының хаттамасы;

6. Бөкей губерниясының 1-ші округінің уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 18 желтоқсандағы №292 куәлігі, оның негізінде мен шынымен де 1-ші уездік округ бойынша АХАЖ меңгерушісі болып табыламын;

7. Сол уезд атқару комитетінің 1921 жылғы 18 желтоқсандағы №291 мені Монашев болыстық атқару комитетінің төрағасы етіп сайлау туралы куәлігі;

8. Сол уезд атқару комитетінің 1921 жылғы 18 желтоқсандағы куәлігі, оның негізінде мен 1-ші округтің 2-ші учаскесі бойынша халық тергеушісі болып табыламын;

9. Монашев болыстық атқару комитетінің менің қызметім туралы 1922 жылғы 10 желтоқсандағы №739 пікірі;

10. 1923, 1924, 1925 жылдардағы оба індеті кезінде атқарған жұмысымды растайтын доктор Галлер округіндегі обаға қарсы зертхана меңгерушісінің 1928 жылғы 27 қыркүйектегі № 627 куәлігі;

11. Кеңестердің 7-ші Гурьев уездік съезінің 1926 жылғы 24 ақпандағы мандаты.

Сонымен қатар, мен 1918 жылдан бері барлық уақытта Бүкілресейлік медициналық санитарлық еңбек кәсіптік одағының (№146 мүшелік кітапша) мүшесі болып табылатынымды және делегат ретінде болыстық, уездік және облыстық Кеңестердің Съездеріне сайланғанымды айта кеткен жөн деп санаймын.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде КСРО кеңестерінің Орталық атқару комитетінен Гурьев аудандық комиссиясының менің де, менің әйелімнің де некеге тұру кезінде әкелген мүлкін, сондай-ақ өмір бойы балық аулау саласында жұмыс істеген шаруа Азамат Берниязов

Серіктің өзіне тиесілі 24 бас (ірі малға ауыстырусыз) малын, мүлкін тәркілеу, менің бүкіл отбасымды қоныс аудару туралы қаулысын қате шығарылған деп танып, күшін жоюды сұраймын.

Қабылданған шешіммен және нәтижемен жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша мені хабардар етуіңізді сұраймын.

Орал қаласы. 1928 жылғы 15 желтоқсан. Азамат Қажғали Мамеков.

РСФСР» (Атырау облыстық архиві, 570: 17).

Қырғыз Қызыл Армиясы депутаттарының Шаруа Жұмысшылар Кеңесінің өлкені басқару жөніндегі Облыстық Саяси Атқару Комитеті 1921 жылғы 4 ақпан № 340 Хан ордасы, 1-ші Приморск округі бойынша еңбекті жұмылдыру жөніндегі губерния саяси атқару комитетінің ерекше уәкілі Қ. Мамековке жолданған хатта былай көрсетілген: «Губерния саяси атқару комитеті төралқасының ағымдағы жылғы 3 ақпандағы №26 қаулысына сәйкес сіздің атыңызға №34а мандат тағайындалады, Губерния саяси атқару комитеті сізге 1-ші Приморск округі бойынша 2000 қырғыз азаматын еңбекке жұмылдыруды іс жүзінде жүргізу және оларды қабылдау пункттері үшін тағайындауға уақтылы жіберу жөніндегі жауапкершілік сізге Губерния саяси атқару комитеті ерекше уәкілетті өкілі ретінде жүктелетінін мәлімдейді.

Осы іс бойынша белсенді іс-шаралар және, екіншіден, жұмыс барысы туралы ақпарат губерния атқарушы комитетіне апта сайын баяндалуы керек. Нұсқаулар мен бұйрық Уездің атқарушы комитетіне қолма-қол хатпен жіберілді», - деп Төрағасы М.Черлибалов, Мүше-хатшы Чимшаев, Істер жөніндегі басқарма өкілі Мендалиев, Дұрыс: Патшаның өлкелік атқарушы комитетінің істері жөніндегі басқрама қолдары қойылып, 13.12.1928 ж. деп жіберілген мерзім көрсетіліп, Мөр: / Кеңестердің аудандық атқару комитеті/ деген мөр қойылған (Атырау облыстық архиві, 570: 9).

Қ. Мамековке берілген куәліктен оның отбасы, туыстары туралы біраз мәлімет аламыз. «№ 2, 03.11.1928 жылғы №239, Куәлік. Осы куәлікті ұсынушы Гурьев округінің Новобогатин ауданы Манашев ауылының азаматы Мамеков Қажғали Гурьев аудандық атқару комитеті Төралқасының 1928 жылғы 4 қазандағы №12 қаулысы негізінде және Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы Жарлығына сәйкес келесі құрамдағы отбасымен бірге ҚазКСР Орал округінің шегіне мүлкі мен малы тәркіленіп қоныс аударды:

1. Жұбайы – Уақиза
2. Қызы – Маура
3. Қызы – Нафиза
4. Ұлы – Занеш
5. Ұлы – Ғалихан
6. Асырауындағы адам: Серік Берниязов
7. Серік Берниязовтің әйелі – Рахима
8. Ұлы – Мәжіт

Мамековтің қолындағы тізімдемеде көрсетілген норма бойынша оған қалдырылған малы мен мүлкі бар.

Ескертпе: өлкелік комиссияның ағымдағы жылғы 31 қазандағы №1096/16850/5 жеделхатына сәйкес Гурьев ауданынан басқа ҚазССР округтерінің бірінде Мамековқа тұруға рұқсат берілген, Мамеков Орал округін тандап, сол жерге қоныс аударды.

Бұл қойылған қолтаңбалармен және мөрмен куәландырылады», - деп, Округтің Атқарушы Комитетінің Төрағасы Мунбаев /қолы/, Жауапты хатшы Урунтаев /қолы/ қолдары қойылған (Атырау облыстық архиві, 570: 9).

Қорытынды. Қорыта айтқанда, тарихи персоналистика ғылыми зерттеуде методологиялық жағынан жеке адамның тарихтағы рөлі мәселесімен байланысты. Бірқатар қарастырылған зерттеулер, нәтижелер, сонымен қатар тарихи таным үдерісіндегі тұлғаны зерттеу бойынша ұсынылған схема зерттеудің пәні мен объектісін терең түсінуге, нақты тарихи-өмірбаяндық әдісті сипаттау әдісін қарастыруға, дамытуға және нақты тарихи материал негізінде жеке адам мен дәуірдің өзара әсерін бақылауға мүмкіндік береді. Ғылыми әдіс фактілерді жинақтау және талдаумен, дәлелдеумен және тексерумен ерекшеленеді.

Ғалымның жеке тұлғасы ғана тарихи емес, оның ғылыми реконструкциясы әдісі де тарихи болады. Қазіргі кезде ғылымның қоғам өміріндегі ролінің өзгеруімен жаңа тұрғыдан қарау

басталып, жеке адамның тұтас әлеуметтік қатынас жүйесіндегі көлемді түрде көрсетуге мүмкіндік бар, бұл тарихи персоналистиканы терең қарастыруға ынталандырады.

Біз қарастырған Қ. Мамаев тарихи тұлға болды. Қоғамға бай адамдар қажет екені белгілі. Мамаевке қатысты факторлардың өзара қатынасына келсек, ол өз ойын батыл айта білді, мойымады, ұжымдастыру саяси науқан, оқиға десек, Мамаев сол оқиғаның ортасында жүріп, өз мамандығын да тастаған жоқ, байлығын да халық үшін, туыстары жүргізе білді.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Абжанов Х.М., Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Алматы, 1992.

Акимов А. История и биография. Историко-биографический альманах. Т. 1. М.: Изд. «Молодая гвардия», 1966. 353 с.

Атырау облыстық мемлекеттік архиві Қ.135.Т.1. 570 іс.

Винокур Г.О. Биография и культура. М.: Государственная Академия художественных наук, 1927.

Жакишева С.А. Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в. Монография. Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 138 с. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 31.

Иванова Т.Н. Новые аспекты биографики в современных историографических исследованиях // Историческое познание и историографическая ситуация на рубеже XX–XXI вв. / Т.Н. Иванова, Г.П. Мягков; отв. ред. О.В. Воробьева, З.А. Чеканцева. М.: ИВИ РАН, 2012. С. 167–176.

Канаева А. Исторические судьбы научной интеллигенции Казахстана в послевоенные годы // Известия АН КазССР: Сер. общ. наук. 1989. № 6. С. 44-50.

Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век). Алматы: Білім, 1999. С. 203.

Козыбаев М. История и современность. Алматы: Ғылым, 1991. 254 с.

Камерон С. Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана / Камерон Н.Ю. (Historia Rossica), 2018.

Conquest R. Harvest sorrow. Soviet collectivization and the terror – famine. – Oxford, 1986.

Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1994. 387 б.

Olcott M.B. The collectivization drive in Kazakhstan//The Russian Review. - Stanford (Cal). - April, 1981. -Vol. 40. № 2. P. 122-142.

Попова Т.Н. Биоисториописание в контексте научных традиций: концепты и модели // Диалог со временем. 2015. Вып. 53. С. 30–53.

Парадигмы российской истории сквозь призму биографистики (к 140-летию Алексея Ивановича Яковлева): материалы Всерос. науч. конф. с межд. участ. (Чебоксары, 18 апр. 2019 г.) / редкол.: О. Н. Широков [и др.]. Чебоксары: ИД «Среда», 2019. 216 с.

Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIIIвека (о внешней и внутренней политике Абая). Алма-Ата: Наука, 1988. 144 с.

Сулейменов Р.Б., Тастанов Ш.Ю. Интеллигенция и перестройка // Известия НАН РК. Сер. общ. наук. 1990. № 4. С. 3-15;

Тарле Е.В. Нашествие Наполеона на Россию. М.: Воениздат, 1942. 304 с.

References:

Abjanov H.M., Gurevich L.Ia. Intelligentsia Kazakhstan: istoriia, teoriia, sovremennost. [Intelligentsia of Kazakhstan: history, theory, modernity]. Almaty, 1992. [In Russ].

Akimova A. Istoriia i biografiia. Istoriko-biograficheskii almanah. [History and biography. Historical and biographical almanac]. T. 1. M.: Izd. «Molodaia gvardiia», 1966. 353 s. [In Russ].

Atyrau regional state archive. F. 135. In. 1. C. 570.

Vinokur G.O. Biografiia i kultura. [Biography and culture]. M.: Gosudarstvennaia Akademiia hudozhestvennyh nauk, 1927. [In Russ].

Jakisheva S.A. Konfiskatsiia baiskih hoziaistv v Kazahstane na rubeje 20–30-h gg. XX v. [Confiscation of Bai farms in Kazakhstan at the turn of the 20-30s. of 20th century]. Monografiia. Pod obshei red. E.T. Karina. Astana, 2022. 138 s. Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii jertv politicheskikh repressii (20-50 gody XX veka). T. 31. [In Russ].

Ivanova T.N. Novye aspekty biografiki v sovremennyh istoriograficheskikh issledovaniiah [New Aspects of Biography in Modern Historiographic Research] // Istoricheskoe poznanie istoriograficheskoi situatsii na rubeje XX–XXI vv. / T.N. Ivanova, G.P. Miiagkov; otv. red. O.V. Vorobeva, Z.A. Chekantseva. M.: IVI RAN, 2012. S. 167–176. [In Russ].

Kanaeva A. Istoricheskie sudby nauchnoi intelligentsii Kazahstana v poslevoennye gody [Historical fate of the scientific intelligentsia of Kazakhstan in the post-war years] // Izvestiia AN KazSSR: Ser. obsh. nauk. 1989. № 6. S. 44–50. [In Russ].

Kasymbaev J.K. Gosudarstvennye deiateli kazahskikh hanstv (XVIII vek). [Statesmen of the Kazakh khanates (XVIII century)]. Almaty: Bilim, 1999. S. 203. [In Russ].

Kozybayev M. Istoriia i sovremennost [History and modernity]. Almaty: Gylym, 1991. 254 s. [In Russ].

Kameron S. Golodnaia step: golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan] / Kameron NLO, (Historia Rossica), 2018. [In Russ].

Conquest R. Harvest sorrow. Soviet collectivization and the terror – famine. – Oxford, 1986.

Omarbekov T. Qazaqsharualaryn jeke menshik qojalyqtarynan aiyrý jane ujymdastyru: tarihy men tagylymy [Deprivation and collectivization of Kazakh peasants from private farms: history and moralizing]. Tarih gylymdarynyn doktory gylymy darejesin alu ushin daiyndalghan dissertatsiia. Almaty, 1994. 387 b. [In Kaz].

Olcott M.B. The collectivization drive in Kazakhstan//The Russian Review. Stanford (Cal). April, 1981. Vol. 40. № 2. P. 122–142.

Popova T.N. Bioistoriopisanie v kontekste nauchnykh traditsii: kontsepty imodeli [Biohistorical writing in the context of scientific traditions: concepts and models] // Dialog so vremenem. 2015. Vyp. 53. S. 30–53. [In Russ].

Paradigmy rossiiskoi istorii skvoz prizmu biografiistiki [(k 140-letiiu Alekseia Ivanovucha Iakovleva) [Paradigms of Russian history through the prism of biographics (to the 140th anniversary of Alexei Ivanovich Yakovlev): materialy Vseros. nauch. konf. s mejd. uchast. (Cheboksary, 18 apr. 2019 g.) / redkol.: O. N. Shirokov [i dr.]. Cheboksary: ID «Sreda», 2019. 216 s. [In Russ].

Suleimenov R.B., Moiseev V.A. Iz istorii Kazahstana XVIII veka (o vneshnei i vnutrennei politike Ablai) [From the history of Kazakhstan in the 18th century (on the foreign and domestic policy of Ablai)]. Alma-Ata: Nauka, 1988. 144 s. [In Russ].

Suleimenov R.B., Tastanov Sh.Iy. Intelligentsiia i perestroika // Izvestiia NAN RK. Ser. obshestv. nauk. 1990. № 4. S. 3–15. [In Russ].

Tarle E.V. Nashestvie Napoleona na Rossiiu [Napoleon's invasion of Russia]. M.: Voenizdat, 1942. 304 s. [In Russ].

**ШАРУАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ,
ЕТ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НАУҚАНДАРЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ
ЖЕРТВЫ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, ЗАГОТОВИТЕЛЬНЫХ
И ДРУГИХ КАМПАНИЙ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА
VICTIMS OF FORCED COLLECTIVIZATION, PROCUREMENT AND OTHER
CAMPAIGNS OF THE SOVIET AUTHORITY IN RESPECT OF THE PEASANTRY**

FTAXP 03.20.00

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ САЙРАМ АУДАНЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН МАҚТА НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ
(АРХИВ ЖӘНЕ «СОВЕТСКАЯ СТЕПЬ» ГАЗЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

Айтай Бахадыр Сатыбалдыұлы^{1*}

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., E-mail: bahadur.aitai@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Түркістан облысы мемлекеттік архивінде сақталған «Советская степь» газетінің материалдары бойынша Оңтүстік өңіріне ғана тән мақта егу науқа-ны кезінде күштеу құғын-сүргін жүргізу арқылы Шымкент қаласы мен Сайрам ауданында колхоздар құрылысының қалай жүзеге асқаны және оларда мақта егу науқаны туралы архивте құжаттар көптеп кездеседі. Астық дайындау, ет дайындау науқанынан бөлек мақта науқанының қызу жүргенін біреу білсе, біреулер білмейді. Мақтау егу және жинау науқаны қызу жүргізіліп, негізінен құғын-сүргін әдісімен атқарылған. Құғынға ұшыра-ғандар да болды. Мақалада Шымкент қаласы және қалаға іргелес Сайрам ауданында орын алған істер туралы баяндалады.

КСРО ның «Мақта тәуелсіздігі үшін күрес», «мақта күресі – социализм үшін күрес» дегенде біз «күрес» дегенді жалаң сөзбен емес, бесжылдықтың үшінші шешуші жылының жағдайында мақта егу, нақты күрес, кескілескен таптық күрес әдісімен іске асқанның байқадық.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы қаулысымен "саяси қуғын-сүргін және заңсыз қудалау құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын толық аяқтауды" тапсырғаны белгілі. Жұмыста сол қасіретті жылдарда құғын-сүргінге ұшырағандарды, соның ішінде мақта егу науқанынан зардап шеккендерді көрсету ізденісіміздің басты бағыты саналды.

Түйін сөздер: мақта тәуелсіздігі, тәркілеу, құғын-сүргін, байлар, Сайрам ауданы, Шымкент қаласы, күштеу, колхоздастыру, мақта науқаны, архив құжаттары, мақта үшін күрес.

MPHTI 03.20.00

**ИТОГИ ХЛОПКОВОЙ КАМПАНИИ В ГОРОДЕ ШЫМКЕНТЕ
И САЙРАМСКОМ РАЙОНЕ (ПО АРХИВАМ И МАТЕРИАЛАМ
ГАЗЕТЫ «СОВЕТСКАЯ СТЕПЬ»)**

Айтай Бахадыр Сатыбалдыұлы^{1*}

¹Кандидат исторических наук, доцент. Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Казахстан, г. Шымкент, E-mail: bahadur.aitai@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аннотация. По материалам газеты «Советская степь», хранящейся в государственном архиве Туркестанской области, имеется большое количество документов о том, как осуществлялось строительство колхозов в г. Шымкент и Сайрамском районе путем проведения принудительных работ при посеве хлопка, характерных для Южного региона. Не всем известно, что помимо кампаний по производству зерна и мяса, полным ходом шла хлопковая

кампания. Кампания по сеянию и сбору урожая велась интенсивно, главным образом, посредством репрессий. Были и те, кого репрессировали. В статье описываются события, произошедшие в городе Шымкенте и прилегающем к городу Сайрамском районе. Когда мы говорим «Борьба за хлопковую независимость» и «Борьба за социализм», мы заметили, что слово «борьба» употреблялось не пустыми словами, а в контексте третьего решающего года пятилетки, были осуществлены посев хлопка в условиях настоящей борьбы, «ожесточенной классовой борьбы».

Как известно, Указом Главы государства К. Токаева от 24 ноября 2020 года было поручено завершить работу по восстановлению исторической справедливости в отношении жертв политических репрессий и незаконных преследований. В работе главным направлением наших поисков было показать тех, кто пострадал в те ужасные годы, в том числе и тех, кто пострадал в ходе хлопкоуборочной кампании.

Ключевые слова: независимость хлопка, конфискация, изгнание, бай, Сайрамский район, город Шымкент, принуждение, коллективизация, хлопковая кампания, архивные документы, борьба за хлопок.

IRSTI 03.20.00

RESULTS OF THE COTTON CAMPAIGN IN THE CITY OF SHYMKENT AND SAYRAM DISTRICT (BASED ON ARCHIVES AND MATERIALS OF THE SOVIET STEPPE NEWSPAPER)

Aitay Bahadyr Satybaldyuly^{1*}

¹Candidate of historical sciences, senior lecturer. South Kazakhstan State Pedagogical University. Kazakhstan, Shymkent, E-mail: bahadur.aitai@mail.ru

*Corresponding author

Abstract. According to the materials of the newspaper "Soviet Steppe", stored in the state archive of the Turkestan region, the archive contains a large number of documents on how the construction of collective farms in Shymkent and Sairam district was carried out by carrying out forced labor during cotton sowing, characteristic of the Southern region. Someone knows, or does not know, that in addition to the campaign for the preparation of grain, meat preparation took place, the harvesting campaign was actively conducted, mainly by coercion. The article tells about the cases that occurred in the city of Shymkent and the Sairam district adjacent to the city. By "the struggle for cotton independence" of the USSR, "the cotton struggle-the struggle for socialism" we do not mean "struggle", but what was realized in the conditions of the third decisive year of the five-year plan by the method of sowing cotton, a real struggle, a fierce class struggle. As you know, the decree of the Head of State K. Tokayev dated November 24, 2020 instructed to "fully complete the work on restoring historical justice to victims of political repression and illegal persecution." In our work, the main focus of our search was to show those who suffered during those terrible years, including those who suffered from the cotton harvesting campaign.

Keywords: cotton independence, confiscation, exile, bai, Sairam district, Shymkent city, coercion, collectivization, cotton campaign, archival documents, struggle for cotton.

Кіріспе. Ұлтымыздың мемлекет және қоғам қайраткерлері үшін үш ақтау – реабилитация процестері (1956-1957 жж, 1987-1988 жж, 1997-1999 жж.) кезінде толық жүзеге асырылды. Олардың мемлекет және халқы алдында кінәлері болмағандығы көрсетілді. Ал жергілікті байлар, эшан мен имамдар реабилитациялау ісінен шет қалып келді. Олардың мүлкін тәркілеу және тап ретінде құрту саясаты сол кездегі тоталитарлық жүйенің басты мақсаты болғанына көз жеткізілді.

Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент қаласы бойынша құрылған мемлекеттік комиссияның «Большевиктік – сталиндік режимнің шаруаларға қарсы күшейтілген ұжымдастыру, сатып алу және басқа да саяси науқандарының құрбандарын зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жетінші бағыт бойынша жұмыс тобы» Шымкент қаласы және Сайрам ауданынан шыққан байлар, кулактарды

«эксплуататорлар» деп танылғандардың 1930 жылдың басында - ақ ірі ауылдық немесе бірнеше колхоздардан тұрған тұрғын алабы болғандығын Түркістан облысы мемлекеттік архивіндегі 1930-1933 жылдарға тиіселі №505 Қор - «Сайрам ауданы халық сотының материалдарынан» (ТОМА, 505 қор, 1-тізбе, 13-іс.) оқып танысуға болады.

Ең басты мәселе сол қасіретті жылдарда құғын-сүргінге ұшырағандарды, шетелге ауа көшкендерді миллиондап көрсетіп, оқулыққа енгіздік те олардың толық аты-жөндері әлі күнге дейін белгілі емес. Оларды анықтау ісімен бірнеше қоғамдық және ғылыми-зерттеу институттары, архивтер айналысып жатса да құғындалдардың санын сол оқулықтарда жиі қайталану беретін санға жеткізу тіпті мүмкін болмай отыр.

Күштеп ұжымдастыруға душар болған шаруа қожалықтары және шаруалар саны туралы Шымкент қаласының Янгишахар, Калинин, Қызыл-жар, Сталин, Киров, Орджоникидзе, Қосдиірмен, Ворошилов, Тассай, Красный Октябрь колхоздары мен Сайрам ауданының Қарабұлақ, Қарамұрт, Базар Қақпа, Ярғанлиқ, Манкент атты жалпы 16 колхозды атап көрсетуге болады (ОҚО әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамалық, II-басылым, Шымкент, 2020). Осы колхоздарда мақта егістіктері құрылды. Мақта алқабына қарсы ұжымдастыруға қарсы шыққаны үшін әкімшілік және қылмыстық тәртіппен жазаланғандардың аты-жөндері белгілі болып отыр. Оларды соттау және құдалауды жүзеге асырған Шымкент аудандық халықтық соттары 5 участкадан тұрған және оған Ақсу село-сындағы Сайрам аудандық халық сотын қоса 6 участка ті көрсетуге болады. Осы соттардағы РСФСР-дің 1926 жылғы Қылмыстық Кодексінің ақталуға ұсынылған тек №№58, 61, 79-1, 111 баптары бойынша қазірге ондаған іс табылып отыр. 1926-1939 жылдардағы ісқағаздар төте жазу (*арапша*) мен латын қарпінде жазылған. Олар негізінен түсініктемелер, хаттама жауаптары, куәлердің түсініктеме хаттары. Ал орыс ұлтының ОГПУ дің тергеушілері мен соттары тергеу хаттамаларын орысша толтырған. Соған қарағанда «бай» табынан шыққан жауапкерлер орысша жазу, оқуды білмеген. Олардың басым бөлігіне «сауаты жоқ» деп көрсетілген.

Бірнеше колхоздар шоғырланған Сайрам ауданының Қарамұрт ауылында күштеп жүргізілген колхоздастыру науқаны кезеңіндегі істерді оқи отырып колхоздардың алғашқы жылдары дұрыс жұмыс істемегенін байқауға болады. Мақта, ет, астық салықтары мәжбүрлі түрде салынды. Әсіресе, бұл байларға қатты зардап боп тиген. Байлардың мал-мүлкі тәркіленіп, соңынан олар колхозға өткізілген, кедейлерге үлестіріп берілгені Қарамұрт колхоздарында азық-түлік тапшылығы мен наразылықтарды туғызған.

Бұл науқандар кеңестер өкіметіне деген сенімді жоғалта бастады. Ақыр соңында ол ашаршылықтың жайылуына әкелген. Отандық тарихымызда бұл оқиғаларды «зобалаң жылдары» деп атайды. Оның 1929-1933 жылдары орын алғаны тарихқа мәлім.

Ал жергілікті жерлерде соның ішінде Қарабұлақ ауылынан шыққан бай, ірі бай, орташа байлар-кулактар «қанаушы-эксплуататорлар» деп танылғандарды ақтаймыз ба, ақтамаймыз ба... Осы мақсатта «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылаудағы істер» деп аталатын №168 қор (ТОМА. 168 қор. 1 тізбе, 76 іс. 46 п.) мен «Сайрам ауданы халық сотының материалдары» атты № 505 қорды (ТОМА, 505 қор, 1-тізбе, 13-іс.) қарастырылды.

Сайрам ауданында 1930 жылдың басынан желтоқсанға дейін мақта талшығының түсімі туралы жалпы мәлімет мынадай.

Сатып алынды: 1,559819 / 140,432 кг.

Сайрам ауд. бойынша 885253/ 502798

Кедей.238371кг. Орташа 122670 кг. кулак 21412 кг.

Колхозға. 103780 кг. Өткізілген. (ТОМА. 168 қор.131 іс. 50 п.)

Материалдар мен әдістер. Жұмыстың басты мақсаты – нәтиже. Нәтижеге салыстырмалы талдау және жіктеу арқылы қол жеткіздік. Архив құжаттарын оқып отырсақ 1920 жылдардың соңында КСРО-ның мақта шаруашылығында үлкен қиындық орын алғандығы анық байқалады. Мақтаның еңбекті көп қажет ететін дақыл екенін, мақта өндірісінің ол кезеңде механикаландыр-ылмағанын, мақта алқаптарының жыл бойы, таңнан кешке дейін шиеленісті жағдайында жұмыс істеу керек екендігі тек мақта мамандарына ғана белгілі емес. Оны көпшілік біледі. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында қатты таптық күрес жағдайында жүріп жатты. Таптық күрестің қиындығы, өйткені «мақта үшін күрес – социализм үшін күрес» деп ұран тасталды.

КСРО ның мақта тәуелсіздігі үшін Шымкент мақта зауытының құрыл-ысын уақытында аяқтау көзделді. 1931 жылы 31 тамызда зауыт құрылысы аяқталды. Орнату жұмыстары 70 пайызға аяқталды. Бөлшектер мен жабдық-тарды қабылдаудың біршама кешігуі байқалыпты. Құрылысқа сондай-ақ үлкен ағаш, шатыр темірі және ақша қажет екендігін тілші Лебедев баяндаған («Советская степь». 31 тамыз, 1931).

«Советская степь» газетінің тілшісі Малиновский «Аудан аралық мақта жиналысы ашылды» деп хабарлама жасайды (Советская степь, 1931 г. № 31-34). Ол 1-қыркүйекте облыстық мақта жиналысы өткен уақытта ашылды. Конференцияда алдағы егін жинау және өткізу науқанына қатысты мәселелермен қатар, 1932 жылғы мақта егісіндегі мақсатты көрсеткіштер мен оған байланысты күзгі жұмыстар да талқыланады. Жиынға жүзден астам аудан еңбеккерлері қатысты. Мақта теретін машиналар – Қазақстанның егістіктеріне аттанады. Ақ шіркеу-Белое Церковь 1931 жыл, 3 қыркүйекте Қазақстанға зауыттан 30 мақта теретін машина тиелді. Шілде және тамыз айларында 20 данасы жөнелтілді. 10 қыркүйекте тағы жөнел-теміз» делінген. Бұл мақала басты тарихи фактор 30 мақта комбайнының Қазақстанның оңтүстік өңіріне жөнелтілуі болаты («Советская степь», 1931, 10 мамыр).

Сайрам ауданында шоғырланған колхоздардың тізімі: 18 желтоқсан, 1930 жыл. (ОҚО әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамалық, 2020)

1. Ленин
 2. Сталин
 3. Красный Октябрь
 4. Красный Пресня
 5. Сталин Манкент
 6. Рабочий
 7. Кайтмас
 8. Қайнар Булак
 9. Сайрам
 10. Трактор
 11. Кзыл Байрак
 12. Кзыл Мехнат
 13. Мехнат
 14. Берляшу
 15. Кзыл Кетман
 16. Кзыл Кышлак
 17. Янги Юль
 18. Кзыл Билек
- Қишлақтар атауы

1. Чимкент Қакпа
2. Базар Қакпа
3. Қарамурт Қакпа
4. Бел Қакпа
5. Ярғанлық
6. Султан Рабат
7. Манкент
8. Қарабулақ
9. Қарамурт

Талқылау. 2022 жылы 2 желтоқсан күні М. Әуезов атындағы ОҚУ да өткізілген «XX ғ. бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңақазақстандық қоғам көзқарасымен зерделеу мен зерттеу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында өңірдегі саяси қуғын сүргінге қатысты архив құжаттарының материалдарына сәйкес ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері талқыланды.

Конференцияда Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің проф-ессоры, «Рухани жаңғыру» бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Х.Әбжанов өз баяндамасында «Қуғын-сүргін объективті қажеттіліктен туындаған жоқ. Ол мемлекеттік билікті кездейсоқ қолға алған ашкөз қауымның өзін-өзі қорғағаны. Большевиктер қондырма деп атаған саяси-идеологиялық жүйе қуғын-сүргіннің қайнар бұлағы, локомотиві,

ұйымдастырушысы әрі дем берушісі миссиясын атқарды. Партия басқарған бұл жүйе бар жерде бірін-бірі қайталаған егіздің сыңарындай еді. Қазақстан дағысының көрші Өзбекстан мен Ресейдегіден, іргесі бөлек Украина мен Кавказдағыдан тарыдай айырмашылығы болған жоқ. Заңсыздығы мен қатыгездігі шектен шыққан жұмысқа жөндеттерден басқа білетті, талантты адамдар тартылды, басымдық славян тегіне, бірінші кезекте орыстарға берілді» деп атап көрсетті (Әбжанов, 2022: 17). Иә осындай өкілдер Сайрам ауданына да тартылды.

Күштеу мақта науқаны кезеңде ұжымдастыруға душар болған Сайрам ауданының Қарабұлақ, Қарамұрт, Базар Қақпа, Ярғанлиқ, Манкент ауыл мен колхоздарын атап көрсетуге болады. Осы ауылдарда ұжымдастыруға қарсы шыққаны үшін әкімшілік және қылмыстық тәртіппен жазаланғандардың аты жөндері белгілі болып отыр. Сайрам ауданында қашуда жүріп ұсталған бай-кулактар туралы Шымкент қаласы прокуратурасы мен Сайрам ауданы милициясы арасындағы хаттар сақталған. Онда Юнусходжаев Абдужаит, Зулқарнаев Маткерим, Низамутдинов, А. Швачко, К. Швачко, А. Швачко бұрынғы бай кулак элементтер ретінде айыпталғандар «Билинково», «Ярғанлиқ» селосынан қашып Қарабұлақ ауылы, Манкент селосы, Қарамұрт селоларынан ұсталған. Қайта тергеуге алынған оларға 58 -8-9, 58-10, 61-III, 111 баптар бойынша іс қозғалады. Іс 1931 жылы 9 сәуірден бастап қозғалып, тергеу, анықтау жұмыстары 1932 жылдың 12 тамызына дейін Манкент-Сайрам ауданының прокуроры Ибрагимовтің бақылауында жүрген (ТОМА, 168 қор, 1 тізім, 316-іс, 17 п).

Прокурор Ибрагимовтің Қаз АССР прокурорына жазған аса құпия хатында бұрынғы бай, панисламист Зулқарнаев Маткеримнің 58-8 бабымен айыпталып жатқанын көрсеткен. Оның аса қауіпті контрреволюциялық элемент екенін айта келе «ол мақта жиын терімі кезінде жұртшылық арасында кеңес жүйесіне қарсы үгіт жұмыстарын жүргізіп, мақта науқанының нәтижелі аяқталуына кедергі келтірді» (ТОМА, 168 қор, 1 тізім, 316-іс, 17 п) дейді. Республика бас прокуратурасынан Зулқарнаев Маткеримге контрреволюциялық жұмыстары үшін ең жоғары жазалауға ұсыныс білдіреді.

1931 жылы 16 қыркүйектегі «Советская степь» газетінің номерінде Сайрам ауданының колхоздар, кишлак кеңестері Кеңес төралқасы Грушицын, Ламиев, Бондарь, Смигарнев ұяшықтар мен руководтық ұйымдардың хатшыларының кеңесі БКП(б) ҚАЗөлкелік, қазсовнарк, крайколхозсоюз және казтрактор және "Советская степь" және "Энбекши казак" редакцияларына мақтаны жинау және тапсыру жоспарын толық және мерзімінде орындалатынына рапорт беріп сендіреді. Рапортында Сайрам ауданында биыл 8 мың 752 гектар мақта егілді. Мемлекетке мақта жинау және дайындау жоспары 5990 тонна болды («Советская степь» газеті, 1931 жылы 16 қыркүйек).

Әр колхоз бойынша сатып алудың бақылау сандары колхозшылардың үлкен жиналыстарында талқыланды.

Бірінші қыркүйекке дейін барлық колхоздарда мақта жинау және тапсыру жұмыстарының жоспарларын талқылау және бекіту аяқталды.

Колхозшылар бригадаларға бөлініп, бригада басшылары тағайындалып, бекітіліп, әрбір жеке учаскеге мақта жинауға жауапты уәкілетті өкілдер де бекітілді.

Колхоздарда мақтаны жинап, тапсыру туралы ақпаратты селолық Советке дер кезінде жеткізуге жауапты адамдар сайланды.

Ылғалды ауа-райында шитті мақтаны сақтауға арналған үй-жайларды сатып алу орталығына тапсырғанға дейін дайындау аяқталды.

Біз қаптаманың болуын және қажеттілігін тексердік.

Мақтаны тасымалдауды қамтамасыз ету шаралары қолға алынды. 48 көпір бекітілді.

Мақта жинау науқаны кезінде барлық колхоздарда жылжымалы питомниктер ұйымдастырылған.

Мақта жинауда жұмыс істейтін колхозшыларды қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру дайындалды.

Сатып алу жоспарын уақытылы 100 пайызға орындау, еңбек тәртібін нығайту және өндіріс нормаларын арттыру үшін әлеуметтік жарысты ұйымдастыру бойынша өз ара келісімдер жасау жұмыстарын кеңейтіп жатырмыз.

Күзгі жер жыртуды бастадық. 5 қыркүйекте 615 гектар жер жыртылды.

Біз қалдықтарды ұйымдастырамыз. Әрбір колхозда совхоздарға, МТС-терге және мемлекеттік ұйымдарға жұмысқа жарамды колхозшылардың кемінде 10 пайызы бекітілді» делінген («Советская степь» газеті, 1931 жылы 16 қыркүйек).

Зерттеу нәтижелері. «Советская степь» газетінің 1931 жылдың 17 тамызындағы санында Түркі-стан. (ҚазРОСТА). «Мақта күтпейді» атты фельетондық мақала жарияланды. Түркістандықтар мақта жинауға дайындық қарқыны мен уақытын «ұмытып» кетті деп басталады («Мақта күтпейді // «Советская степь» газеті, 1931 жылы 17 тамыз).

Мақта жинау науқанының басталуына өте аз уақыт қалғанымен, Түркістан облысында мақта жинау науқанына дайындық жоқтың қасы. Колхоз одағымен бірігіп жатқан райкоз кәсіподағында таратушы көңіл-күй бар. МТС мақта-мата кәсіподағынан жұмысшыларды күтумен қатар, оқытуды да жүргізбейді» делінген.

«Советская степь» газетінің 21 қыркүйек 1931 жылғы санында «Чимкент өткен қателіктерді қайталады» деген баянхат жарияланды («Советская степь» газеті, 1931 жылы 21 қыркүйек.). Онда : «Партияның астық дайындауды мақта жинау науқаны басталғанға дейін аяқтау туралы нұсқауы орындал-мады. Мақта жинау науқаны басталды, бірақ ол астық жоспарының 36 пайызын ғана берді..» делінген.

Аса маңызды экономикалық және саяси науқанға деген осындай көз-қарасты басқа да бірқатар ұйымдардан байқауға болады.

Мақта жинау науқаны қарсаңында Түркістанның егін жинау науқанына дайындығы өте төмен. Шындығында, облыста мақта жинау мен дайындауды ұйымдастырушы кім болуы керек екені белгісіз, өйткені облыстық комитеттің 28 мамырдағы бұл функцияларды МТС-ке беру туралы шешіміне қарамастан, Түркістан облысында. мақта жинау және дайындау науқан-ындағы МТС-тің рөлі әлі де анық емес» делінген беделді газетте жарияланған мақалада.

Архивте сақталған бір жыл бұрынғы Сайрам ауданында орын алған мына келеңсіз фактіге аударуға тура келіп тұр. 1930 жылы 26 желтоқсандағы Сайрам аудандық № 22-бөлім халық сотының қолындағы болған қылмыстық істер турасында мақта ісі туралы сот болып, үкім болғандары туралы мына кестеден көруге болады.

р/с	Аты жөні	Тұрмысы	Тұратын қышпағы	Ұлты	Қойылған баптары	Неше жыл тұтқынға үкім болған	Құқықтан ажырағаны	Бұл істегі айыптылар қанша	Босатылғаны
1	Садыққожа Ибраһимқожа	саудагер	Сайрам	Өзбек	58(10), 169-79	5	4	2	1
2	Миррозы	Имам	Сайрам	Өзбек	74 II	2 ½	2 ½	5	2
3	Розықұл Ираулы	Бай	Манкент	Өзбек	169 II, 131, 61 III				
4	Зиябек Ақмерұлы			Өзбек	169 II, 107, 79 I	4	3	1	
5	Хайлат Розметұлы		Сайрам	Өзбек	107, 61				
6	Баян Назарбайұлы		Қарабұлақ	Өзбек	79 II, 119 II	4	3	7	4
7	Рахымша Сұлтаншаұлы		Сайрам	Өзбек	61, 107	14 ай	½	4	1
8	Мірхамит Міртәліпұлы	Саудагер	Сайрам	Өзбек					

9	Әбдірайымхан Тәжібаев	Кулак	Сайрам	Өзбек	79 II	4	4	1	-
10	Ғымал Исаұлы	бай	Қарабұлақ	Өзбек	169 II, 131,61 II	5	5	1	

Сонымен қатар, ірі колхоз саналған Қарабұлақ ауылындағы күштеп колхоздастыру науқаны туралы сот, тергеу құжаттарын оқи отырып колхоздардың алғашқы жылдары дұрыс жұмыс істемегенін көруге болады. Мақта салығымен қатар ет, астық түрінде алынды. Олар мәжбүрлеп жүргізілген. Әсіресе, бұл ауқатты байларға қатты зардап боп тиген. Осыдан Қарабұлақ колхозында азық-түлік тапшылығы орын алған. Ақыр соңында аштыққа ұрынған, ол ашаршылықтың жайылуына әкелген. Колхоз құрылысына қарсылықты тек бай, орташа бай, діндар адамдардың әрекетінен көруге болады. Қызығы сол олар өздерін кінәлімін деп санамаған. 58-7,10-баптары бойынша «колхозға қарсы үгіт насихат жұмысын жүргізді» және жеке мал-дарын базарға сатып пұлдады колхозға өткізбеді деген «контрреволюциялық айыптаулар» тағылған. Олардың кейбіреулерінің аты - жөндерін көрсетіп және әрекеттері туралы айта кетейік. Айталық, 1930 жылы 48 жастағы Тошметов Ниязмет Қарабұлақ ауылының белгілі байы саналған. Ол 61-3 және 79 -1 тармағы, яғни екі баппен сотталған (ТОМА. 168 қор. 1 тізбе, 76 іс. 46 п.) 61-3 бап- «мемлекеттік маңызы бар жұмыстарды орындауда бас тарту...», ал 79-1 бап «мемлекеттік кәсіпорындарға тиіселі мүліктерді өрескел түрде жою» болып табылады. Ол бұрын мал саудасымен айналысқан алыпсатар болыпты. Бірнеше гектар бау-бақша өсірген, егіншілікті те кәсіп еткен. Ол кедей-батрактар еңбегін пайда-ланған «эксплуататор» деп танылған. 1929 жылы мал-мүлкі кәмпескіленген. Осы жылы құрылған «Қайтмас» колхозына мүше де болып кірген. Ол колхозда мақта егуге қарсылық кең етек алған. Мақта тұқымын егу тапсырмасын орындамаған. Астық салығын да орындамай 1929 жылы көрші Өзбекстанға қашып кеткен. 1930 жылы ол жақтан қайта оралған соң ұсталып Сайрам аудандық сотында жоғарыда аталған екі баппен сотталып түрмеге тоғытылған.

1930 жылы 27 желтоқсанда ОГПУ тергеушісі Мустакимов Қарабұлақ ауыл-ының бұрын кәмпескеленген мына байларының қылмыстық істеріне тергеу жұмыстарын аяқтап, істерін сотқа өткізген екен (ТОМА. 168 қор. 1 тізбе, 76 іс. 46 п.):

1. Умаров Усмантай – 38 жаста. Тегі өсімқор саудагер. Екі сиыры, бір жылқысы қалған. Астық, ет салығын орындамаған.

2. Тойметов Нияз әлі – 60 жаста. Тегі бай. Астық, ет салығын орындамаған.

3. Темиров Тайхана – 48 жаста. Бай. Бұрын кәмпескеленген. Бір өгіз, екі сиыр, екі жылқысы қалған. Астық, ет салығын орындамаған.

4. Исраилов Сағидулла – 34 жаста. Тегі бай. Екі жылқы, екі сиыры қалған. Астық салығын орындамаған.

5. Артықбаев Мутали – 53 жаста. Тегі бай. Бір сиыр, бір есегі қалған. Астық салығын орындамаған.

6. Қасымходжаев Абдураим – 55 жаста. Тегі бай. 1929 жылы кәмпескеленген. Бір сиыры мен бір жылқысы қалған. Астық, тұқым себу жоспарын орындамаған.

7. Умаров Садық – 49 жаста. Ауқатты шаруа. Тұқым себу мен астық жоспарын орындамаған.

8. Абдуллаев Сағидулла – 72 жаста. Имам. Ауқатты орта шаруа. Бұрында 61 баппен істі болған. Тағы да осы бапқа және «контрреволюциялық» 58 бапқа ілінген.

9. Умаров Қошқар – 53 жаста. Тегі бай. Мүлкі кәмпескеленген. Астық салығын орындамаған.

10. Умаров Абдусамат – 38 жаста. Тегі саудагер. Астық салығын орындамағаны үшін кәмпескеленген.

11. Ташметов Сағамбек – 47 жаста. Мал саудагері. Ет салығын орындамаған.

Кеңес өкіметі алдымен бұл байларға колхоз жүйесімен егін егіп, оған қарайлап, жиым теріп жасап, салық түрінде есеп беруін міндеттеген болатын. Бірақ олар бұлай істегісі келмей колхоз жүйесіне қарсы ауылында «бұл кеңестер билігі ұзаққа бармайды, колхоз дұрыс емес, өзіміздің сақтаған тұқымымызбен себеміз, оның өнімін өзіміз белгілейміз.» деген секілді үгіт- насихат сөздер айтып, қарсы әрекет еткен. Тергеуші Мустакимов жоғарыда аталған байларға қатысты 58-10 және 61-2 баптармен қылмыстық істер қозғайды. 1931 жылы

3 қаңтарда аудан прокурорының шешімімен «домзакқа – түрмеге» сотқа дейінгі тергеу жұмысы үшін жабылады. Сот баршаға үлгі болу үшін ашық жүргізіледі.

1929-1931 жылдарда Сайрам ауданының Манкент селосы да күштеп ұжымдастыруға душар болды. Манкент селосына қарасты «Ленин» колхоз-ының тұрғындары Қажиматов Айтмат Ерсиматуғли, Рахматов, Ашурматов-тар Қылмыстық кодекстің 58-бабының 9, 10 тармақтары және 73 ші баппен құғынға ұшырады. Олардың кәсіптері бөз тоқушы – қолөнерші, киім тігінші еді. Жеке тігін машиналары мен жеке дүкендері де болды. Жалдамалы жұмыскерлердің еңбектерін пайдаланды. «Қанаушылар» ретінде тұтқын-далуға дейін «Ташкент жаққа қашып кетуіне байланысты...» [4] деп іс уақытша тоқтатылған. Осылайша, Рахматов пен Ашурматовқа іздеу жария-ланады. Ал Қажиматов Айтматтың белгісіз жағдайда қайтыс болған-дығы туралы мәлімет бар.

Колхоз құрылысына қарсылықты Манкент пен Қарамұрттағы байлар, діндар адамдардың әрекетінен көруге болады. Олар өздерін кінәлімін деп санамаған. Атап айтсақ, 58-7, 10-баптары бойынша «колхозға қарсы үгіт насихат жұмысын жүргізді» және жеке малдарын базарға сатып пұлдады колхозға өткізбеді деген «контрреволюциялық айыптаулар» тағылған.

Ең қызық деректер Манкент селосының аға – інілі байлары Бердикулов Назар мен Бердикулов Султанқұлға қатысты кездесті. Олар ОГПУ тарапынан тұтқындалған 1930 жылы Султанқұл 51 жаста, Назар 49 жаста болыпты [1,13п]. Сол жылы әрқайсынына 100 пұттан мақта салығы салынады. Бір-неше жылқы мен ірі қара малдары кәмпескіленеді. Олар, 1929 жылға дейін адамдарға пайызға ақша беріп өсімқорлықпен айналысып келген екен. Жыл сайын бірнеше кедей шаруалардың еңбектерін өз қожалықтарында пайдаланып келген «эксплуотаторлар» деп айып тағылған. Кеңес өкіметі көрсеткен осындай әділетсіздікке олар шыдай алмай Манкентте 1930 жылдың мамырында 500 ге жуық адам қатысқан ереуіл ұйымдастырады. Ол ереуіл милицияның, халық жасақтарының күшімен таратылады. Ағайынды Бердіқұловтар тұтқындалады. Олар колхоздарды таратуға байланысты және кеңес билігінің жүйесіне қарсы ашық насихат жүргізгені үшін РСФСР қылмыстық кодексінің 58-10 бап, 61-3 баптарымен істі болады. Ереуіл жасады деп айыпталады. Ол жөнінде көптеген куәгерлерден жауап алынған екен. Мысалы, Рузиметов Ризатай-батрак, Ниязқұлов Ергеш 1926 жылдан партия мүшесі, Нишанов Қидир, Ибраимов Рузакул, Мурзакамданов Мамадияр - батрак, Сариев Ишанқұл - 1919 жылдан партия мүшесі, Каримов Макхам – кедей-батрак, Кушаков Абдуғафур – кедей, Кушаков Абдураим- партия мүшесі, Нарқараев Вали. Бұлардың барлығы колхозға қарсы ереуілді басты ұйымдастырушылар Бердіқұловтар екенін көрсеткен. Олар: «Бердіқұлов-тардың ата-бабалары бай болған, өсімқор болған, олар бізді кеңес билігіне қарсы ашық наразылыққа шақырды...» деп түсінік хат берген. Олардың ісін ОГПУ дің бригадир уәкілі Джумалин жүргізеді.

«Советская степь» газетінің 1931 жылы 12 қарашадағы номерінде Сайрам ауданына қарасты «Бірінші Май» колхозынан хабарлайды. 4 қарашадағы жағдай бойынша келесі міндеттер орындалды: мақта бойынша 100 пайызға, нан бойынша 250 пайызға, ет дайындау 105 пайызға (IV тоқсанның жоспа-ры). Колхоз қол жеткізген табыстар бізді халықаралық жағдайдың шиеле-нісін ескере отырып, бесжылдықты орындау, елді нығайту жолында бұдан да зор жігермен күресуге міндеттейді.

Колхозшылар партия мен үкіметтің барлық тапсырмаларын артығымен орындау үшін бірдей жігермен күресетіндіктеріне үкімет пен партияны сендіреді. Колхозшылар кулактарға қарсы қиян-кескі күрес жүргізуге, колхозды жат элементтерден тазарту, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, кірісті дұрыс бөлу, тегістеу мен иеліктен шығаруды жою арқылы нығайтуға міндеттенеді» деп жазыпты.

Сайрам ауданындағы осы әрекеттердің нәтижесінде төмендегі кестеде көрсетілгендей Манкент мақта тапсыру пунктіне жоспар бойынша мақта талшығы түспей қалған.

Манкент ауылындағы колхозшылар мен жеке шаруа қожалықтарына шитті мақтаны тапсыру туралы № 5 Манкент мақта сатып алу пунктінің мәліметі (ТОМА.168-қ. 1-тіз. 316-іс 17-п.)

Наименования колхозов и инвидульнымими хозяйств	Законтрактовало га	Причитается к сдаче в них	Сдача по 1 января 1932	Не додано	Примечания
Колхоз им Сталина	555	377400	352009	25395	
им 1 Мая	220	149600	197119	-	
Им Карла Маркса	149	101320	77470	23850	
Индивидуальные хозяйства					
Барганлык	347,61	227675	84044	485086	
Топса производства	521,32	341455			
Школа им Калинина	5	3275	14768	1798,2	
итого	1797.93	1200725	712114.8	488610.2	

1931 жылы «Советская степь» газетінде жарияланған баян хаттағы мына кестеде мақта жинау бойынша Казхлосканың қысқаша ақпараты берілген. Көңіл аударатын жәйт, Әулиеата, Шу мен Жаркент ауданында да мақта талшықтары егілген екен.

Жаңақорған	76,8%
Бостандық Қаратау	70,9%
Арыс	71,7%
Бугун	69,6 %
Түркістан	62,1%
Шымкент	60,9%
Талас	58,8%
Шу	58,8%
Сайрам	58,7%
Әулие-ата	53,6%
Қызыл-Құм	51,0%
Пахта-Арал	49,1%
Келес	40,3%
Жаркент	19,7%

Қорытынды. Қорыта айтсам, ТОМА дағы және «Советская степь» газетінде колхозды мәжбүрлеп құрудағы асығыстық, аштық туралы бір ауыз мәлімдеме не факті кездеспейді. Архивтегі құжаттарда айыпталушылардан алынған төте жазу (арапша) өзбекше мәтінде жазылған түсініктемелерде «бала шағам, туыстарым аш отыр, қазаным қайнамай қалды, егуге бар дәнді колхозға өткізгем, соның біразын сұрауға бардым.. т.б» мазмұндағы жауаптарды оқуға болады. Оны тергеуші сұрақ хаттамасына себептерін басқаша жазып қоспауына амалы болмаған, өйткені, «ұрладым», «тонадым», «кеңес өкіметінің колхоз құрылысына қарсымын» деп соңынан жаздырып, қол қойдырып алған. Бірнеше жылды арқалап лагерге жөнелтіліп жабылып, қара жұмысқа жегіліп кете берді. Бұларды ақтаймыз ба, ақтамаймыз ба... Мемлекет басшысы бағыт берген Ұлттық жад институтын құру аса маңызды. Оған тоталитарлық режимнен жәбір көргендерді толық енгізу және оларды саяси ақтау уақыт талабы.

Шындығында, байлар, кулактар ауылды асыраған, ауылдың тыныштығы мен берекесін сақтаған қайраткерлер болатын. Олардың құғынға ұшырап, яғни күштеп колхоздастыруға ұшыруының себебі, яғни бар кінәсі ауқатты бай болғаны еді. Тоталитарлық жүйе социалистік қоғамға жат элемент сана-лған байларды, кулактарды құртпайынша жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принциппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан. Мақта еккені үшін оны сатып мардымсыз ақы алды. Ол отбасын асыруға жетпеді. Шымкент пен Сайрам ауданындағы колхоздар мақтадан гөрі астық егуге бейім болыпты. Оның себептері түсінікті.

Ауылдың асыраушылары болған байларға бұл қатаң салықтар қатты зардап боп тиген. Осыдан азық-түлік тапшылығы орын алған. Ақыр соңында халық аштыққа ұшырайды. Қылмыстық кодекстің 58-10, 7 тармақтарына сәйкес оларға «колхозға қарсы үгіт насихат жұмысын жүргізді, малдарын базарға сатып пұлдады, қолдан сойып тастады, мақта жоспарын орындамады» деген секілді тағылған айыптар негізсіз болатын. Ең бастысы, байлар өздеріне тағылған осы айыптарды мойындамапты.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың «...заңсыз қудалау құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын толық аяқтауды» [12] тапсыруына байланысты осы кісілерді саяси ақтауға ұсыну заман талабы.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Әбжанов Х. Қазақстандағы құғын-сүргіннің жалпы сипаты мен ерекшеліктері // «XX ғ. бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан өңірін-дегі саяси қуғын-сүргін: жаңақазақстандық қоғам көзқарасымен зерделеу мен зерттеу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022. 312 б.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы./ Егемен Қазақстан газеті. 24 қараша, 2020

Мақта күтпейді // «Советская степь», 1931, 17 тамыз.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамалық (1928-2011 жж.), II-басылым. Шымкент. 2020. 335 б.

«Советская степь». 31 тамыз, 1931

«Советская степь» газеті. 1930-1931 жж. №31-34

«Советская степь» 1931 жылы 10 мамыр

«Советская степь» газеті, 1931 жылы 16 қыркүйек

Түркістан облысы мемлекеттік архиві (ТОМА) «Сайрам ауданы сотының материалдары» деп аталатын 505 қор, 1-тізбе, 13-іс.

ТОМА. «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылаудағы істер» деп аталатын 168 қор. 1 тізбе. 76 іс. 46 п.

ТОМА. 168 қор. 1 тіз. 131 іс. 50 п.

ТОМА. 168 қор. 1 тіз. 316-іс, 17 п

References

Abzhanov H. Qazaqstandaǵı quǵın-surginnin jalpı sipaty men erekshelekteri [The general nature and peculiarities of repression in Kazakhstan] / "XX century. Collection of works of the international scientific and practical conference entitled "Political persecution in the South Kazakhstan region in the first half of the year: study and research from the point of view of the new Kazakh society". Shymkent: "Alem" publishing house, 2022. 312 p. [in Kazakh]

Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2020 № 456 "On the State Commission for the Complete Exoneration of Victims of Political Persecution"./ Egemen Kazakhstan newspaper. November 24, 2020

Maqta kutpeydi [Cotton does not wait] // "Soviet steppe", 1931, August 17. [in Kazakh]

Ontustik Qazaqstan oblısının akimshilik-awmaqtiq qurılımı twralı anıqtamalıq (1928-2011 jj.) [Handbook on the administrative-territorial structure of the South Kazakhstan region (1928-2011)], II-edition. Shymkent. 2020. 335 p. [in Kazakh]

"Soviet Steppe". August 31, 1931

"Sovetskaya steppe" newspaper. 1930-1931 #31-34

"Soviet Steppe" May 10, 1931

"Sovetskaya steppe" newspaper, September 16, 1931

State archive of Turkestan region (SATR) F. 505, In. 1, C. 13 "Sairam district court materials".

SATR. F. 168 "Cases under industrial control of the Cairam district prosecutor's office". In.1, C. 76. L. 46.

SATR. F. 168. In.1. C. 131. L. 50.

SATR. F. 168. In. 1. C. 316. L. 17

ҒТАХР 03.20.00

**1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН
КОЛХОЗДАРЫНА АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН КӨМЕК КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ****Сақабай Толқынай Қуандыққызы^{1*}**

¹1-ші оқу жылы докторанты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ., E-mail: tolkinist78@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Мақала 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстан колхоздарына азық-түлікпен көмек көрсету мәселелеріне арналған. Мақаланың мақсаты – 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңінде Орталық Қазақстан өңірінде аштыққа ұшырағандарға көрсетілген көмек шаралары мен түрлерін зерттеу болып табылады. Бұл аспекті Қарағанды облысы Нұра ауданы мысалында жергілікті архив қорларынан алынған құжаттар негізінде қарастырылды. Автор Нұра аудандық архивынан кеңес билігі тарапынан бидай, тары және т.б. түрінде азық-түлік көмегін алған колхоздардың тізімін анықтап, осылардың негізінде көрсетілген көмектің жеткіліксіз дәрежеде болып, аштықтан зардап шеккендердің қажеттіліктерін толық қанағаттандырма алмағандығы туралы қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: Орталық Қазақстан, ашаршылық, азық-түлік көмегі, мұқтаж колхоздар, көмек мөлшері.

МРНТИ 03.20.00

**МЕРЫ ОКАЗАНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ ПОМОЩИ
КОЛХОЗАМ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА
В ПЕРИОД ГОЛОДА В 1931-1933 ГОДАХ****Сақабай Толқынай Қуандыққызы^{1*}**

¹Докторант 1-го года обучения, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова. Казахстан, г. Караганда. E-mail: tolkinist78@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аннотация. Статья посвящена вопросам продовольственной помощи колхозам Центрального Казахстана в период голода 1930-х годов. Цель статьи – исследовать основные продовольственные меры и способы по оказанию помощи голодающим Центрального Казахстана в период голода в 1931-1933 гг. Данный аспект был рассмотрен на примере Нуринаского района Карагандинской области на основе фондов местного архива. Автором были обнаружены списки колхозов которые получили продовольственную помощь в виде пшеницы, проса и т.п. от советского руководства. Выводы автора сводятся к тому что оказываемая помощь была не полноценной и не удовлетворила потребности голодающих в полном объеме.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, голод, продовольственная помощь, нуждающиеся колхозы, объем помощи.

IRSTI 03.20.00

**MEASURES TO PROVIDE FOOD AID TO COLLECTIVE FARMS IN CENTRAL
KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE IN 1931-1933****Sakabay Tolkynay Kuandykkyzy^{1*}**

¹Doctoral student of the 1st year of study, Karaganda Buketov University. Kazakhstan, Karaganda. E-mail: tolkinist78@mail.ru

*Corresponding author

Abstract. The article is devoted to the issues of food aid to collective farms in Central Kazakhstan during the famine of the 1930s. The purpose of the article is to explore the main food measures and ways to help the hungry of Central Kazakhstan during the famine in 1931-1933. This aspect was considered on the example of the Nurinsky district of the Karaganda region on the basis of the funds of the local archive. The author found lists of collective farms that received food aid in the form of wheat, millet, etc. from the Soviet authorities. The author's conclusions are that the assistance provided was inadequate and did not fully meet the needs of the hungry.

Keywords: Central Kazakhstan, famine, food aid, collective farms in need, volume of aid.

Кіріспе. XX ғасырдың 20-30-шы жылдар аралығы Кеңес үкіметінің жүргізген социалистік қайта құрулары сол кездегі КСРО-ның даму негізгі бағытын анықтап, тарихи жолының барысына айтарлықтай әсер етті. КСРО халқын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету большевиктердің басты мәселелердің біріне айналды.

Осы тұрғыда миллиондаған адамның өмірін қиған, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі әсерін тигізген КСРО соның ішіндегі қазақ халқының тарихындағы қайғылы беттерінің бірі - 1930-шы жылдардағы ашаршылық болып табылады. Қазақстандағы ашаршылық тарихы бүгінгі күнге егжей-тегжейлі қарастыруды талап ететін тарихымыздың бір белесі болып табылады. Осы уақытқа отандық және шетелдік ғалымдар 1931-1933 жылдардағы ашаршылық себептері, ауқымы, құрбандарының саны жөнінде бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірақ, аштықпен күрес, ашыққан халыққа азық-түлікпен көмек көрсету шаралары туралы мәселе жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырылған жоқ. Тек, кейбір зерттеушілердің атап айтатын болсақ, неміс ғалымы Р. Киндлердің (Киндлер, 2017:268), итальян ғалымы Н. Пьянчола (Пьянчола, 2004:98) зерттеулерінде ішінара түрде қарастырылды. Сонымен қатар 1990 жылдардың аяғы мен кейінгі жылдарда жарияланып жатқан ресейлік (Трагедия советской деревни, 2001:1008) және қазақстандық (Насильственная коллективизация, 1998:263), (Ашаршылық. Голод. 1928-1934 Т.3, 2021:1028) т.б. архивтік құжаттар мен материалдар жинақтарында кеңестік билік органдарының көмек көрсету шаралары бойынша құжаттары берілген. Осы құжаттар негізінде ашаршылық кезеңіндегі халыққа көрсетілген көмек шаралары мен билік органдарының шешімдеріне баға бере аламыз.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуда анализ, синтез, аналогия, жүйелеу, салыстыру, сипаттау және т.б жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Ретроспективті әдіс оқиғаларды дәйекті қайта құру арқылы белгілі бір процестерді ертерек хронологиялық тұрғыдан зерттеуге және оларды қайта құруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдістің көмегімен тарихи салыстырулар жүргізілді, хронологиялық контексте де- әр жылдары да, жалпы Қазақстан бойынша, Орталық Қазақстан бойынша және зерттелетін өңірдің аудандары бойынша аумақтық тұрғыда да бидай, тары түрінде берілген көмектің жалпы және жеке, сандық және сапалық өзгерістер анықталды. Мақалада қолданылатын маңызды әдістердің бірі-нақты тарихи (идеографиялық), оған сәйкес белгілі бір сюжет, проблемалар егжей-тегжейлі және терең зерттеледі, оның ерекшелігі анықталады. Мақалада қолданылған жүйеге жақын тарихи-типологиялық әдіс жүйелеуге ықпал етті. Осы (негізгі ретінде) және басқа да бірқатар әдістер ашаршылық кезіндегі аштықпен күрестің барысын, көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаланы жазуда негізгі материал ретінде Қарағанды облысы Нұра аудандық архивының «Нұра аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер Кеңесі мен оның атқару органының» 422 қорындағы құжаттар аса мұқтаж шаруаларға көмек көрсету жөніндегі материалдары аудан бойынша аштыққа ұшыраған колхоздарға көрсетілген көмек (шараларын) мөлшерін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау. XX ғасырдың 20-30-шы жылдары басталған шаруашылықты модернизациялау туралы науқандар Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі мен мал санының қысқаруына алып келді. Бұл жөнінде зерттеуші Н.А. Ивницкий «Ұжымдастыру кезінде Қазақстанда мал басы бірнеше есе азайғанына қарамастан, 1931-32 ж. ет дайындау жоспары 255 500 тоннаны құрады. Бұл басқа аймақтарды айтпағанда, Украинадан 1,5 есе және Солтүстік Кавказ бен Батыс Сібір өлкесінен 2,5 есе көп болды» (Ивницкий, 2009: 234) деп атап көрсетеді. Осымен бірге, Қазақстандағы мал санының қысқару деңгейі мен оған себеп болып отырған жағдайлар туралы 1932 жылдың 6 қазанындағы Т. Рысқұлов Сталинге жіберген мәлімдеме

жазбасында: «ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесінде республикадағы мал саны 1928 жылмен салыстырғанда 1932 жылдың ақпанында 40 млн-нан 5,4 млн. басқа, яғни, 86,5%-ға қысқарғандығын және мал басының осынша қысқаруы малды қасақана сою мен асыра сілтеушіліктің, соның ішінде ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесі» - деп атап өтіп (Ивницкий, 2009: 234), мал басының қысқаруы туралы келесі нақты фактілерді келтіреді: Оңтүстік Қазақстанның 10 ауданында 445400 бас малдан етке 103-300 бас тапсырылған, 284300 бас мал талан-таражға салынған, қалғаны 57800 бас. Қорғалжын, Қаратал және Нұра аудандарының колхоздарында ұсақ және ірі мал 100% ортақтастырылған, мал басының кемуі 75-100 % құрайды (Трагедия советской деревни, 2001: 502). Бұған қоса мал мен астық дайындау жоспарының ұлғайтылуы нәтижесінде негізгі күн көріс көзі мал шаруашылығы болған қазақ халқы малдан да, астықтан да айрылды. Сондықтан мал санының 8-10 есе қысқаруының нәтижесінде қазақ ауылдарында азық-түлік тапшылығы пайда болып, жаппай ашаршылық орын алды.

Осылайша, қазақ ауылдарындағы ауыр жағдай, халықтың жаппай аштыққа ұшырауы туралы мәліметтер партиялық, кеңестік органдарға келіп түсіп жатқан жеделхаттар, хабарламаларда беріліп жатты. Мысалы, ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің 1931 жылдың қаңтары мен 1932 жылдың наурызы аралығындағы арнайы анықтамасында Одақтың жекелеген аудандарындағы азық-түлік қиындықтары, халықтың босып кетуі, малдың өлім-жітімі және т.б туралы мәселелерге тоқтала отырып, Қазақстандағы жағдайды былай деп баяндайды: «1931 жылдың қазан айынан бастап, әсіресе егін шықпаған солтүстік аудандарда азық-түлік қиындықтары пайда бола бастады және ол соңғы айларда өткір сипатқа ие болып, басқа аудандарға да таралды. Егер 1931 жылдың қараша-желтоқсан айларында азық-түлік жетіспеушілігі 7-10 ауданда байқалса, қаңтар мен ақпанның бірінші жартысында азық-түлік қиындықтары 20 ауданды қамтыды, ал 28 ақпанда олардың саны 33 ауданға жетті, оның ішінде 10 ауданда жағдай өте қиын. Мәліметтер бойынша, 32 ауданда 232 пункт аштыққа ұшырыған, 1931 жылдың желтоқсанынан 1932 жылдың 10 наурызына дейінгі аралықта барлық пункттарда 1219 аштық өлімі және 4304-ке дейін аштықтан ісіну жағдайлары тіркелді. Өлгендер мен аштыққа ұшырағандардың көбі – колхозшылар болып табылады» (Трагедия советской деревни, 2001: 335). Осындай себептерге байланысты 1932 жылдың жаз айларынан бастап ресми органдардың құжаттарында Қазақстанның бірқатар аудандарындағы күрделі азық-түлік жағдайы туралы мәліметтер беріле бастаған және солардың ішінде БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросының Қазақстандағы жаппай аштық туралы Қаулысын атап көрсетуге болады. Бұл Қаулыда аштыққа ұшыраған халыққа және босып кеткендерге азық-түлікпен көмек көрсету, аштықтың салдарынан таралып жатқан жұқпалы аурулар, панасыз балалардың жағдайы туралы сегіз пункттан тұратын шешім қабылданады. Оның ішінде Қаулыда: «Өлкелік комитет облыстық комитеттер мен аудандық комитеттерге еңбекшілердің жаппай наразылығын туғызып отырған осы құбылыстарға қарсы күрес қазір бірінші кезектегі саяси міндетке айналып отырғанын және негізгі міндет – бүкіл жұртшылықты жұмылдырып, зардап шеккендерге кез-келген (азық-түлік, материалдық және т.б.) көмек көрсету» деп атап өтеді (Трагедия советской деревни, 2001: 404-406).

Сонымен қатар осы қаулыда: «Барлық облыстық және аудандық комитеттерге қолда бар азық-түлік көмегін мақсатқа сай және тездетіп пайдалануға ұсыныс жасалып, орталық жіберген ресурстардың толық пайдаланылуын атап өтіп, бұл азық-түлікпен көмек техникалық іс-шара ретінде өтпеуі керек, пролетарлық мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің маңыздылығына ерекше назар аудара отырып, түсіндіру жұмыстарымен қатар жүруі керек екенін, бұл ретте, бірінші кезекте жаңа егінге дейін азық-түлікке мұқтаж адамдарға көмек пен несие беруден бас тартпай, қайтып көшіп келген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігін» көрсетеді (Трагедия советской деревни, 2001: 404-406).

Соңынан, ОГПУ органдары да Қазақстандағы аштықпен байланысты болып жатқан күрделі жағдайларды келесідей атап өтеді: «Қазақстан Одақтың қолайсыз аудандарының қатарына жатады. Мұның басты себебі – азық-түлік жетіспеушіліктің нәтижесінде бірқатар аудандарды аштық жайлаған. 1932 жылдың 1 шілдедегі азық-түлік жетіспеушілігі 74 ауданды қамтыған. Бұл аудандарда аштықтан өлгендер саны - 8276, аштықтан ісінгендер саны – 12969 тіркелген. Аштыққа ұшырағандар арасында өлексе, тіпті, адам етін жеу жағдайлары тіркелген» (Трагедия советской деревни, 2001: 426). Осымен бірге, аштық туралы тек ресми құжаттарда

ғана емес, жекелеген тұлғалар да мәліметтер берген болатын. Мысалы, 1932 жылдың тамыз айында ҚазақАКСР ХКК төрағасы У.Д. Исаев И.В. Сталинге: «Орталық Қазақстанның 10-12 ауданының халқының едәуір бөлігінің аштыққа ұшырап, 1932 жылдың көктемінде кемінде 10-15 мың адам аштықтан өліп, өлкенің жалпы шаруашылық саны 1931 жылмен салыстырғанда 25% қысқарғаны туралы» жазады (Ивницкий, 2009: 236).

Күз айларына қарай аштық жаппай сипат алып, ол туралы ОГПУ-дың 1932 жылдың қазан айы бойынша берген арнайы ақпараттарында: «аштық салдарынан 14549 адам өлген, олардың ішінде 2500 қыркүйек-қазан айларында өлген» деп көрсетіледі. Сонымен бірге берілген ақпаратта Торғай, Батпаққара, Қарсақпай, Қу аудандарында аштықтың өрши түскені мәлімденеді. Кейбір аудандарда азық-түлікке мұқтаждардың саны 50%-дан 95%-ға жеткен. Мысалы, Абыралы ауданында – 95%, Қу ауданында – 85%, Баянауыл ауданында – 60% халық нанға мұқтаж, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарында азық-түлік тек 1932 жылдың қараша-желтоқсан айларына дейін ғана жетеді, бірақ, қазан айының өзінде аштықтан ісініп, өлгендер бар (Трагедия советской деревни, 2001: 527-528).

Зерттеу нәтижелері. Жоғарыда аталған мәліметтерге сәйкес аштықтың Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын аумақтарында, оның ішінде біз қарастырып отырған Орталық Қазақстан аумағында кеңінен таралғанын байқаймыз.

Осындай жағдай 1932 жылдан бастап Қарағанды облысының құрамына енген Нұра ауданында да орын алды. Біз үшін бұл ауданның мемлекеттік архивы қорларында сақталған құжаттар, соның ішінде аудан халқына көрсетілген азық-түлік көмегі туралы мәліметтер үлкен қызығушылық танытады.

Нұра ауданы архивындағы Нұра аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер Кеңесі мен оның атқару органдарының аса мұқтаж шаруаларға көмек көрсету жөніндегі материалдары ішіндегі БКП(б) Облыстық комитетіне жолданған мәлімет жазбада 1932 жылы Нұра ауданының колхоздарында егін шықпауы және тұқымды шегіртке жоюы салдарынан азық-түлік тапшылығы туындап отырғаны көрсетілген құжатта: «колхозшылардың орын алып отырған ауыр жағдайын ескере отырып, Нұра РК бюросы мен ААК Президиумының жабық отырысында осымен 3 рет колхозшыларға азық-түлікпен көмек көрсетуге өтініш етіп отыр. РК мен ААК тарапынан колхоздардан шұғыл көмек көрсетуді талап еткен өтініштер күнделікті түсіп отыр» (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 1) деп мәлімденген. Бұл мәлімдемеге сәйкес Нұра аудандарындағы колхоздардың 1933 жылға арналған нан және тұқыммен қамтамасыз етілу дәрежесіне сай оларды 3-ке бөліп, колхоздарға көмек көрсету үшін олардың тізімі жасалған. Тізімдегі колхоздарды өзін-өзі қамтамасыз ету дәрежесіне сәйкес келесідей топтастырады: «Бірінші тізімге кіретін 14 Колхоз толығымен азық-түлікпен қамтамасыз етілді, тұқым қорлары толығымен толтырылды және астық жинау жоспарын асыра орындады. Екінші тізімге енетін 8 колхоз азық - түлікпен қамтамасыз етілген және аз қоректігі аз тарымен және тұқыммен қамтамасыз етілген. Үшінші тізімдегі 10 колхоз өз колхозшыларын азық-түлікпен қамтамасыз етпейді, 1933 жылы себуге тұқым жоқ. Бұл колхоздар 1932 жылы өте аз мөлшерде өнім жинады және осы уақытқа дейін олардың көпшілігі нансыз қалды» деп баяндайды. Сонымен қатар колхоздардың астықпен қамтамасыз етудің алдын ала есептеулерін жүргізе отырып, колхоздардың жағдайы жөнінде келесідей қорытынды жасайды: «Бірінші тізім: азық-түлікпен және 1933 жылғы егіс үшін тұқыммен қамтамасыз етілген. Екінші тізім: шаруа қожалықтары 352 бірлік бұл колхоздардың азық-түлікке қажеттілігі 4006 центнер, 6009 центнерден бір шаруа қожалыққа жылына 1,5 центнерден есептеледі. Соңғы жиналған астықтың мөлшері 4814 центнер. Орта есеппен алғанда колхоздардың өнімділік деңгейі 20%-ға төмендеген. Жоспар бойынша тұқымның сақтандыру қорынан 2245,2 центнер себу керек, 459,6 центнер дәнді дақыл себілген. Бұл колхоздар астық дайындаудан және тұқым ссудасын қайтарудан да босатылғанын атап өтеміз. Жалпы түсімінен бұл тізімдегі колхоздардың азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі 72% құрайды. Үшінші тізім: шаруашылық саны 1121 бірлік, азық - түлікке қажеттілік 7588.5 центнер, колхоздар тобының жалпы түсім деңгейі 1691.6 центнер. Жоспар бойынша астық қорынан 3311,62 центнер себу керек болса, іс жүзінде 245,89 центнер астық себілген. Бұл топқа кіретін колхоздар астық дайындау мен тұқым ссудасын қайтарудан да босатылған» деп көрсетеді (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 1). Бұдан көрсетілген колхоздар

тобынан тек қана бірінші топқа кіретін 14 колхоз ғана өзін-өзі қамтамасыз ете алатынын, ал қалған екінші және үшінші тізімге кіретін 18 колхоздың көмекке мұқтаж екендігін көреміз.

Колхоздардың жағдайларын мәлімдей келе, осындай өзі де қиын жағдайда Нұра ауданына Жаңаарқа ауданынан халықтың босып келіп, кейбіреулері тұрақтап қалып, көпшілік бөлігінің одан әрі Ақмолаға көшіп, босып келгендердің мүлдем азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендігін, сонымен қатар өлім жағдайлары да кездесіп жатқандығын хабарлайды (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 2).

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып және колхозшыларда және әсіресе қазіргі уақытта отырықшылыққа көшкен 20 қоныста қоныстанған қазақтарда азық-түліктің болмауына байланысты ауыр зардаптардың туындау мүмкіндігін болдырмау үшін және азық-түлік болмаған жағдайда ғана қазақ халқын отырықшыланған қоныстардан қайтадан көшуге мәжбүрлеу үшін БКП (б) аудандық атқару комитетінен шұғыл жәрдемдесу шараларын қабылдауды сұрайды Нұра ауданының колхоздарын (№3 тізімдегі) 1933 жылғы жаңа егінге дейін желтоқсаннан шілдеге дейін қоса алғанда 8 айға 4856 цент мөлшерінде бірлігіне 12 килодан есептегенде азық-түлік көмегін алуға, ал келесі уақытта тұқым материалдарымен көмек көрсетуді сұрайды (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 2).

Нұра ауданы көмекке мұқтаж колхоздарының және ондағы халық санын келесі кестеден көруге болады:

1 кесте комиссия бекіткен 20/ХІІ-32 жылғы азық-түлікке мұқтаж Нұра ауданы ауылдық кеңестері шаруашылықтары бойынша мәлімет (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 12).

Ауылдық кеңес атауы	Шаруашылық саны	Барлығы жан басы	Жылқы	Сиыр	Түйе	Қой, ешкі	Барлығы
№1 а/к	79	510	2	-	2	-	4
№2 а/к	159	587	-	-	-	-	-
№3 а/к	63	228	-	-	-	-	-
№4 а/к	216	345	1	4	-	-	5
№5 а/к	149	651	1	-	-	-	1
№6 а/к	166	641	-	-	1	-	1
№7 а/к	72	281	2	-	-	3	5
№8 а/к	129	561	2	-	-	3	5
Киевка а/к	48	217	-	-	-	-	-
Иванов а/к	7	22	-	-	-	-	-
Горный а/к	30	92	-	-	-	-	-
Захаров а/к	13	28	-	-	-	-	-
Барлығы	1119	4974	6	4	5	3	16

Кестеден көріп отырғанымыздай 1932 жылдың 15 желтоқсанында Нұра ауданы бойынша 4974 жан басы бар 1119 шаруашылық көмекке мұқтаж, оның ішінде №4 ауылдық кеңесте шаруашылық саны көп болса, ал жан басы №5 ауылдық кеңесте көпшілікті құрап отыр. Ал, бірен-саран мал басы тек №1,4,5,6,7,8 ауылдық кеңестерде ғана сақталып қалған.

Ендігі кезекте архив құжаттарына сәйкес Нұра ауданының колхоздары мен Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендерге және панасыз қалған балаларға көрсетілген көмек мөлшері туралы №2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 05.01.1933 жылға арналған Нұра ауданының аса мұқтаж жандар мен көшпенділердің азық-түлік көмегін алушы колхоздар тізімі (Нұра аудандық мемлекеттік архивы, 11: 21).

Колхоздар атауы	Шаруашылық саны	Бидай	Тары	Ұн	Барлығы
Сталина атындағы колхоз	106	100 п	261 пұт	-	361

Жаңақұрлыс колхозы	68	-	43	-	43
Караой колхозы	51	-	75	-	75
Ақтөбе колхозы	108	-	106	-	106
Қуаныш колхозы	50	-	99	-	99
Қзылту колхозы	191	-	469	-	469
Көкөзек колхозы	132	50	337	-	387
Өрнек колхозы	121	-	129	-	129
Баянды Колхозы	136	-	81	-	81
Жаңабірлік Колхозы	156	-	146	-	146
Кзылшілік колхозы	88	-	146	-	146
Еңбекқорғау Колхозы	101	-	100	-	100
Еңбекші Колхозы	100	-	100	-	100
Гроза Колхозы	53	-	38	-	38
К/волна Колхозы	89	-	20	-	20
Ашық Колхозы	97	-	60	-	60
Ынтымақ Колхозы	64	-	75	-	75
Өркендеу Колхозы	77	-	75	-	75
Кеңес колхозы	17	-	20	-	20
Өндіріс (Уирдыс Ондирис) Колхозы	15	-	20	-	20
Жаңаарқа ауданы	1000	50	974п21ф	-	1024п 21 фунт
Ивановск асханасы (Жаңаарқа)	153 адам	60	10	6п4ф	76 п 4 ф
Пушкин асханасы Жаңаарқа ауд. келген панасыз балалар	52 бала	62п 25ф	16п	10п	88п 35 ф
К/казск. балалар үйі	31	31п 29ф	3п 9ф	-	34п38ф
Барлығы	3036	354 п 14ф	3361п 30ф	16п4ф	3732п 8ф

Кестеде берілген мәліметтерді талдасақ, оған сәйкес азық-түлікке бидай мен ұннан гөрі тары көбірек таратылғандығын анықтаймыз. Барлығы аса мұқтаж 3036 шаруашылыққа 354 пұт 14 фунт бидай, 3361 пұт 30 фунт тары, 16 пұт 4 фунт ұн таратылғанын көреміз. Егер қазіргі өлшем жүйесіне ауыстыратын болсақ, П.= 40 фунт = 16,3805 кг.болса 354п 14 фунт = 5664 кг бидайға, 3361 пұт тары= 53776 кг тарыға, 16 пұт ұн = 256 кг ұнға, барлығы 59712 кг, көлемінде көмек көрсетілген.

Қорытынды. Қазақстандағы шаруашылықты модернизациялау ықпалы негізгі мал шаруашылығымен айналысатын аумақтың бірі - Орталық Қазақстанға, соның ішінде Нұра ауданына айтарлықтай ықпал етіп, халықтың аштыққа ұшырауына алып келді. Кеңестік органдар Қазақстанда болып жатқан жағдайлар туралы хабардар болған. Архив құжаттарына сәйкес Нұра ауданы жағдайында аштыққа ұшыраған колхоздарға мардымсыз болса да үкімет тарапынан көмек көрсетіліп, көмектің деңгейі әр колхозда әртүрлі болғанын анықтадық. Сонымен қатар көрсетілген көмек аштықтан зардап шеккендердің қажеттіліктерін толық

қанағаттандырмады және көмек шынымен ашыққан халыққа дер кезінде жеткізілмеген, жергілікті билік өкілдерінің көмекті талан-таражға салу фактілері де болған.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3. 1932-1934/Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. Алматы, Атамұра, 2021. 1028 с.

Ивницкий Н.А. Голод 1932-1933 годов в СССР: Украина, Казахстан, Северный Кавказ, Поволжье, Центральная Черноземная область, Западная Сибирь, Урал. М.: Собрание, 2009. 288 с.

Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане/ Р. Киндлер. М.: Полит. энцикл., 2017. 382 с.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов. Алматы, 1998. 263 с.

Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. Іс 11. П. 1-2, 12, 21.

Пянчол Н. Казахские пастухи между коллективизацией и голодом. В книге: Казахстан и Россия: общество и государство. М, 2004. 522 с.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 3. Конец 1930-1933 / Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. 1008 с.

References

Asharshylyk. Golod. 1928-1934. [Famine. Golod. 1928-1934]. Dokumentalnaia khronika. Sb. dok. T.3. 1932-1934/Отв. редактор В. Әбдіғалиұлы. - Almaty, Atamura, 2021. - 1028 s. [in Russian].

Ivnitskii N.A. Golod 1932-1933 godov v SSSR: Ukraina, Kazakhstan, Severnyi Kavkaz, Povolzhe, Tsentralnaia Chernozemnaia oblast, Zapadnaia Sibir, Ural. [Famine of 1932-1933 in the USSR: Ukraine, Kazakhstan, North Caucasus, Volga region, Central Chernozem region, Western Siberia, Urals]. M.: Sbranie, 2009. 288 s. [in Russian].

Kindler, R. Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane [Stalin's nomads: power and hunger in Kazakhstan]. Moscow: Politicheskaiia entsiklopediia, 2017. - 382 s. [in Russian].

Nasilsvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane 1931-1933 gg. [Forced collectivization and famine in Kazakhstan 1931-1933.]. Sbornik dokumentov i materialov. - Almaty, 1998. - 263 s. [in Russian].

Nura audandyr memlekettik arkhiv [Nurinsky District State Archive]. 422 kor. 1 tizim. Is 11. P. 1-2, 12, 21. [in Russian].

Pianchola N. Kazakhskie pastukhi mezhdru kollektivizatsiei i golodom. [Kazakh shepherds between collectivization and famine.] V knige: Kazakhstan i Rossiia: obshchestvo i gosudarstvo. M, 2004. 522 s. [in Russian].

Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulachivanie. 1927-1939. [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927-1939]: Dokumenty i materialy. V 5-ti tt. / T. 3. Konets 1930-1933 / Pod red. V.Danilova, R.Manning, L. Violy. M.: «Rossiiskaia politicheskaiia entsiklopediia» (ROSSPEN), 2001. 1008 s. [in Russian].

**1920-1950 ЖЖ. ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА
ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН БОСҚЫНДАР
ВЫНУЖДЕННЫЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД
РЕПРЕССИЙ И ГОЛОДА 1920-1950-Х ГГ.
FORCED REFUGEES FROM KAZAKHSTAN IN THE PERIOD
OF REPRESSION AND HUNGER IN 1920-1950s.**

FTAXP 03.20.00

**1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ
КЕЗЕҢІНДЕГІ БАТЫС СІБІРДЕГІ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫН
ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы^{1*}

¹PhD докторы, Астана қаласындағы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалының директоры. Қазақстан, Астана қ. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Автор мақалада 1930 жылдардың басындағы ашаршылық кезінде Батыс Сібірдегі қазақ босқындарының бейімделу мәселелерін зерттейді. Босқындарды орналастыру және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі олардың мәртебесі мен территориялық тиістілігінің белгісіздігіне байланысты болды. ҚАКСР-дан солтүстікке қоныс аударған қазақ халқының негізгі бөлігі Сібірдің қатал климатына қарамастан жергілікті қазақ халқымен ішінара араласып, табиғаты жағынан жақын болған аудандарға қоныстанды. Автор жергілікті билік пен жергілікті халықтың қолдан келгенше көмек көрсетуі, сондай-ақ шекаралас өңірлерде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту қазақ босқындарын жұмысқа орналастыруға ықпал етті және олардың аман қалуларына ықпал етті деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: аштық, қазақ босқындары, Батыс Сібір, азық-түлікпен қамтамасыз ету, бейімделу, жұмысқа орналасу мәселелері, қазақ жұмысшылары, балалар үйлері.

МРНТИ 03.20.00

**ПРОБЛЕМЫ РАЗМЕЩЕНИЯ И АДАПТАЦИИ
КАЗАХСКИХ БЕЖЕНЦЕВ В ЗАПАДНОЙ СИБИРИ
В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 1930-Х ГОДОВ**

Қозыбаева Махаббат Маликовна^{1*}

¹Доктор PhD, директор филиала Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова в г. Астана. Казахстан, г. Астана. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Автор в статье изучает проблемы адаптации казахских беженцев в Западной Сибири в период голода начала 1930-х годов. Проблема размещения и продовольственного снабжения беженцев упиралась в неопределённость их статуса и территориальной принадлежности. Основная масса мигрирующего на север казахского населения из КАССР оседала в близких по природе, хотя и более суровых по холодному климату приграничных районах Сибири, частично смешиваясь с местным казахским населением. Автор приходит к выводу, что оказание посильной помощи местными властями и населением, а также развитие сельского хозяйства и промышленности в сопредельных регионах способствовали размещению и трудоустройству казахских беженцев и дало им шанс на выживание.

Ключевые слова: голод, казахские беженцы, Западная Сибирь, продовольственное снабжение, адаптация, проблемы трудоустройства, казахские рабочие, детские дома.

IRSTI 03.20.00

**PROBLEMS OF ACCOMMODATION AND ADAPTATION
OF KAZAKH REFUGEES IN WESTERN SIBERIA
DURING THE FAMINE OF THE EARLY 1930S**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna^{1*}

¹PhD, director of the branch of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov in Astana. Kazakhstan, Astana. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Corresponding author

Abstract. The author in the article studies the problems of adaptation of Kazakh refugees in Western Siberia during the famine of the early 1930s. The problem of accommodation and food supply of refugees rested on the uncertainty of their status and territorial affiliation. The bulk of the Kazakh population migrating to the north from the Kazakh ASSR settled in the border regions of Siberia, which were similar in nature, although with a harsher cold climate, partially mixing with the local Kazakh population. The author comes to the conclusion that the provision of feasible assistance by local authorities and the population, as well as the development of agriculture and industry in adjacent regions contributed to the placement and employment of Kazakh refugees and gave them a chance to survive.

Key words: famine, Kazakh refugees, Western Siberia, food supply, adaptation, employment problems, Kazakh workers, orphanages.

Кіріспе. Бүгінгі таңда әлемнің ірі дамыған елдерінде тұратын 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы бар, олардың 600 мыңнан астам адамы Ресей аумағында тұрады. Өз кезегінде қазақтардың басым бөлігі Батыс Сібірде тұрады, ол қазақ руларының көшпелі тарихи аумағы болып табылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін және оның аумағында егемен мемлекеттер құрылғаннан кейін, қазақтар шекаралармен бөлінді және нәтижесінде көрші екі мемлекеттің азаматтары болып шықты. Сонымен қатар Батыс Сібір аумағы 1932-1933 жылдардағы қазақ даласындағы ұжымдастыру мен ашаршылық кезеңінде Қазақстан аумағынан қоныс аударушылары қазақтар үшін пана болды, бұл Ф.Голощекиннің Кіші Қазан саясатының нәтижесі еді. Белгілі болғандай, осы кезеңде Қазақстандағы ашаршылықтан екі миллионнан астам адам қаза тауып, көрші аймақтарға көшіп кетті. Осылайша 600 мыңнан астам адам Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кетті. Батыс облыстардан босқындар Иранға, Ауғанстанға, Түркіменстанға кетті. Даланың Оңтүстігі мен Шығысынан – Моңғолияға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Қытайға. Орта жүздің, Ұлы даланың Солтүстігіндегі қазақтар, негізінен арғындар, керейлер мен қыпшақтар Ресейге кетті. 1930 жылдардың бірінші жартысындағы ұжымдастыру мен ашаршылықтың қайғылы жылдарындағы көші-қон үдерістерін зерттеуде Батыс Сібірдегі қазақ халқының қалыптасу ерекшеліктерін зерделеу, олардың бейімделу және жаңа жерлерде болу ерекшеліктерін анықтау қазақ диаспорасы мен жалпы қазақ этносының дамуындағы жалпы мәселелерді анықтауға, тарихнаманы жаңа деректермен толықтыруға мүмкіндік береді

Материалдар мен әдістер. Әдістемелік негіз ретінде зерттеу объектісі өзінің эволюциялық дамуында зерттелетін тарихизм принципі алынды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер (тарихи-типологиялық, мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелі әдістер), сондай-ақ макро және микро-тарихи тәсілдердің синтезі қолданылды. Дереккөздер ретінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінде (РФМА), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде (РМӨСТА), Ресей мемлекеттік жаңа тарих архивінде (РМЖТА), Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде (ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде (ҚРПА), Новосібір облысының Мемлекеттік архивінде (НОМА) және Тюмень облысының Мемлекеттік архивінде (ТОМА) және т.б архивтерде анықталған архивтік құжаттар пайдаланылды. Сонымен қатар, құнды дереккөздер ретінде архивтік құжаттардың жарияланған жинақтары болды (Голод в казахской степи, 1991;

Насильственная коллективизация, 1998; Гонимые голодом, 2010; Трагедия казахского народа, 2010).

Талқылау. Қазақстандағы 1930 жылдардың басындағы ашаршылық және Ресейдің шектес аумақтарына халықтың мәжбүрлі көші-қоны мәселесі бойынша шартты түрде екі топқа бөлуге болатын қомақты тарихнама бар. Зерттеушілердің бірінші тобы 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы ашаршылық пен оның зардаптарын, ал екінші тобы Батыс Сібірдегі қазақ диаспорасын және оның пайда болу себептерін зерттеумен, сондай-ақ қазақтарды этнографиялық зерделеумен айналысты. Осылайша, бірқатар іргелі жұмыстар жарыққа шықты, онда қазақтардың көршілес аумақтарда, оның ішінде Батыс Сібірде болу мәселесін, Қазақстандағы жаппай ашаршылықтың салдарын зерделеу контекстінде жариялайтын ашаршылық қайғысын ұғыну әрекеттері жасалды. Бұл мәселелерді бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілер қозғады – М.Қ. Қозыбаев (Қозыбаев және т.б., 1992), Т.О. Омарбеков (Омарбеков, 1994, 1997), Ж.Б. Абылхожин, Қ.С. Алдажұманов, М.Б. Тәгімов (Абылхожин, Қозыбаев, Тәгімов, 1989) және басқалар. Қазақ даласындағы жаппай ашаршылық мәселесін зерделеуде шетелдік ғалымдар Р. Конквест (Конквест, 1988), И. Огайон (Огайон, 2009), Р.В. Дэвис және С. Уиткрофт (Дэвис, Уиткрофт, 2011) және т.б. үлкен жұмыстар атқарды. Неміс тарихшысы Р. Киндлер «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» атты өз еңбегінде қазақтардың, оның ішінде шектес кеңестік республикаларға көші-қон мәселелерін қозғады (Киндлер, 2017). Батыс Сібірдегі түркітілдес халықтардың этнографиялық және тарихи-демографиялық үдерістерін, Ресейдегі қазақ диаспорасының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеумен И.В. Октябрьская (Октябрьская, 1995), Г.М. Мендікұлова (Мендікұлова, 1997), З.Е. Қабылдинов (Қабылдинов, 2001), Н.А. Томилов (Томилов, Ахметова, 2013), Ш.К. Ахметова (Ахметова, 2002) және басқалар айналысты. Батыс Сібірдегі қазақ халқының аймақтық даму ерекшеліктері ұжымдық еңбектерде жарияланған: «Казахи Тюменской области: история, язык, культура» (2013), «Казахи Омского Прииртышья. Энциклопедия» (2015). К. Кабдулвахитов (2010), Н.Ф. Бугай (2012), С.А. Папков (2012), П. Мұхтасынов (2013) еңбектерінде Батыс Сібір тұрғындарының мысалында сталинизм саясаты мен аштық мәселесі зерделенген. XX ғасырдың 30 жылдарының басындағы жаппай ашаршылыққа арналған бірқатар жұмыстарға қарамастан, Батыс Сібірдегі қазақ қоныс аударушыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен саяси мәртебесі, бейімделу ерекшеліктері жеке зерттеу тақырыбына айналмады. Ғалымдардың кейбір қорытындылары даулы болып табылады және ғылыми айналымға енгізілмеген фольклорлық және далалық материалдардың кең ауқымын кешенді талдау арқылы тиянақты және мұқият зерделеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері. 1930 жылдардың басында алғашқы қазақ босқындарының мекендеген жақын аймақтардың бірі Сібір болды. Күштеп ұжымдастыру және мал-мүліктен айыру жылдарында қазақ халқы "солтүстік өлке" деп аталатын жерге қашып кетті, онда қудалаудан қорқып, шалғай ормандарда адасып кетуге үміттенді. Адамдар өздерінің үйреншікті таныс жерлерінен жасырын түрде кетіп, түн ортасында барлық жиналған мүлікті тастап кетіп жатты. Мәселен, осы бағытта алғашқылардың бірі болып Боқай Қожырбаев отбасымен бірге қашты. Боқаевтар отбасының естеліктеріне сәйкес, 1930 жылдың көктемінде арғы атасы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Майбалық ауылынан кеткен. Осы уақытта Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданы Балуан ауылынан ондаған отбасы Тюменьге көшті (Кабдулвахитов, 2010: 10). Негізінен, олар көшіп-қонуға әлі де материалдық және физикалық мүмкіндіктері бар ауқатты отбасылар болды.

Алайда қоныс аударудың жай-күйі Сібір билігінің бақылауында болды. Татар аудандық атқару комитетінің 1931 жылғы 4 сәуірдегі "Қазақстан шекарасына іргелес жатқан ауылдық кеңеске Қазақстаннан көптеген қазақ халқы келіп, тұрақты тұруға ниет білдіріп, оларды колхоздарға жатқызу және қабылдау туралы мәселе көтеріп жатыр" деген сұрауына жауап ретінде Батыс Сібір орталық атқару комитеті Қазақ АССР кеңес органдарымен сол жерден бай шаруалардың қашу мәселелері бойынша байланыс орнату туралы үкім шығарды. Үкімде Қазақстаннан көшіп келген адамдарды анықтау қажеттілігі және тізімдерді бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Қазақстанның аудандық атқару комитеттеріне жіберу, сондай-ақ анықталған бай шаруашылықтарды Қазақстан шегіне дереу көшіру туралы айтылды (НОМА, 124: 4).

1931 жылдың күзінен бастап билік Қазақстаннан Сібірдің іргелес аудандарына халықтың жаппай қашуын байқап, бұл туралы арнайы хабарламалар жеткізілді. Осылайша, 1932 жылғы 23 қаңтардағы Батыс Сібір ауданы бойынша БМСБ уәкілетті өкілдігінің арнайы мәлімдемесінде "келген қазақтардың ешбір мүлкі жоқ, еш жерде жұмыс істемейді, ал басым көпшілігі аштыққа ұшыраған, қайыршылық кеңінен өрши түскен, өлген жануарлардың етін жеп жүр, ...әлсіздік тудырған өлім-жітім бар" делінген (НОМА, 389: 1-3). Күнкөріс көздерінен айырылған, әлсіреген қазақтар ауылдар мен қалаларды аралап, қайыр сұрады. Куәгерлер "өлген қазақтардың мәйіттерін жол бойында отын үйіндісі сияқты жинап жатыр" деп хабарлады (Папков, 2012: 77).

Босқындарды орналастыру және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі олардың мәртебесі мен аумақтық тиістілігінің белгісіздігіне байланысты болды, бұл жергілікті биліктің ресми хат-хабарларында байқалды. БКП(б) Батыс Сібір ауданы комитетінің хатшысы М. Зайцев 1932 жылғы 9 ақпандағы БКП(б) Қазқрайкомының хатшысы Ф. Голощекинге жазған хатында қазақтардың Батыс-Сібір өлкесінің іргелес аудандарына қашу жағдайлары 1931 жылдың күзінен бастап байқала бастағанын хабарлады: "...Славгород ауданының өзінде 10 000 адамға дейін қоныс аударған қазақтар бар, соңғы уақытта, оның 6000-ға жуығы Славгородтың өзінде қоныстанды; Баев ауданында 1 300-ге дейін қазақтар есепке алынды". Ол халықтың басым көпшілігінің жұмысы және мүлкі жоқ болғандықтан, аштыққа ұшырап, қайыршылық пен жұқпалы аурулардың таралғанын, сонымен қатар суррогаттар мен өлген жануарлардың етін жеу жағдайлары байқалғанын атап өтті. Қазақ балаларының жетімсіреуі, мал ұрлығы, тонау, жергілікті тұрғындармен қақтығыстар орын алды. Сібір билігі "қазақтардың одан әрі қашып кетуіне жол бермеу үшін шұғыл шаралар қабылдауды, сондай-ақ Қазақстан аумағынан қашқандарға қажетті көмек көрсетуді" сұрады (ҚР ПА, 5192: 21-21–п.а.ж.).

Бұған жауап ретінде БКП(б) Қазқрайком хатшысы Ф. Голощекин 1932 жылғы 20 наурыздағы БКП(б) Батыс Сібір ауданы комитетінің хатшысы Р. Эйхеге жазған хатында "қоныс аудару... аштықтан қашқан босқындардың мәжбүрлі іс-әрекеті емес, барлық мемлекеттік тапсырмаларды орындағысы келмей, өлке шетіне қоныс аударуға ұйымдастырылған таптық күрес, байлыққа қарсы тұру әдістерінің бірі болды..." деп атап өтті. Ол "қоныс аударған шаруашылықтарда алғашқы уақытта біршама малдың болғанын», оның "бір бөлігін өздері қырып, сатқанын, ал бір бөлігі Сібір ауданы органдарының әртүрлі әдістерімен өңдегенін" баса айтты. Қазақ билігі өндіріс құралдары бар және қайтып оралғаннан кейін егіс науқанына қосыла алатын шаруашылықтарды қайтару міндетін қойды. Сондықтан Батыс Сібір ауданының жергілікті органдарының міндеті "ол жерде қалғысы келмеген жұмыс істейтін қазақ және сырттан қоныс аударған халықтарға шаруашылық құру және мәдени қызмет көрсету" болды (ҚР ПА, 5192: 17).

ВКП (б) Запсибкрайкомының хатшысы Р. Эйхе 1932 жылғы 29 наурыздағы жауап хатында қазіргі қоныс аударуды бұрынғы жылдармен салыстыруға болмайтынын атап өтті: "Биылғы жылы мыңдаған шаруа қожалықтары Қазақстанға іргелес аудандарға ғана емес, тіпті Новосибирск пен т.б. шалғай аудандарға Қазақстаннан қоныс аударған қазақтардың біразы бар". Ашаршылық пен азық-түлік жетіспеушілігінен жергілікті халық та зардап шеккендіктен, сібір билігі қазақ шаруашылықтарына көмекті ұйымдастыру тек Қазақстанда және қазақтар тарапынан ғана мүмкін деп талап етті, ал "Батыс Сібір өлкесіне қоныс аударған мұқтаж қазақтарға көмек беру үшін қандай да бір базаны ұйымдастыру одан әрі қоныс аударуды ынталандыруды білдіреді" деген шешім қабылдады. Сібір билігі бере алатын жалғыз материалдық көмек – елге қайтып кеткен қазақтарға нан бөлу (ҚР ПА, 5192: 42-43).

Дәл осындай жағдай басқа аймақтарда да орын алды. Орта-Еділ өлкесіндегі ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесі "жұмыссыз қазақтардың мұқтаждықтарына мейірімсіз-үстіртін көзқарастың салдарынан көптеген көшпелі қазақтар өте қиын жағдайда, негізінен жейтін нан мен тұрғын үйлерге аса мұқтаж болып отыр" деп атап өтті. Оның хабарлауынша, "Орынбор қаласында орныкпаған қазақтар аштыққа ұшырайды, олардың көпшілігі ісіп, аштық салдарынан өлім-жітім кездеседі, таптық жаулары аш қазақтарды жиі соқпаққа алады" (ҚР ОМА, 103: 194). Биліктің көшпенділерді қайта эвакуациялау әрекеттері өз нәтижесін бермеді: 1932 жылы қарашада Орынборда Қазақстанға жіберілген және қайтадан оралған 3 мың адам тіркелді, бұл тек атқарылған жұмыстардың мәнісіздігін растады (ҚР ОМА, 4: 37-38).

ҚазАКСР-нен солтүстікке қоныс аударған қазақ халқының негізгі бөлігі жергілікті қазақ халқымен ішінара араласып, суық климаты жағынан қатал болғанымен табиғаты жақын Сібірдің шекаралас аймақтарына қоныстанды. Егер 1926 жылғы Бүкілодақтық бірінші санақ бойынша Сібір өлкесінде 48 328 қазақ, оның 98 пайызы ауылдық жерлерде тұрса, 1932 жылдың өзінде Батыс Сібір өлкесінде қазақ халқының саны 77 944 адамға жеткен (НОМА, 966: 23). Осы кезеңнің соңына қарай Батыс Сібірді мекендеген 100-ге жуық ұлт өкілдерінің ішінде қазақтар айтарлықтай топты құрады. Мәселен, 1939 жылы Новосібір облысында 20 мыңға дейін, Омбы облысында 50 мыңға дейін, Алтайда 30 мыңға жуық қазақ өмір сүрді (Козыбаева, 2020: 310).

1930-1931 жж. Батыс Сібір өлкесінде қазақ халқының арасында барлық шаруашылықтардың 90,8%-ын біріктіретін 172 колхоз болды. Алайда жергілікті қазақ халқының Сібірге келген көшпенділерге айтарлықтай көмек көрсетуге мүмкіндігі болмады. "Қой өсіруші" жүйесінің колхоздары мен совхоздарына айналдырылған ол аштыққа жақын жағдайда әрең жан сақтап отырды. Мәселен, 1930 жылғы 30 желтоқсандағы Большереченск аудандық атқару комитеті жанындағы кеңесте: "жерді нормалау қазақ халқын отырықшы өмірге дайындамай өткізілді, бұл олардың қалыпты өмір сүруінен айырды, малдың азаюына әкеп соқты", – делінген. 1931-1932 жылдары қазақтар ұлттық азшылық жиналыстарында отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналыса бастағаннан кейін, олар егіннің шықпауынан қатты зардап шегетінін, өйткені әлі егіншілік мәдениетіне бейімделмегендіктерін және мал шаруашылығының жылдан жылға құлдырап бара жатқанын мәлімдеген болатын (НОМА, 1459: 54). Қазақтарда мал саны күрт төмендеп кетті, себебі Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарында сібір жарасы, бруцеллез, түрлі бездер, ауыл ауруларына байланысты билік соңғы жылқыларды, сиырларды, қойларды союға мәжбүрледі (НОМА, 1671: 127-128). Сондықтан жергілікті қазақтар, басқа ұлт өкілдерін айтпағанда, осындай қиын жағдайға байланысты көшпенділерді асқан ыждағаттылықпен қарсы алмады және олар ауылдарын айналып өтсе қуанатын болған.

Әділет халық комиссары 1932 жылғы 21 наурыздағы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Президиумына жолдаған баяндамасында 1931 жылғы қазаннан бастап Қазақ АКСР-нен қазақтардың Батыс Сібір өлкесіне стихиялық қоныс аударуы туралы жазды. Ол қазақтардың топ-топ болып жүргенін, киімдері нашар, азық-түлік қорының жоқтығын, негізінен қазақ халқы арасындағы ауылдарға, орыстың деревнялары мен қала шетіне қоныстанғанын атап өтті. Бос бөлмелер жеткіліксіз болғандықтан, олар көшеде, вокзалдарда қалды. Жұмысы мен азық-түлік қоры, мүлкі болмаған қазақтар аштыққа ұшырады, тығыздықта жан кешулерінің салдарынан араларында жұқпалы аурулар тарады, өлім-жітім артты, ашыққан қазақтар не болса соны, өлексе малдың етін, оның ішінде мал қорымдарындағы өлген малдың етін жеуге барды. Қазақтар балаларын жиі тастап кететін болды, әсіресе оларды аудандық мекемелерде қалдыратын болды. Ашаршылық қылмыстың, әсіресе жылқы ұрлығының күрт өсуіне әкеліп соқты, ол қоныс аударған аудандарда бірнеше есе өсті (1200%-ға дейін). Қайыршылық дамып, тонау саны артты (РФМА, 1349: 20-21).

Қылмыстың артуы ұлтаралық араздық пен ұлы державалық шовинизм көріністерінің күшеюі түріндегі реакцияны тудырды, бұл кезде дұшпандықты туғызатын келесідей түсініктер тарап кетті – «қазақтар ұрылар, жылқы ұрысы, олардың бәрі орыс балаларын ұрлап өлтіреді-міс» (НОМА, 163: 63-66). Қазақтардың үйлерін өртеу, тұтас отбасын өлтіру түріндегі тергеусіз сот жағдайлары жиілеп кеткен және бұл айуандық әрекеттер көбіне жергілікті биліктің көз жұмуының арқасында болып тұрды. Батыс Сібір өлкесінің прокуроры 1932 жылғы 27 шілдедегі «Советская Сибирь» газетінде былай деп жазды: "прокуратура бірқатар лауазымды адамдар мен азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартып, соттағанына қарамастан, ұлттық азшылықтардың құқықтары туралы заңдарды бұзу әлі де жалғасуда" (Советская Сибирь, 1932: 2).

Сондықтан қазақ көшпелілері елді мекендерден аулақ болуға тырысты, колхоздарға қосылуға асықпай, көшпелі өмірдің дәстүрлі салтын сақтауға тырысты, өз жеке малдарын бағу үшін бақташы болып жалданды. Алайда, өз бетінше орман-тоғайда көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарының дербес көшпелі үлгісі Советтік еңбекті ұйымдастыру формаларына сәйкес келмеді. 1933 жылы наурызда Өңірлік атқару комитетінің кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға келген қазақтарды қабылдау туралы қаулысы шықты, бірақ оларға жаңа

колхоздар мен совхоздар құруға тыйым салынды, себебі жұмыс істейтін олар малсыз және қажетті құрал-жабдықтарсыз тиімсіз болады деп пайымдалды. Көшіп келушілерге қарсы дұшпандық көзқарасты, әсіресе ұлы державалық шовинизмнің көріністері үшін жазаның қатандығына баса назар аударылды, әсіресе ұлттық негіздегі қақтығыстарға қарсы тұру үшін көп нәрсе жасалды (НОМА, 2192: 87).

Алайда, тілдік және діни кедергілер қазақтардың орыс колхоздарына енуіне тосқауыл болды, бұл партия органдарының қазақ босқындарының арасынан колхоздар құру әрекетіне әкелді (ТОМА, 68: 5). Осылайша, оңтүстік аудандарда Қазан ауданында "Қызыл-Ту" және "Бірлік" қазақ колхоздары, Заводоуков ауданында "Қызыл-Ту", Голышманов ауданында "Ақ көл", Нижнетавдин ауданында Қиыр Шығыс Қызыл Армиясы атындағы қазақ колхозы және т.б. пайда болды. Бұл кезеңде Батыс Сібірдің басқа аймақтарында да қазақ ауылдары құрылды. 1932-1933 жылдары тек Омбы округінде 340 қазақ шаруашылықтары болды, оның 50-і колхоздарға, 100-і жеке-дара жетекші шаруашылықтарға бірікті және 190-ы аңшылықпен айналысқан (Ермекбай 2018: 223). Жалпы, қазақ колхоздарының қалыптасу процесі 1930 жылдардың соңына дейін жалғасты. Қазақ колхоздары өз алдына дербес өмір сүрді, мысалы, ересек тұрғындар бес уақыт намаз оқып, Рамазан айында ораза ұстады. Алайда қазақ колхоздары үшін ортақ проблема – көшпелі өмірден отырықшы өмір салтына көшу және жаңа егіншілік дәстүрлерін игеру қиындығы болды (Томилов, 2013: 152).

Қазақ халқының негізгі ағыны Батыс Сібір темір жолы мен Кузбасс желісі бойынша қалалар мен жұмысшы кенттерге тиесілі болды, олардың бір бөлігі осы аймақтарда баспана мен жұмыс тапты. Сібір қалалары халқының көбеюінде Сібірден тыс аумақтардан келгендердің үлесі алғашқы бесжылдықта шамамен 20%-ға жетті. 1933-1937 жылдардағы мәліметтер бойынша, Сібір қалаларына келген мигранттар арасында Қазақстан мен Орта Азиядан келгендер 3,4% құрады, ал Еділ бойынан – 2%, Украинадан – 1,8%, Солтүстік Кавказдан – 0,9%, Беларуссиядан – 0,4%, Закавказьеден – 0,1% (Исаев, 2014: 489). Осылайша, Сібір өнеркәсібі үшін жұмыс күшінің негізгі жеткізушісі Еділ бойының, Қазақстан мен Орта Азияның географиялық жағынан жақын аудандары, сондай-ақ шалғай аймақтардан – Украина, Беларусь және Кавказ болды.

Аймақтың қалаларындағы экономикалық жағдай қиын болды, өйткені 1932 жылы сәуірде жұмыс істейтін халықтың көп бөлігі үшін азық-түлік карточкалары бойынша нанмен қамтамасыз ету нормалары қысқартылған болатын. Бұл аш қазақ босқындарын онсыз да ызамен қарсы алған қала халқының наразылығын тудырды. 1932 жылы Омбыда қазақтар қала халқының 0,3 пайызын құраса, 1933 жылдың аяғында бұл өлкеде көшіп келген қазақтар арасынан 340 шаруашылық пен 4500 шаруашылығы жоқ адам тұрды (Ермекбай, 2018: 224). Қазақтар Сібірдің жаңадан құрылған өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істеді, онда қазақтардан бөлек әртүрлі ұлт өкілдері де болды. 1933 жылдың 1 қаңтарында Батыс Сібір өлкесінің аумағында және Новосібірде аз ұлттар арасынан шыққан қазақ жұмысшыларының саны: Сибстройпутьта – 2323 адам, немесе 12,27%, Сибсельмашстройда – 210 адам, Горстройтрестте – 400 отбасы, Новосибирск тау-кен жабдықтары зауытында – 155 адам немесе жалпы санның 4,53% құрады (НОМА, 643: 25-33). 1935 жылғы мәліметтер бойынша Кемероводағы шахталар мен құрылыс алаңдарында ұлттық азшылықтарға жататын 8 мыңнан астам жұмысшы жұмыс істеген. Толық емес мәліметтер бойынша бірінші бесжылдықтың аяғында Батыс Сібір өнеркәсіп жұмысшылары арасындағы ұлттық азшылық өкілдерінің жалпы саны 40 мыңнан астам адамды құрады (От Урала до Енисея, 1995: 25-26).

1931 жылы Новосібірде тау-кен жабдығы зауытының құрылысы басталды, оған көптеген қазақтар мен басқа да аз ұлт өкілдері келді, құрылыс алаңындағы орыс емес жұмысшылардың үлесі 45%-ға жетті. Қазақ еңбекшілері жан түршігерлік жағдайда өмір сүрді: барактардағы адамдар саны кез-келген нормалардан асып кетті, барлық жерде ластық, антисанитариялық жағдай орын алды, іш сүзегі мен тырысқақ індеттері тарады (НОМА, 48: 92). 1932 жылы 7 қаңтарда Новосибирск зауытының қазақ жұмысшыларының еңбекті ұйымдастыруды жақсарту мәселесіне арналған жалпы жиналысында асханалардағы жұмысшыларға нашар қызмет көрсету, тұрмыстық жағдайдың нашарлығы, азық-түлікпен қамтамасыз ету және тамақтану мәселелері көтерілді (НОМА, 67: 195). Бірақ құрылыс алаңына жиналған көпшілік өздерінің жағдайын жақсартуды талап етуге, ұйымдасқан қарсылық көрсетуге мұршалары

келмеді, өйткені олардың өмір сүрулерінің басты мән-мағынасы – күн көріс пен аман қалулары болды.

Кузнецк металлургиялық комбинаты жұмысшыларының арасында 1933 жылғы мәліметтер бойынша аз ұлт өкілдері 27%-ға жуығын құрады, олардың жалпы саны 9 мыңнан астам адамға жетті, оның ішінде жартысына жуығы – 4373 адам қазақтар болды (РФМА, 77: 175). Комбинат құрылысының бастығы С.М. Франкфурт қазақ жұмысшылары туралы былай деді: "Қазақтарға жұмысқа бейімделу қиынға соқты. Олардың қажеттіліктері өте шектеулі болды. Олар аз нәрсені қанағат тұтты: тек өз нанын табу, өздеріне және отбасыларына деген күнделікті күнкөріспен шектелді. Олар табысқа және өнімділікке қызығушылық танытпады. Құрылыс алаңында атқарылған істердің көбі алғашында олардың санасына жетпеді» (РФМА, 77: 175). Мұндай жағдай, ең алдымен, тек күнелтіп, тірі қалуды ойлаған қазақтардың мүшкіл халімен түсіндіріледі.

Қазақ жұмысшылары негізінен арнайы білімі жоқ, орыс тілін меңгермеген, қалалық өмірге және өнеркәсіп жұмысшыларының тұрмыс жағдайларына үйренбеген, сондықтан көбіне біліктілігі жоқ жұмыстарда қолданылған (НОМА, 643: 25-33). 1933 жылы Ленин кенішінің "Журилка" шахтасында 200-ден астам қазақ еңбек етті, олардың көпшілігі көмір өндіруде жоғары нәтижелер көрсетіп, еңбек ерлері атағына қол жеткізді (Исаев 2014: 489-490). Қазақтарға көп еңбекті қажет ететін жұмыстар берілді, онда олар бар қажырлығымен жұмыс атқарса да, жақсы табыс табу мүмкін болмады. Тіпті «тапсырмаларды 500% орындаған жеке рекордтық энтузиастар» да болды, бірақ бұл көрсеткіштер қалған жұмысшыларға енгізілмеді (НОМА, 2006: 58).

1933 жылы қарашада Анжеро-Судженск жұмысшыларының тұрмысын тексеру барысы қазақтардың өмір сүруінің өте қиын жағдайын көрсетті: пәтерлерде, шаруашылық құрылыстарда, жергелерде, қоқыс шұңқырларында, дәретханалардағы жөндеу жұмыстарының болмағандығы анықталды. Жұмысшылардың пәтерлерді жөндеу жөніндегі бастамасына қарсы тұру, материалдар беруден бас тарту фактілері орын алды. Тексеру барысында анықталғандай, 122 пәтердің 76-сында жиһаз жоқ, жұмысшылар еденде ұйықтаған, су 2 шақырым жерден тасымалданған (НОМА, 196: 13-19). Сібірдің өнеркәсіптік жаңа құрылыстарына тән ауыр тұрмыстық жағдайларда ұлттық негізде қақтығыстар жиі туындап отырды: орыс жұмысшылары қазақтарды ұрып-соғып, науқастарды ауруханаларда емдеуден және медициналық көмек көрсетуден бас тартты. Биліктің әрекетсіздігінің нәтижесінде 1934 жылдың өзінде-ақ қазақ жұмысшылары арасында суық тию, жұқпалы аурулар, аштық пен қатыгездік салдарынан жоғары өлім жағдайлары тіркелді.

Архив құжаттарында әлеуметтік-экономикалық жағдайлары онсыз да мүшкіл қазақ еңбекшілеріне жасалған қатыгездік фактілері көрсетілген. Олар көбінесе ескертусіз және жалақысыз жұмыстан шығарылды, көшеге қуылды, азық-түліктік карталарынсыз және баспанасыз қалдырылды. Аш адамдар вокзалдарды, көшелерді мекендеп, қоқыстан жиналған сүйектермен күнелтті (НОМА, 643: 25-33). Жұмыссыздар санын ешкім есепке алмаған, бірақ куәгерлердің айтуынша, жұмысшылардың өздері жұмыс іздеп жалпы құрылыс комбинатына келіп тұрған (НОМА, 2006: 58). Қазақ жұмысшыларына деген мұндай қарым-қатынас Кемеров, Новосибирск, Омбы, Сталинск өнеркәсіптік нысандарында және басқа да қалалық және ауылдық елді мекендерде кең таралған.

Айта кететін жайт, аштықтан қашқан қазақтарға жергілікті халықтың бәрі бірдей қарсы болған жоқ. Жергілікті тұрғындар қолдан келген көмекті көрсетті: аштықтан өліп жатқан адамдарды үйлеріне алып, күтім жасап, жетім қалған қазақ балаларын өз отбасыларына қабылдады. 1932 жылы бір ғана Новосибирск арқылы 1307 бала мен жасөспірім өтті, оның ішінде 477-сі балалар үйіне жіберілді, 282 жасөспірім жұмысқа орналастырылды, 482-сі отанына қайтарылды, 66-сы қашып кетті (Гонимые голодом, 2010: 12). Запсибкрайдағы қазақ босқындарының балалары үшін 15 қазақ балалар үйі құрылды, оларда 1933 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1236 бала тәрбиеленді (НОМА, 196: 13-19-п.). Бұл ретте жалпы балалар үйлерінде 216 қазақ баласы болды. Омбыдағы белгілі балалар үйінің бірі – "Нацмен", ол кейінірек Вахитов атындағы балалар үйіне, ал одан соң осы аттас мектеп болып өзгертілді. Көбінесе балалар үйінің тәрбиеленушілері колхоздарға бөлініп, асыранды отбасыларға берілді. Ата-анасынан айырылған бастауыш мектеп пен колхоз жастары мектептерінің оқушылары интернаттарда ұсталып, тамақпен, киіммен қамтамасыз етілді.

1930 жылдардың басындағы қазақтарды күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру Қазақстандағы дәстүрлі шаруашылықтың күйреуіне және ашаршылыққа әкеліп соқты, қазақ халқының күн көру үшін көрші аймақтарға жаппай қоныс аударуына себеп болды. 1930 жылдардың басындағы қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы кеңестік кезеңдегі қазақтардың алғашқы ірі көші-қоны болды. Өз кезегінде жергілікті билік пен халықтың жан-жақты көмек көрсетуі, көршілес аймақтардағы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің өркендеуі – қазақ көшпелілерін жайғастырып, жұмысқа орналастыруға септігін тигізді және олардың аман қалуына мүмкіндік берді. Ал қазақ мигранттары қазақ диаспорасының дамуына, сондай-ақ қабылдаушы аймақтардың әлеуметтік-демографиялық және экономикалық процестеріне елеулі үлес қосты.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. № 7. С. 53-71.

Ахметова Ш.К. Казахи Западной Сибири и их этнокультурные связи в городской среде. Новосибирск: Изд-во Института археологии и этнографии СО РАН, 2002. 104 с.

Бугай Н.Ф. Проблемы репрессий и реабилитации граждан: история и историография (XX в. – начало XXI в.). М.: Гриф и К, 2012. 480 с.

Голод в казахской степи: письма тревоги и боли. / Сост. С. Абдирайымов, И. Бухонова, Е. Грибанова и др. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1991.

Гонимые голодом. Сборник документов. / Сост. Е.Б. Сыдыков. Семей, 2010. 693 с.

Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода. Сельское хозяйство СССР, 1931-1933. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. 543 с.

Ермекбай Ж.А. Влияние миграций на идентичность казахов Западной Сибири в советское и постсоветское время // Миграционные процессы в Сибири: народы, культуры, государственная политика: сб. науч. тр. Омск: Издательский центр КАН, 2018. С. 222-233.

Исаев В.И. Перековка: Межнациональные отношения на промышленных предприятиях Сибири в период форсированной индустриализации (1928-1939) // Советские нации и национальная политика в 1920-1950-е годы: Материалы VI международной научной конференции. Киев, 10-12 октября 2013 г. М.: Политическая энциклопедия, 2014. С. 487-496.

Кабулвахитов К. Откочевники: летопись казахского колхоза имени Дальневосточной Красной Армии в Нижнетавдинском районе Тюменской области. 1938-1945 гг. Тюмень: ОАО «Тюменский дом печати», 2010. 118 с.

Кабульдинов З.Е. Казахи Тобольской и Томской губерний во второй половине XVIII начале XX вв. (историко-демографический аспект). Павлодар, 2001. 293 с.

Казахи Омского Прииртышья. Энциклопедия. Книга первая. Издание первое. Омск: Типография «Золотой тираж», 2015. 488 с.

Казахи Тюменской области: история, язык, культура: коллективная монография. Тюмень: Изд-во Тюменского государственного университета, 2013. 120 с.

Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. М.: Политическая энциклопедия, 2017. 382 с.

Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата: [б.и.], 1992. 36 с.

Козыбаева М.М. Казахские откочевники на территории Западной Сибири в период голода начала 30-х гг. XX в. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2020. № 4 (24). С. 304-312 // <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1657>

Конквест Р. Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом Пер. с англ. И. Коэн и Н. Май, под ред. М. Хейфеца. London: Overseas Publications Interchange (OPI), 1988. 618 с.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚР ПА). 141-қ. 1-тіз. 5192-іс. 21-21-п.а.ж.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 1179-қ. 1-тіз. 103-іс. 194-п.

ҚР ОМА. 1179-қ. 5-тіз. 4-іс. 37-38-п.

Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ғылым, 1997. 264 с.

Мұхтасыров П. Бәйтеректің оқшау шыққан бұтағы: деректі кітап. Астана: Фолиант, 2013. 368 б.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане, 1931–1933 гг.: Сб. док-в и мат-в / Сост.: Алдажуманов К.С., Каирғалиев М.К., Осипов В.П.; Редкол.: Козыбаев М.К. (гл. ред.) и др. Алматы, 1998.

Новосібір облысының мемлекеттік архиві (НОМА). П-3-қ. 2-тіз. 389-іс. 1-3-п.

НОМА. П-3-қ. 6-тіз. 67-іс. 195-п.

НОМА. П-3-қ. 6-тіз. 196-іс. 13-19-п.

НОМА. П-3-қ. 10-тіз. 966-іс. 23-п.

НОМА. П-22-қ. 7-тіз. 48-іс. 92-п.

НОМА. Р-47-қ. 1-тіз. 1459-іс. 54-п.

НОМА. Р-47-қ. 1-тіз. 1671-іс. 127-128-п.

НОМА. Р-47-қ. 1-тіз. 2006-іс. 58-п.

НОМА. Р-47-қ. 1-тіз. 2192-іс. 87-п.

НОМА. Р-47-қ. 5-тіз. 124-іс. 4-п.

НОМА. Р-47-қ. 5-тіз. 163-іс. 63-66-п.

НОМА. 288-қ. 1-тіз. 643-іс. 25-33-п.

Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.) / [пер. с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б.М. Сужилов] // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. 11. Алматы, 2009. 368 с.

Октябрьская И.В. Казахи Южного Алтая. История и современность // Аборигены Сибири: Проблемы изучения исчезающих языков и культур. Новосибирск, 1995. С. 197-199.

Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. Алматы, 1994. 272 с.

Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы, 1997. 320 б.

От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири). Томск: Изд-во Томского ун-та, 1995.

Папков С.А. Обыкновенный террор. Политика сталинизма в Сибири. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2012. 440 с.

Ресей Федерациясы Мемлекеттік архиві (РФМА). Р1235-қ. 141-тіз. 1349-іс. 20-21-п.

РФМА. Р7952-қ. 5-тіз. 77-іс. 175-п.

Советская Сибирь. 1932, 27 июля. С. 2.

Томилов Н.А., Ахметова Ш.К. Казахи аула Қасқат: традиции и инновации в культуре казахского населения Западной Сибири. Омск: Изд. дом «Наука», 2013. 392 с.

Трагедия казахского народа (сборник документов и материалов: голод 20-х, 30-х годов XX века в Казахстане). Алматы, 2010.

Түмен облысының мемлекеттік архиві (ТОМА). 151-қ. 1-тіз., 68-іс, 5-п.

References

Abylkhozhin Zh.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B. Kazakhstanskaya tragediya (Kazakhstan tragedy) // Voprosy istorii. 1989. No 7. S. 53-71. [In Russian].

Akhmetova Sh.K. Kazakhi Zapadnoy Sibiri i ikh etnokul'turnyye svyazi v gorodskoy srede (Kazakhs of Western Siberia and their ethnocultural ties in the urban environment). Novosibirsk: Izd-vo IAiE SO RAN, 2002. 104 s. [In Russian].

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). F. 141 In. 1. C. 5192. L. 21-21 t/o

Bugay N.F. Problemy repressiy i reabilitatsii grazhdan: istoriya i istoriografiya (XX v. – nachalo XXI v.) (Problems of repression and rehabilitation of citizens: history and historiography (XX century – early XXI century). M., 2012. 480 s. [In Russian].

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA PK). F. 1179 In. 1. C. 103. L. 194

CSA PK. F. 1179. In. 5. C. 4. L. 37-38.

Devis R.V., Uitkroft S. Gody goloda: Sel'skoye khozyaystvo SSSR, 1931–1933 (The Hunger Years: Agriculture of the USSR, 1931-1933). M. 2011. 543 s. [In Russian].

Golod v kazakhskoy stepi: pis'ma trevogi i boli. [Famine in the Kazakh steppe: letters of anxiety and pain.] / Comp. S. Abdirayimov, I. Bukhonova, E. Gribanova and others. Alma-Ata: Kazakh Universities, 1991.

Gonimyye golodom. Sbornik dokumentov. [Driven by hunger. Collection of documents.] / Comp. E.B. Sydykov. Semey, 2010. 693 p.

Isayev V.I. Pereplavka: Mezhnatsional'nyye otnosheniya na promyshlennyykh predpriyatiyakh Sibiri v period forsirovannoy industrializatsii (1928-1939) (Remelting: Interethnic relations at industrial enterprises of Siberia during the period of forced industrialization (1928-1939) // Sovetskiye natsii i natsional'naya politika v 1920-1950-ye gody: Materialy VI mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. Kiyev, 10-12 oktyabrya 2013 g. M.: Politicheskaya entsiklopediya, 2014. S. 487-496. [In Russian].

Kabdulvakhitov K. Otkochevniki. Letopis' kazakhskogo kolkhoza imeni Dal'nevostochnoy Krasnoy Armii v Nizhnetavdinskom rayone Tyumenskoy oblasti. 1938-1945 gg. (Otkochevniki. Chronicle of the Kazakh collective farm named after the Far Eastern Red Army in the Nizhnetavdinsky district of the Tyumen region. 1938-1945) Tyumen': OAO «Tyumenskiy dom pechati», 2010. 144 s. [In Russian].

Kabul'dinov 3.Y. Kazakhi obol'skoy i Tomskoy guberniy vo vtoroy polovine XVIII nachale XX vv. (istoriko-demograficheskiy aspekt) (Kazakhs of the Tobolsk and Tomsk provinces in the second half of the 18th and early 20th centuries (historical and demographic aspect). Pavlodar, 2001. 293 s. [In Russian].

Kazakhi Omskogo Priirtysh'ya. Entsiklopediya (Kazakhs of the Omsk Irtysh region. Encyclopedia) Kniga pervaya. Izdaniye pervoye. Omsk: Tipografiya «Zolotoy tirazh», 2015. 488 s. [In Russian].

Kazakhi Tyumenskoy oblasti: istoriya, yazyk, kul'tura (Kazakhs of the Tyumen region: history, language, culture) Collective monograph / pod red. d-ra filol. nauk, prof. A.G. Shaykhulova. Tyumen': Izd. Tyumenskogo gosudarstvennogo universiteta, 2013. 120 s. [In Russian].

Kindler R. Stalinskiye kochevniki: vlast' i golod v Kazakhstane (Stalinist nomads: power and famine in Kazakhstan). M.: Politicheskaya entsiklopediya, 2017. 382 s. [In Russian].

Kozybayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva (Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry). Alma-Ata, 1992. 36 s. [In Russian]

Kozybayeva M.M. Kazakhskiy otkochevniki na territorii Zapadnoy Sibiri v period goloda nachala 30-kh gg. XX v. (Kazakh nomads in Western Siberia during the famine of the early 30s. XX century) // Elektronnyy nauchnyy zhurnal «edu.e-history.kz». 2020. № 4 (24). S. 304-312 // <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1657> [In Russian].

Konkvest R. Zhatva skorbi: sovetская kollektivizatsiya i terror golodom (Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and Terror by Hunger). Per. s ang. I. Koen i N. May, pod red. M. Kheyfetsa. London: Overseas Publications Interchange (OPI), 1988. 618 s. [In Russian].

Mendikulova G.M. Istoricheskiye sud'by kazakhskoy diaspor. Proiskhozhdeniye i razvitiye (Historical destinies of the Kazakh diaspora. Origin and development). Almaty: Gylym, 1997. 264 s. [In Russian].

Mukhtasyrov P. Bayterektyñ oqshau shyqqan butagy (An isolated branch of Baiterek). Astana: Foliant, 2013. 368 s. S. 234-278 [In Kazakh].

Nasil'stvennaya kollektivizatsiya i golod v Kazakhstane, 1931-1933 gg.: sbornik dokumentov i materialov (Forced collectivization and famine in Kazakhstan, 1931-1933: collection of documents and materials) / Sost.: Aldazhumanov K.S., Kaigaliyev M.K., Osipov V.P., Romanov YU.I.; Redkol.: Kozybayev M.K. (gl. red.) i dr. Almaty, 1998. 263 s. [In Russian].

Ogayon I. Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiya i sotsial'nyye izmeneniya (1928-1945 gg.) (Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social change (1928-1945) / [per. s fr. A.T. Rakisheva; sost. B. M. Suzhikov]. // Istoriya Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII-XX vv. T. 11. Almaty, 2009. 368 s. [In Russian].

Oktyabrskaya I.V. Kazakhi Yuzhnogo Altaya. Istoriya i sovremennost' (Kazakhs of the Southern Altai. History and modernity) // Aborigeny Sibiri: Problemy izucheniya ischezayushchikh yazykov i kul'tur. Novosibirsk, 1995. S. 197-199. [In Russian].

Omarbekov T. Zobalan (kushtep ujimdastruga qarsılıq) (Zobalan (resistance to forced collectivization): oqu quralı. Almaty, 1994. 272 s. [In Kazakh].

Omarbekov T. 20-30 jıldardagy Qazaqstan qasireti (Tragedy of Kazakhstan in 20-30 years): Komekshy oqu quralı. Almaty, 1997. 320 b. [In Kazakh].

Ot Urala do Yeniseya (narody Zapadnoy i Sredney Sibiri). (From the Urals to the Yenisei (peoples of Western and Central Siberia) Kn.1. Tomsk: Izd-vo Tomskogo un-ta, 1995. 186 s. [In Russian].

Papkov S.A. Obyknovennyy terror. Politika stalinizma v Sibiri (Ordinary terror. The politics of Stalinism in Siberia). M.: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2012. 440 s. [In Russian].

Sovetskaya Sibir' [Soviet Siberia]. 1932, July 27. P. 2. [In Russian].

State Archives of the Novosibirsk Region (SANR). F. II-3. In. 2. C. 389. L. 1-3.

SANR. F. II-3. In. 6. C. 67. L. 195.

SANR. F. II-3. In. 6. C. 196. L. 13-19.

SANR. F. II-3. In. 10. C. 966. L. 23.

SANR. F. II-22. In. 7. C. 48. L. 92.

SANR. F. P-47. In. 1. C. 1459. L. 54.

SANR. F. P-47. In. 1. C. 1671. L. 127-128.

SANR. F. P-47. In. 1. C. 2006. L. 58.

SANR. F. P-47. In. 1. C. 2192. L. 87.

SANR. F. P-47. In. 5. C. 124. L. 4.

SANR. F. P-47. In. 5. C. 163. L. 63-66.

SANR. F. 288. In. 1. C. 643. L. 25-33.

State Archive of the Russian Federation (SARF). F. P1235. In. 141. C. 1349. L. 20-21.

SARF. F. P7952. In. 5. C. 77. L. 175.

State archive of the Tyumen Region (SATR). F. 151. In. 1. C. 68. L. 5.

Tomilov N.A., Akhmetova SH.K. Kazakhi aula Kaskat: traditsii i innovatsii v kul'ture kazakhskogo naseleniya Zapadnoy Sibiri (Kazakhs of the aula Kaskat: traditions and innovations in the culture of the Kazakh population of Western Siberia). Omsk: Izd. dom «Nauka», 2013. 392 s. [In Russian].

Tragediya kazakhskogo naroda (sbornik dokumentov i materialov: golod 20-kh, 30-kh godov XX veka v Kazakhstane) (The tragedy of the Kazakh people (collection of documents and materials: famine of the 20s, 30s of the XX century in Kazakhstan). Almaty, 2010. 406 s. [In Russian].

Yermekbay ZH.A. Vliyanie migratsiy na identichnost' kazakhov Zapadnoy Sibiri v sovetskoye i postsovetskoye vremya (The influence of migration on the identity of the Kazakhs of Western Siberia in Soviet and post-Soviet times)// Migratsionnyye protsessy v Sibiri: narody, kul'tury, gosudarstvennaya politika: sb. nauch. tr. Omsk: Izdatel'skiy tsentr KAN, 2018. S. 222-233. [In Russian].

**ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР
ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР
ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН И СПЕЦПОСЕЛЕНЦЫ
DEPORTATION OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AND SPECIAL SETTLERS**

МРНТИ 03.20.00

**РЕЛИГИОЗНОСТЬ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КАК ОСНОВАНИЕ
ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ РЕПРЕССИЙ В 1940-1950 ГОДАХ**

Абуов Нурболат Аскерович¹, Картова Зауре Кенесовна^{2*}

¹Кандидат исторических наук, директор Северо-Казахстанского филиала Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Петропавловск. E-mail: abuovnur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5843-3365>.

²Кандидат исторических наук, декан факультета истории, экономики и права Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева. Казахстан, г. Петропавловск. E-mail: kartov_m@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5702-883>

*Автор-корреспондент

Аннотация. В представленной статье обобщается опыт научно-исследовательской работы по изучению комплекса исторических источников по истории репрессированных народов и конфессиональных групп на территории Северо-Казахстанской области. Актуальность статьи связана с необходимостью введения в научный оборот материалов о религиозности депортированных народов в 1940-1950-е гг. в режиме спецпоселения. В статье продемонстрированы особенности тоталитарного режима, антирелигиозной борьбы в отношении депортированных народов, влияние депортации на формирование скрытой протестности в отношении местных органов власти и советской идеологии. В публикации анализируются нормативные документы, источники из фондов региональных и центральных архивов республики, раскрывающие судьбу депортированных народов и конфессиональных групп в Северо-Казахстанской области. Материал статьи доказывает сохранявшуюся религиозность депортированных народов даже в условиях спецпоселения.

Ключевые слова: репрессии, религиозность, религиозные секты, конфессии, этнические депортации, спецпереселенцы, Северо-Казахстанская область

ҒТАХР 03.20.00

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДІНДАРЛЫҒЫ 1940-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҮШІН НЕГІЗ РЕТІНДЕ**

Абуов Нурболат Аскерович¹, Картова Зауре Кенесовна^{2*}

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты СҚО филиалының директоры. Қазақстан, Петропавл қ. E-mail: abuovnur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5843-3365>.

Патшаның тақтан құлағаны туралы хабар қазақ даласын үлкен қуанышқа бөлегені белгілі. 1917 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «**Реттену керек**» деген мақалада ескі үкіметтің ісінің бәрі ретсіз болғандығы, Ресейді құртуға таяғандығы, өз бастарының ғана қамын ойлағандығы, өзгелердің мүддесін ойламағандығы жазылды. Россиядағы қалып үкімет басындағылар мен олардың жақынына жайлы болып, басқаларға жайсыз болғаны, жаңа үкіметтің жұрттың бәрін теңгеретіндігі айтылып: «Әттең! Теңдік басқалығымен ескі үкімет тұсында Россия өгей баласы болып жүрген жұрттар, қазір Россияның нағыз баласымен бірдей Отан баласы болды. Қысқасы, жаңа үкімет Россиядағы жұрттардың бәрін теңгеріп, ешкімді өгейсіретпеу үшін бәрін құқық жағынан бір дәрежеге түсірді. Бірін ілгері, бірін кейін қоймай, жұрттың бәрін бәйгеге қатар қосып отыр. Қатар қойып жіберген бәйгеден қалу-озу әркімнің өзінен. Қалған өзіне өкпелемесе, үкіметке енді өкпелей алмайды. Жаңа үкіметтің мақсаты - Россияны жаңарту. Жұрт оны құп алып, «Жаңаруға даярмыз, жаңа қалып бекуіне, Россия жаңаруына қолдан келген көмегімізді аямаймыз» деді. Біздің қазақ та тұс-тұсынан солай деп

жаңа хукіметке телеграм берді. Жаңа үкімет болып, қолы теңдікке жеткенге, кемдікте жүрген қазақ халқының қуанышы өлшеусіз һәм шын көңілден екенінде ешбір шүбә жоқ. Бірақ құр қуанғаннан іс ілгері баспайды. Сөзбен айтылған көмек іспен сипаттанбаса, қысыр күйінде қалады. Россияда жаңа қалып бекуіне істелетін екі іс бар. Біреуі соғысып жатқан жауды жеңу, екіншісі, Россияны жаңарту жабдығын істеу. ... Россияны жаңарту жабдығын істемей, құр жаңаруына тілектеспіз деп қарап отырсақ, онымен Россия қалпы жаңармайды. Елді бұрынғы чиновниктер билесе, бұрынғы жебір болыс-ауылнайлар бақса, онымен еш нәрсе жаңармайды. Жаңа хукімет жұрт билігін жұрттың өзіне беріп отыр.....» (Қазақ, 1998: 369-370), - деп жазылды. Осылайша, Алаш зиялылары Ресейдегі саяси тәртіптің өзгеруіне қуаныш білдіріп, азаттық таңы атқандығына сенді. 1917 жылы 20 наурызда Әлихан, Мұстафа, Міржақып Петроградтан «Алаш ұлына» деген мақала жазып, «Қазақ» газетіне жариялайды: «Азаттық таңы атты. Тілекке Құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз хукімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі хукіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артылып, ақырында Русия қол астындағы халықтардың бәріне, дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген Құдайға мың шүкірлік! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рахмет!» (Қазақ, 1998: 372-373), - дей келе, әділ үкімет, азат Россиямен бір кемеде екендіктерін, терезе тең болған соң қолдан келгенше көмек беру ісін жазады.

Алаш зиялылары жанталаса жүріп «Қазақ» газеті арқылы Ресейде болып жатқан саяси өзгерістерді халыққа түсіндіріп, азаттық, бостандықтық қадірін білуге шақырып, елді сол мақсатта іс-әрекет етуге бағыттады. Әлихан Бөкейхан «Алаштың талапты азаматына!» деген мақаласында орыстың саяси партияларының ақшасы бар екендігі, жұртқа қызмет қылатын кісісі барлығын, мұжыққа үгіт айтуға әдейі арнап кісі шығарып отырғандығын жазды. Одан әрі қазақ елінде ақша жоқ болғанмен, кісі барлығын айтады. Маусым айында майданға барған жігіттер келетіндігін, бұратана бөлімінде жігіттерге қызмет қылып жүрген жастардың босайтындығын, олар қызметін жұрт үшін сарп ететіндігін, олардың қатарына елдегі мұғалімдер, өзге жастар қосылар деген үмітін айтады: «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқи жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады.

Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!» (Қазақ, 1998: 396).

Ұлтын сүйген зиялылар «Қазақ» газеті арқылы халықпен байланысып, елге барлық саяси жағдайды хабарлап, өздерінің мақсат-мүдделерін жеткізіп отырған. Сол заманда газет халық пен билік, зиялы арасындағы көпір болған. Газет халықтың айнасы іспеттес еді. Сондықтан да, халықтың ұлттық санасы биік болды. Тіпті, зиялыларымыз халықтың мұқтажына елден жинаған қаражаттың есебін де тиынына дейін есептеп, «Қазақ» газеті бетіне жариялап, халыққа есеп беріп отырған. Міне, осы бір мысалдан –ақ Алаш зиялыларының халықтың қалай бағалағандығын көруге болады. Әділдік пен адалдықтың символы болған зиялыларды халықтың ерекше ықыласпен құрметтеуі де табиғи заңдылық еді. Себебі, ұлтын сүйгендердің еліне, жеріне деген махаббаты биік болды. Өздері де мақалаларында бақыт, махаббат деген түсініктерді кеңінен қолданды. Бұл түсініктер сол кезеңде ұлтты сүюдің өлшемі еді. Алаш зиялыларының еліне, халқына деген махаббатын жеткізу өте қиын. Жүсіпбек Аймауытовтың: *мен ұлтқа кіндігммен байланып қалғанмын. Үзе алмаймын, ұзу де қолымнан келмейді*», - деген мазмұндағы өсиеті де белгілі. Қазіргі таңда махаббат, бақыт түсініктерінің қолданылу аясы да тым тар. Бұл да кеңестік биліктің бір салдары. Шын бақыт – азаттық. Ұлтын сүйгендер азаттыққа жету мақсатында газет шығарып, партия құрып, үкіметті қалыптастырып, елдік мүдде жолында аянбай қызмет жасап жатқан уақытта большевиктер саясаты тамырын жайып, Алаштың мүддесіне қайшы келді.

Алаш зиялыларының мақалаларында большевиктердің жасаған істері жазылып, олардың шынайы келбеті ашылған. 1917 жылы 17 шілдеде Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетіне Орынбордан «Мемлекет халі» деген мақала жариялайды. Онда: «...Мартта жаңа үкімет атып, асып жазалы кісіні өлтіруді жоқ қылған еді. Енді майданда қайтадан жазалыны асып, атып өлтіретін болды. Надандық, қараңғылық арқасында амалсыз қайта жайылдық!

Мемлекет халі зор қетерге айналды. Үкімет күшке салатын жолға бет алды... Мұндай зор мемлекет болатын автономия беретін іс үкімет болмайтын, мұндай істі шешетін учредительное собрание еді. Осыны сылтау қылып кадет партиясының министрлері орнын тастап шықты.

Кадеттің министрлікті тастаған ішкі себебі үкімет болып отырып өз еркін жүргізе алмағаны. Май басынан бері, социалист министрлерден қолағаш байлап барғаннан бері, әскер һәм жұмысшы мәжілісінің қақпалауымен отырды. Бұл мәжілісті сол жаққа аудара басып тұрған жұмысшы партиясының «большевик» атты бөлімі еді. Бұлардың көсемі – серкесі, жазушы Ульянов, жұртқа мәшһүр аты «Ленин».

3-4-інші июлде Петроград көшесіне қанша әскер қару-жарағын асынып шығып, соғыс жасады, үкіметті социалистке алып береміз дегенді бетіне ұстап, Үкіметке жақ әскер, әсіресе атты казак араз шығып, қанша кісі өлімі болып, бүліншілік тоқтады.

Ленин жолдастарымен неміс жалдаған жүзі қара болып шықты. Өзі қолға түспей Германияға қашып кетсе керек. Бірнеше жолдастары абақтыға алынды, сотқа берілді. Майданнан қашқан әскер де большевик – Ленин шәкірттері. Неміс жалдаған большевиктер «Ең алдыңғы оқ Керенскийге» деп те ұран шақырған еді.

Енді большевиктердің жұрт үшін қанша қимыл қылғаны жарыққа шықты. Мемлекет халі қатерде болғаны анықталды» (Қазақ, 1998: 401-403), -деген мазмұндағы жолдар жазылды. Ресей мемлекетін қауіп-қатерге әкелген большевиктердің жасаған істері келтіріледі.

1917 жылғы «Сарыарқа» газетінде «**Большевик бүлігі**» атты мақала жарияланды: «24-нші октябрде социалист партияларының ішіндегі жұмыскерлер партиясының (социал демократ деп атайды) бір бөлімі болшевик атты мартта туған арамзалар «Соғыс дереу токталсын, жер-су, мал-мүлік, қазына, зауыт-фабрика жұртқа кылдай бөліп берілсін, хәкімшілік советтердің (жұмыскер, солдат һәм крестиан ұйымдарын айтады) қолына берілсін» деген ұранын шақырып, Уақытша хукіметке қыр көрсетіп, қару-жарағын асынып шығып, екі астана Петроград-Мәскеудің көшесін қызыл қанға бояп отыр. Болшевиктер ұраны бүгін ғана туған емес, май айынан басталып, июл айында Петроградта қан төгіспен аяқталып, бірсыпырасы түрмеге түсіп, көсемдері Ленин һәм басқалар қашып құтылып кеткен еді, Бұл күнде соғыс токталсын деген ұран әскерді сүттей ұйытып, артынан ертіп, Уақытша хукіметті болшевиктерге женгізіп отыр, 26-ншы октябрден бері астана газеттері токталып, Петроградта не болып жатқанынан толық хабар жоқ еді...» (Сарыарқа, 2017: 285-286). Одан әрі аталған мақалада бір жағынан соғыс болып жатқанда, бір жағынан болшевиктердің соңынан ерген залымдар, ұрылар, қара жүрек солдаттар, қарақшылар өрт қойып, қазына-мүлік бүлдіріп, жұрт талауға кіріскендігі, мемлекет басын қараңғы тұман қоршағандығы, біреуге біреудің сенімі кеткендігі, ұрыс жанжал, талау, қантөгіс көбейгенді бас қорғайтын, мал- мүлік қорғайтын күн туғандығы жазылып: «...Жұрт болып ұйымдасып, бас қорғау камын ойлау керек. Күздікүнгі сиезде бақылаушы (милиция) жасау туралы қылған қаулыны тезбе-тез орындау керек. Өткен нөмірде басылған Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың телеграммы да осы бас қорғау жағын аса қатаң айтып, Алаштың азаматтарына тапсырады. Жалпы қазақ болып не істер, оны алдымыздағы 5-нші декабрде болатын Орынбордағы жалпы қазақ сиезі шешер. Әзіргі жұмыс - сентябр сиезінің қаулысын орындай беру.

Жә, Алаштың балалары! һәр қайсымыз һәр жерде домалап жатамыз ба, жоқ болмаса ұйымдасып, жұрт болудың қамын ойлап, айтқан серт, қылған қаулыларды бір іске асырар күн болар ма?!» (Сарыарқа, 2017: 285-286),-деген мәселе қойылады. Осы «Сарыарқа» газетінде болшевиктерге қазанбұзар, мартта туған арамзалар партиясы деген де анықтама беріледі.

Осы тұста Мұстафа Шоқайдың: «Кеңестік Ресейде Үкімет жалпы жұмысшы табының қолында емес, бір ғана большевик партиясының уысында. Кеңес үкіметі шындап келгенде, большевиктер айтып жүргендей, пролетариат диктатурасы да емес, пролетариат арасынан шыққан бір ғана беделсіз топтың диктатурасы.

Шаруалардың ел басқаруға қатысуы туралы айтып жатудың өзі артық. Кеңес зандары бойынша бір жұмысшының дауысы 25 шаруаның дауысына тең» (Шоқай, 2007: 343), - деп жазғаны да ойымызға оралып отыр. Мұстафа Шоқай шығармаларында большевиктердің, кеңестік биліктің қылмысы деректермен дәйектелетіндігін де ескеру керек.

Большевиктер күшпен билік басына келгенде Қарқаралыға Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынов мемлекеттің ауыр жағдайын айқан телеграмма жіберген. Яғни, қазақ комитеті мен мұсылман комитеті ақылдасып бірігіп, милиция құру, ақша жинау қажеттігін, әсіресе

халықты қорғауға милиция (бақылаушы) керек екендігі баса айтылады. 1917 жылғы «Сарыарқа» газетінде «Большевиктер» деп аталатын мақалада большевиктер оқ атып, қылыш суырып, мемлекет билігін қолына алғандығы, сарт, ноғай, қазақ, қалмақ жұрттары бөлінем десен ерік өзінде деп алдын болжамайтын ұшқалақтарды есіртіп қойғандығы, большевиктердің сөзінде тұрлау бар екендігіне сенбеу керектігі баса айтылады. Одан әрі: «Большевиктің әскерлері Сібір қалаларын да бірте-бірте күшпен алып, халық қалап сайлап қойған махкамалардан қызмет иесі адамдарды зорлап шығарып, өздері орнасып жатыр...

...Мал, мүлік, жер, су, фабрика, зауыт - бәрі сендердікі деп құтыртып, ертіп алған ылғи дүлей ақымақ қара күш, кісі қанын судай ағызған Ленин мен жүзі қара жолдастары жұрт сайлап жіберген депутаттарды Таврик сарайына жуытпай, жұдырығын түйіп кіргізбеген.

...Сайлаудан озсам екен деп, аздырып жіберген солдаттары канша қолсыздық қылып, депутат көбейтпек болса да, азда қалған соң, бол-шевиктер мынадай зорлық қылып отыра халық бостандығы партиясынан сайланған депутаттарды ұстап, абақтыға жауып жатыр. Кешеті қара заманда қасқып, Николайға қарсы тұрған ер, көсемдерді тінтіп, ұрып-соғып, жанын қинап жатыр. «Жұрт дұшпаны» деп заң жасап, жарлық шашып отыр. Г. Думаны қуған Николай мен Столыпин жопына түсіп, Учредительное собрание айтқанымды қылмаса, керегі жоқ деп, барша жұрт еркіне қол сұғып отыр. Құдайдан соңғы күшті халықты күшпен қорқытып, қырып, өлтіріп жүгінтемін дейді. Аяғы аспаннан келіп, тырия асқанда бір-ақ білер. Әзір білгенін қыла берсін!» (Сарыарқа, 2017: 358-360),-деп жазылады

Ал, 1918 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған «Орынбор, 1-інші январь» атты мақалада 1917 жылдың саяси оқиғаларына баға беріледі. Өткен жыл бүкіл дүние жүзін алғанда соғыс алаңымен өткендігі, Ресейде зор өзгеріс, зор оқиғалар, зор бүліншілік жылы болғандығы, 1917 жылғы Ресей мемлекетінде болған оқиғаларды жазу газет жүзіне сыймайтындығы жазылып: «...мыңнан астам жыл мемлекет болып, басқа жұрттарды бағындырып, қол астына құраған, сары орыс жұртының ортасына ойран түсіп, бірлігі кетіп, берекесі қашып, ынтымағы ыдырап, өзді-өзі жауласып, қатардан іске аспай шығып, айбыны жоғалып, ары төгіліп, абыройдан айырылған жыл болды. Жылдың басы қуаныш, аяғы ренішпен өтіп тұр.

Романовтарды тағынан тайдыруға себепкер болған Еуропа соғысы, қуанышты ренішке айналдырған халықтың қараңғылығы.

300 жылдан астам Россия мемлекетін билегенде Романовтар өздерін қожа есебінде, халықты құл есебінде ұстап, өз басының пайдасымен болып, халық пайдасына қарамады.

...Бастапқы уақытша үкімет ағзаларының көбі Кадет партиясынан еді. Олар қара жұрттың қамын жемейтін, қарны тоқтар деп, олардың орнын Болшебектен басқа социалист партиясындағылар алды. Большевиктер әкімшіліктен құр қалған соң, ел билігін екінші жолмен алмақ болды. Әскерді азғырып, өзіне аудармақ болды. Әскерді азғырып аудару большевиктерге қиын болмады. Себебі уақытша үкімет одақ патшалардан бөлініп, бітім жасамау жолында болды. Одақ патшалар Германияны мұқатпай, соғысты тоқтатпайтын ниетте болды. Уақытша үкімет одақ патшалардан бөлек бітім жасамаймыз дегені большевиктерді, әскерді азғырып, өз жағына шығаруға зор себепкер болды.

...Ел билігінің тізгінін уақытша хукіметтен алып, тез бітім жасаймыз, бізге еріндер деген соң, еліне қайтқысы келіп отырған солдаттар большевиктерге ерді де кетті. **Большевиктердің шын мақсаты халыққа жаны ашып, соғысты қойдырып, солдаттарды тез еліне қайтару емес, солдаттарды уақытша үкіметке қарсы қару орнында жұмсап, солардың арқасымен әкімшілікті қолына алу еді.** Оны түсінбейтін орыста әскер жоқ. Солдаттардың бәрі қараңғы мұжық ішінен шыққан аяқ астынан арғыны көрмейтін соқыр. Большевиктердің шын мақсаты не екеніне көздері жетпей, большевиктердің алдауына, азғырғанына еріп, уақытша үкіметті түсіртіп отыр. Большевик әкімшілігіне жұрт көнбейміз деп, большевиктер әскер күшімен көндіреміз деп, талай шаһарлардың көшелері қанға боялды. Большевиктер мемлекет ісінің басына мінген соң жаумен соғысуды қойып, әскерлер елмен соғысып кетті. Соғысты жамандағанда большевиктер немістерді аяп жамандамаса, елді аяғаннан жамандағаны мынау істерінен-ақ көрініп отыр. Әкімшілік қолына тисе тез бітім жасаймыз деген уағдасынан да большевиктер табылмай бітім сөйлескен болып, солдаттарды таратпай, ниеті ұстап отырмақ. Сүйеніп отырған солдаттар тарап кетсе, хәкімшіліктен айырылып қаламыз деп қорқады.

Сол күйінде большевиктер жаңа жылға аяқ салып отыр. Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің

басынан көшер, бірақ көшкенінше талайды болдырып, былғап кетер» (Қазақ, 1998: 418-421), - деп большевиктердің саясаты терең сарапталады.

Сонымен қатар, «Қазақ» газетінде Жанұзақ Жәнібеков «Торғай облысының халқына!» деген мақала жариялап, патшаның самодержавасының орнына большевиктердің аяздан ызғарлы комиссар державасы келгендігі, ол соғыстан әлсіреген халықтың мұң-мұқтажын көзіне ілмегендігін, Брест деген қалада большевиктер Германия, Австрия һәм олардың одақтастарымен Россияны бүкіл дүниеге масқара қылған бітім жасағандығын айта келіп, «...Сол бітімнің кесірінен Россия бөлшек-бөлшек болып бөлініп кетті. Большевиктер күн бұрын бітім жасамай тұрып, әскерді таратып жіберді, немістерге қарсы тұратын ешкім қалмады, немістер тоқтаусыз келіп, Отанымыздың көп жерін өзіне қаратып алды.

Пікірі басқа болған, яғни, большевиктерге болмаған, яки, большевиктердің көрсетуі бойынша жүрмей, өзіне керегін өз білгенінше істеймін деген халықтармен соғысуға совет үкіметі көп күш көрсетті. Совет үкіметінің бірнеше айдай істеген ісінің жемісі әртүрлі толып жатқан комиссарлардың ойына келгенін істеуі. Ұрыс-төбелеспен ісі жоқ, жай жүрген кісілерді атып өлтіре беру, красноармеец деген большевиктерге жалданған жұрттан шыққан бұралқылардың адам баласының өмірде көрмегенін көрсетіп, талаулары, әркімнің ертең тірі боласың ба, яки, өлі боласың ба деп, өне бойы қорқып қалтырауы һәм жұрттың, Отанымыздың байлығын құрту болды. Сөйлейтін сөзге, жазатын жазуға берілетін бостандықтар, жиылыстарға һәм ойлайтын ойларға берілетін бостандықтар, тұрған үйіңе ұлықсатсыз ешкімді кіргізбеушілік – революцияның бізге алып берген бұл қымбат нәрселерінің бәрінде қара бұқараға байлық орнына жарлылық берген, нан орнына қан берген, тыныштық орнына қан аралас аққан жас берген совет үкіметі жойды. Аяғының астына салып таптады.

Бірақ халық большевиктердің алдағанын түсініп, совет үкіметін түсіріп, халықты өзі дегеніне би қылып, өзі ойлағанына жеткізетін, учредительное собрание қайтадан құруға қам қыла бастады.Біз, бүкілроссиялық учредительное собрание комитетінің уәкілдері, шын көңілімізбен сіздерден учредительное собрание қорғауларыңызды өтінеміз.

«Жоғалсын Совет үкіметі!» деген ұран шақырып реттеліндер, құралданыңдар, бірігіңдер! Қазақтар, естерінде болсын, сендердің өздеріңіздің пайдаларыңызға муапық қылып, өздеріңіздің тілеулеріңізше әлі хакім айтатын ішінде өздеріңіз сайлаған кісілеріңіз бар жалғыз учредительное собрание ғана...» (Қазақ, 1998: 426-427), - деп терең тұжырымдалған.

Большевиктердің ұлттардың автономиясына қарсы екендігі де алаш зиялыларының мақалаларында жиі қозғалады. «Жасасын Алаш автономиясы! Көркейсін Алаш!» атты мақалада большевиктер большевик еместің бәрін жау көргендігі, шын ұлтшыл орыс зиялылары қашып-пысып жұрт жұмысынан шығып қалғандығы, іс басына өңкей жалаңаяқтар отырғандығы, большевиктердің мемлекет құру құрылтайын да қуғандығы, кейбір мүшелерін атып өлтіргендігі, өздерін «халық комиссары» деп атаушы большевик бастықтары Германиямен бітім жасағандығы айтылады. Қашан да шындықты жазатын алаш зиялылары бұл бітімнің Ресейге пайдасыз болғандығын, Германия атының тұяғы тиген жерді өзі алып, одақтарын олжаға ортақ қылғандығы, соғыс шығынын Ресейге аударғандығы, бітімнің қайда деп немістің бетіне қарайтын орыстан еркек шықпағандығы, орыс солдаттының большевик болдым деп, майданды тастап, бірін-бірі қырудың соңында жүргендігін де жазды. Одан әрі мақалада былай деп тұжырымдалады: «...Социализм ұжмағын орнатам деп Русияны жоғалттың, неміске құл қылып бердің деп орыс халқы қан жылады. Сүйтіп Россия жолдастан бір айырылып, берекеден екі айырылды.

Большевиктер бай мен жарлыны теңгеретін болған соң, жер-суды, мал-мүлікті бөліп беретін болған соң, оңай олжаға қызыққан ұры, қары, ойдан қашқан, қырдан қашқан қулар қосылды, еңбексіз мал табылатын болған соң жұмысшылар большевик болды, завод-фабриктер жабылды, сауда, кәсіп тоқталды. Отарбалар дұрыс жүрмеді. Бір жерден бір жерге азық-түлік бармады. Қымбатшылық, ашаршылық күннен-күнге күшейді. Біреуді біреу талтүсте талау, өлтіру, зорлау, абақтыға жабу деген нәрселер баланың ойынындай болып кетті.

Ертең тірі болуына бүгін ешкімнің көзі жетпеді. Малын, жанын қорғайын дегендер Совет үкіметіне қарсылық қылған болып танылды. Мынауың елге бүліншілік дегендер контрреволюционер аталды.

Большевиктер қаладағы ірі байларды талап, тояттағаннан кейін жалпы жұртқа аранын ашты. Үш жылқыдан артыққа мал басы 100 сомнан алым салмақ болды. Жерге де сондай алым салды. Халықтың шаруасын күйзелткенімен қоймай, діни намысына тиетін заңдар шығарды: неке жоғалсын, менікі-сенікі болмасын, мектептерде дін сабағы оқылмасын деді.

Орыс халқын осынша ойран қылған орыстың жауыз ниетті жаманы һәм көкірегі соқыр надан еді. Біздің де лай судан балық аулайтын арам ойлыларымыз соларға барып қосыла кетті. Большевик заңын, социализм жолын қазақ-қырғыз ортасына орнатпақ болды. Жер-суын ортаға салмақ болды... Орыс большевиктеріне еліктеп, соларға сүйеніп, Алаш азаматтарын жоғалтпақ болды.

Большевиктердің мықты бір жауы автономия алмақ жұрттар еді. Большевиктер Украина даласын қанға бояды. Түркістан автономиясын жоғалтып, халқына ойран салып, Қоқан шаһарын жермен жексен қылды. Үкімет адамдарының біразы жабылды, бірсыпырасы қашып құтылды. Башқұрт автономиясын таратып, азаматтарын абақтыға жапты. Қырымды қанға бояды. Азаматтарын қойдай бауыздады. Қырым мүфтиі Жәмежихан хазіретті әуелі абақтыға жауып, соңынан кескілеп суға ағызып жіберді. Автономия боламын деген жұрттардың әрқайсысының көрген күні осындай болды.

Автономия боламын деген жұрттардың басқаларға қарағанда, аманырағы біздің Алаш. Бірақ бізде құрбансыз болмадық. Алаш азаматтары большевиктің оғына да ұшты, абақтысына да жабылды, қашып та жүрді. Осынша басын өлімге, бейнетке байлағандағысы – Алаш баласын большевик бүліншілігінен аман алып қалу еді.

...Большевик жалғыз өзі ғана жоғалып отырған жоқ. Бүкіл Россияны жоғалтуға таяп кетті. Бұл күнде бұрынғы тұтас, айбынды, күшті Россия жоқ. Қазір әлсіреген, қансыраған, берекесі кетіп, бірлігі қашқан шалажансар, алты бақан, алаауыз Россия қалып отыр. Мұны мұндай күйге ұшыратып отырған большевик, большевикті шығарған орыстың надандығы, қараңғылығы.

Большевик жоғалған соң әр жерде әр түрлі үкіметтер жарыққа шыға бастады. Мысалы, Сібір үкіметі, Самар үкіметі, Башқұрт үкіметі, Алаш Шоқайүкіметі һәм басқалар. Бұл үкіметтердің шығуы һәм түскен жолдары түрліше.

Башқұрт, Алаш секілділер өзінің белгілі мақсаты – автономияларын жарыққа шығару жолында талпынады...»(Қазақ, 1998: 436-437 бб.).

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 17 қаңтарда «Қазақ» газетінде (№260 жарияланған «Саяси хал» атты мақаласында: «...Мұжық, солдат біз большевик дініне кірдік деп қаланы, помещикті, бай мұжықты талап жатыр. Темір жол тоқтады, станциялар, астық сатып алатын уалаяттар, мйдандағы әскер жұтап жатыр.

Біздің қазақ жері әзір бұл Русия лаңынан аман.

Алаштың баласы аман қалар ма, жоқ па, болжап болмайды. Қорқамын жалпы жұрттың қараңғылығынан, басшы болам деп, тонын айналдырып киіп, жұрт тілегін өзінің соқыр тиынына айырбастағаннан.

Аға-іні Алаштың азаматы, берік, бүгінгі үй ара уақ істі таста, мына қараңғы қара бұлт Россия ылаңынан Алаш басын қорғайтын жолға шық.

Россия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Біз бірліктен айырылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар. Жалпы жұртқа мұрындық бол».

Жоғарыда келтірілген деректерден байқап отырғанымыздай, большевиктер өздері насихаттағандай «халыққа жақын» болмаған, заңсыз жолмен билікке келген, аңқау, оқымаған адамдарды соңына ертіп алып, «теңдік, билік» және т.б. ұрандарымен халықты алдап, өзіне қарсы келген күштерді қырып-жойып, азаттық, тәуелсіздікке жаны қас болған.

Алаш зиялыларының кемел білімін ескере отырып, олардың большевиктерге қатысты жазғандарының нағыз шындық екендігін пайымдаймыз. Аласапыран жағдайда не болса да елді бүліншіліктен қорғап, азаттық арманының жалынан айырылмауды мақсат еткен Алаш зиялылары Алашорда үкіметінің маңына шоғырланды. Большевиктердің шынайы жүзін халыққа әшкерелеп, елді адасудан қорғады. Сондықтан да, большевиктер Алашорда үкіметіне өш болды. Алаштықтармен қағасты. Алаш зиялыларының бар «кінәсі» елінің азаттығы жолында қызмет еткендігі еді. Бұл қызылдар билігіне ұнамады.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Аттан Алаш азаматы!», - деген мақалада

«Большевиктің дүбірі шыққанда бойын жасырып, құрылмай қалған Алаштың ордасы құрылды. «Алаш Орда» өзін өз тізгінім өзімде, бір үкіметпін деп жұртқа жар салды. Бұл он облыста туып өскен Алаш азаматының құдайдан тілеген тілегінің ең зоры еді. Уақыт келді, шаңырағы көтеріліп, «Алаш Орда» тігіліп отыр. Орданың ішіндегі үйшінің үй ішінде отырған адамдар сұқ көз, сұғанақты қолдан сақтай алады. Бірақ олардың орданың маңайындағы малдарды жауға алдырмай сақтауға шамасы келмейді. Соның үшін үй ішіндегілер үйге ие болғанда, сырттағылар малға ие болуы керек.

Үй ішінде білген білімін ел-жұртының игілігіне жұмсап білімділер отырса, жалпы ел олардың айтқанына жүріп, айдағанына көну керек. Бәріңізге мағлұм, Россияның жауы бұрын неміс болса, былтырғы октябрден бастап үй ішінен жау шықты, ол большевик. Бұл большевик жұртқа не қылмады. Оны айтпай-ақ қояйын, жұрт өзі де білген болар. Большевик малыңа қожа, басыңа би, жаныңа жат болды. Оқыған адамдарыңды мылтығымен атқанда өлмей қалса, қылышымен қырқа тіліп, қарнын жарып, көзін ойып кетті. Басшы адамдарыңды ақпан мен қаңтарда жолаушы қылды. Әбиырыңды ашты, әйелдеріңді еріксіз басты. Алдыңа әзірейілдей ақырып келгенде, есің шығып, сөз қатуға шамаң келмеді, мұның себебі не еді?

... Ау, Алашорда құру ойын емес, оны қорғай алмасаң жұртқа күлкі боларсың. Ол орданы сақтауға қорғаушылар керек. Ол қорушыларды бағуға мол ақша керек. Жоғарғы екі нәрсенің үстіне жүрегінде ұлт махабаты, ел намысы, бабаларың түрік ерлігі боларға керек.

...Жауың кім? Жауың - большевик. Большевиктің тұқымы құрымаса Россия мемлекетінде тыныштық болмақшы емес, тыныштық болмаса, бас көтеріп, «ық» етіп, үніңді шығара алатын емессің»,- дей келе ортақ жау - большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесінде жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған Алаш азаматына парыз екендігі айтылады. Өз тізгінім өзімде, жұрт боламын деген адам атқа қонып, қолыңа қару-жарақ алып, большевикке қарсы шығып, ерлікті іспен көрсету қажеттілігі, «...Елден ержүректі жігіттер шықса, құрал тауып жасандыру іс басында, Орда ішінде отырғандар міндеті.

Романов патшаларының ызғарлы билігі астында тұрғанда тот басқан қылыш пен найзаңды шығар, терезесі тең елмен қатар сен де ат жалын құш, соғыс майданында жиылған жұртқа баяғы батыр бабаларыңның ойынын көрсет!

Намыстан жас Алаш! Ұлтыңның қадірлі ұлдарының қанын тегін жіберме?

Қолыңда мылтығы бар адам осы заманда «Ер» атанып жүр. Большевик дегендер кешегі байлардың есігінде жүрген шандыры созылған өңшең малай. Қолына мылтық алса, еркін даланың ерігіп өскен, астына ұшқыр ат мінген ер жігіттерінің қолынан нелер келмес»(Қазақ, 1998: 429-430 бб.), -деп жазылады.

Большевиктердің билікке әділетсіз жолмен, қантөгіспен келуіне байланысты, Ресейде азамат соғысы болғандығы оқырманға белгілі. Азамат соғысы жылдарында аласапыран заман орнады. Ел басына ауыр күн туды. Халық дүрлікті. Ал, Алашорда үкіметі милиция, әскер құрып, елді бүліншіліктен қорғады. Большевиктердің жүргізген саясаты халыққа жат болғандықтан, Алашорда үкіметі ақтармен одақтасты.

1918 жылғы 23 шілдеде **«Қазақ» газетінде (№261) жарияланған «Дутовтың шабуылдан қайтуы» атты мақалада Сейдәзім Қадырбаевтың Дутовтың аман келуіне қатысты айтқан құттықтау сөзі келтірілген:** «...Торғай облысының жері Орынбор губерниясының жерімен көрші болғандықтан хәм Торғай облысының областной мекемелері Орынбор қаласында болғандықтан Торғай облысы Орынбор губерниясымен байлаулы. Орынборды Большевиктер алған соң Торғай облысында да Совет үкіметі орнығып еді. Енді Орынборда Совет үкіметі құлау себепті біздің Торғай облысында да Совет кіметі құлады. Біздің бұл жақтағы Совет үкіметінің бес ай сүрген дәуренінің ішінде не істегенін біліп, істейтін ең жақсылары бастарынан өте ауыр күнде кешірді. Олардың кейбіреулері қашып, Қытай ішіне шығып кетті. Бұл айтқан уақыттың ішінде қазақтың қара шаруаларының көрген зорлық-зомбылығы аз емес. зорлық-зомбылықты көбірек көрген қазақтың Орынборға жақын жердегі болыстары болды. Иманын сатқан қара жүрек Кашириннің отряды 1-Бөрте болысының қазақтарын талағанын хәм сол болыста бір қазақ офицерді өлтіріп кеткенін көзім көрді десем болады. Біз, қазақтар, осы үстіміздегі заманның бір ауыр заман екенін хәм адам баласының тарихында болмаған деп айтуға сиярлық заман екенін хәм мұндай халден бірлікпен, бір-бірімізге көрсеткен жәрдеммен құтылуға болатынын түсіндік....

...Бостандық үшін, аяқ астына басылған халықтың құқықтарын тұрғызу үшін һәм учредительное собраниеі шақыру үшін большевиктермен соғысып жатқан казак-орыстарға тағыда құтты болсын дейміз. Жасасын учредительное собрание! Жасасын казак-орыстар. Жоғалсын жексұрын Совет үкіметі!». Мақалада одан әрі атаман Дутов Сейдәзім Қадырбаевтың сөзіне былай деп жауап қайтарады: «Менің сөзім қысқа. Қазақ халқына менен сәлем сөйлеңіз, олардың арасында мен болдым. Орынбор губерниясының жері тарлыққа айналып, оныда жүру қиынға айналған бір кездерде Қостанай һәм Ақтөбе уездерінің қазақ отырған жерлерін сағалап, Торғай уезіне шықтым. Торғай қазағы мені һәм жолдастарымды жатсынбай, жылы шыраймен қарсы алып, қолдан келген жәрдемдерін аямады. Үйін тікті, қойын сойды, қымызын сапырды, аты өліп жаяу қалған жолдастарыма ат мінгізді. Осы құрметтерді барлық атты казак һәм оның үкіметі атынан қонақ сүйгіш мінезді қазақ халқына тәңірі жарылқасын айтамын.

...Арып-ашып келгенімде қарсы алып, көңіл білдіргеніңізге шын көңілімнен рахмет айтамын». Мақалада Дутовпен бірге келген Қостанай уезі Жетіқара болысының жігіті Сағындық мырза атаман қазақтың берген нәрселеріне баға кесіп, хақын төлеп отырғандығы жазылған. Қазақтан ешнәрсені тегін алмаған, алған затының ақшасын төлеп отырғаны, Қостанайдың Торғай жақ шетіндегі қазақ болыстары, Торғай һәм Ырғыз уездерінің қазақтары атаманның отрядын берілген хабар бойынша үй тігіп, қой сойып, қымызын даярлап қарсы алғандығы туралы деректер берілген.

Алаш зиялыларының большевиктерге қатысты жазылған мақалаларында большевиктерді аяздан ызғарлы, қара ниет, қаны бұзық және т.б. сөздер жиі кездеседі. Бұл тенеулер қызылдардың іс әрекетінен туындаса керек-ті.

«Алаш құрбандары «Сарыарқадан»» деген мақалада соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Семейде құрылған атты-жаяу милициясын большевиктердің ұнатпағандығы, мылтықты тапсыр дегендері, оған алаш милициясының ұлтты сақтаудан басқа артық ойлары болмағандықтан, большевиктерге де қарсы келмей, ойындарын да тоқтатпағандары айтылады. Бұл жерде ойын деп әскери жаттығу айтылып отырса керек-ті. Деректі қаз – қалпында ұсынсақ: «6 мартта таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жанына 10-15 солдат келіп, еш сыбыссыз мылтықты бір-екі басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық даусы шыққан соң бірлі-жарымды жігіт қашуға айналғанда милиция бастығы учительский семинарная шәкірті Қазы Нұрмұхаметұлы жігіттерге айғайлап, «қайда барасындар? Жазықсыз өлсек өлейік, бәрімізді қырма!» деп тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазының өзіне де, атына да оқ тиеді. Оқ жүректен тиген екен. Есіл ер сол арада жан тапсырды.

Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басып құшақтап, шуласты. Көрген-естіген жан қайғырды. Ертеңіне халық көп жиналып, жаназасы шығарылды.

Алғаш Алаш жолында құрбан болған жас бағланды ұмытпасқа белгі болып қалсын деп, екі рет суретке басылды (біреуі қанды киімімен жатқан халінде, екіншісі халық жаназа оқып сапта тұрғанда табыттағы жатқанын)» (Қазақ, 1998: 432-434). Ұлты үшін жанын құрбан қылған Қазы Нұрмұхаметұлы басында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатұлы және басқа да зиялылар сөз сөйлеген. Аталған мақалада большевиктің лаңы басылуға жақындаған бір уақытта Алаш туын көтеріп, ел жігітін бастайтын соғыс ғылымын оқыған бірнеше жыл соғыста болып, тәжірибе көріп ысылған бір офицерден айырылып қалғандығы да баяндалады. Орал облысы Алшын уезі, Соңалы болысы, Қаракесек руынан штапс капитан Нұғыман Сарбөпеұлын большевиктердің аяусыз өлтіргендігі туралы айтылады: «... атты казактар Нұғыманды жалаңаштап қамшымен сабап, мылтықтың дүмімен ұрып, ең соңында алты мылтықпен бір басып, өлді деп тастап кетеді. Бірақ ол кезде Нұғыман тірі екен. Соңынан жамағаты Зинаятта Рамазанованың ішкі киімінен басқасын, алтын-күміс нәрселерін, ақшасын, Нұғыманның киімдерін бәрін әлгі залымдар ауылға келіп, жұрдай қылып тонап алып кетіп, бара жатқанда кеудесін сүйретіп, ауылға қарай жер бауырлап келе жатқан Нұғыманды көріп, тағы қылыштың астына алып, мылжа-мылжа қылып, қарнын тіліп, басын жарып, көзін шығарып, ит көрмеген қорлықты көрсетіп өлтірді. Сүйтіп Алаштың маңдайына басқан бір адал жігіті, елінен шығып, большевик дініне кірген бұралқы атты – казактардың қолында өз тұтынған жолын қуып барғанда құрбан болады.

Марқұмды өлтірген отрядтың аты Каширинский отряд аталады.

Нұғыман 28 жаста еді. Артында әбиуырын жабарлық қана киімімен жаңадан босанып, қыз тапқан Зинаятта ханым сынық тиынсыз қалды.

...Қыршын жас қаһарман сабаз Нұғыман мархұмның өліміне шын жүрегімізбен қайғырып, топырағы жеңіл болсын айтып, құдайдан артында қалғандарына сабыр сұраймыз.

...Сүйтіп, большевик заманында қазақ жұрты екі қымбат ұлынан айырылды.

Шеттен хабар алу қиын. Бұл екеуі қатарында тұтынған жол. Құрбаны болған үшінші бір азаматтың опат хабарын құдай есіттірмесін» (Қазақ, 1998: 432-434). «Қазақ» газетінде Міржақып Дулатов жариялаған «Тағы құрбан» деген мақалада Жетісу облысында Үржар деген қаланың қасында большевиктермен болған соғыста Алаш Орда һәм құрылтай ағзасы Отыншы Әлжанұлы оққа ұшқандығы, Садық Аманжолұлы жараланғандығы айтылады. Отыншы Әлжанұлының Жетісу қазақ-қырғзын большевиктер бүліншілігінен аман алып қалу үшін атқа мініп, жігіт жинап, өзі басшылық етіп жүріп қазаға ұшырағандығы жазылған. Осы мақалада Қазақ милициясы үшін 500 мың сом алып берген Шкапский сабазды, баласымен екеуін большевиктер абақтыда атып өлтіргендігі туралы дерек бар (Қазақ, 1998: 434-435). Осы тұста айта кету керек, большевиктердің басбұзар істерінен хабардар болған демократ адамдардың барлығы да, қандай ұлт өкілдері болса да Алашорда үкіметіне жақтас болған.

Алаш зиялылары Алаш газеттерінде автономия, милиция, әскер құру, қаражат жину мәселелерін халыққа талдап түсіндірді. Міржақып Дулатұлы жазған: «Жасасын Алаш аутономиясы! Көркейсін Алаш! Қайтсек жұрт боламыз», - деген мақалада дүние ойран болғандығы, даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналғандығы, ат төбеліндей аз елдерге қиын болғандығы, мұндай зор өзгерістер болған емес, мұнан соң да бола бермейтіндігі, әркім қайтсек жұрт боламыз деп жанталасудың себебі айтылып: «...Күнде жиылыс, күнде сайлау шығып, жұрттың мезі болғаны рас: **большевик деген бір бәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас.** Мұнан соң қандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көңілі суынып тұрғаны да рас.

...Алашқа жаны ашымайтын қара жүректер, жұрт болғанымызды көре алмайтын қаскүнемдер, ертең не болатынға көзі жетпейтін надандар ізгі ниет, ілгергі тілегімізге қарсы болып, жұрттың көңіліне қорқыныш салатын да шығар. Автономия болуымызға, милиция құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылатын шығар. Бірақ халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, келер күнін ойлану керек.

Біздің арамызда Алаш тілегіне қарсы болатын кімдер екені белгілі. Бұлар екі түрлі. Бірі – қаны қарайған, ұлт намысы дегеннен бейхабар, жамандықты кәсіп қылып қалған антұрғандар. Бұлар аузы қисық болғанын айнадан көріп, жамандығымды неге қостамайды деп жұрттың бәрімен қас. Бұларға елдің тыныштығынан бүлінгені керек. Жұрт тілегіне қарсы мұндайларға кіретіндер ел ішіндегі партия құмарлар. Бұлар істеп жүрген істері жұртқа зиянды екенін ойламай, партия қуғанын «баққа таласып жүрмін» деп, адасып жүрген надандар. Егер жұрт жұрттықты ойласа, партиясын, тым болмаса, уақытша қоя тұрып, бірлік-береке қылатын болса, Алаш аты бәйгеден келмей қалмас еді. Жок, жұрттық деген құр сөз болып, әркім бетімен жайылып, «баққа таласып», баяғы хайуанға шауып баратын болса, Алаш тілегіне қарсы болды деген осы. Алаш болып, шашау шықпай, Алашордадан басқаны білмейтін болса, «жауымды мұқатам» деп, біреуге тұра шаппайтын болса, өздігінен келіп бізді билеп кететін ешкім жоқ. Әркім өз басымен қайғы болып жатыр. Біз біреуге өзіміз шауып барып, өзіміз шақырып әкеліп, төбемізге ойнатып жүрміз. Бұл мінезіміз бұрын да белгілі еді, әсіресе, кешегі большевик заманында да көрінді. Енді мұнан бұлай жұрттықты ойлап, бірлік қылатын болсақ, Алаш тілегінен басқаға алаң болмай, жұртқа ең пайдалы нәрсе – милицияның керектігіне көзін жеткізсек, жолымыз болғаны», - деп тұжырымдалады. Милицияның не үшін керектігі халыққа түсіндіріледі. Атасы басқа елдермен көрші болып отырғандықтан, солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керектігі, **большевик секілді жүгенсіздер көп, солардан елді қорғау үшін керектігі, ішкі губерниялардан күні ертең аш-жалаңаш босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керектігі, ана жылғыдай оп-оңай алдына салып айдап кетушілер болмау үшін керектігі, қазақ – қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керектігі, автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керектігі** айтылады. Әскер болмаса, қазына болмаса, автономия ала алмайтындығы, автономия ала алмаса, жұрт

бола алмайтындығы, әскер болса ғана жұрт болатындығы тұжырымдалады (Қазақ, 1998: 439-442 бб.).

Ал, «Талайдың сыры ашылды», - деген мақалада ел басына қиын күн туғанда кімнің кім екендігі айқын білінетіндігі айтылып, большевик дәуірінде жұрттың жылағандығы, тал түсте таланып, азаматы өліп, әйелі зорланғандығы, дүниесі бүлінгендігі айтылып: «...Осындай қиямат қайым күндер туғанда, біздің арамыздан да большевик болып, жұртты қоса талаған, азаматтарымыздың үстінен шағым жүргізген, өлімге бұйыртқан, оққа байлатқан антұрғандар шықты. Большевиктің ғұмыры ұзын болса, бұлар елдің сәнін кетіретін еді. Құдай сақтап, көп жерден большевиктің көзі жоғалды. Халық «үһ» деп демін алып отыр. Әлі де болса да большевиктен құтылмаған елдеріміз бар. Мысалы, Жетісу, Сырдария облыстары. Ол елдер күні бүгінге шейін қырғынға ұшырап жатыр. Міне Большевик талайдың сырын тағы ашты.

Санаң болса, Алаш, енді ойлан! Жайшылықта жап-жақсы болып жүрсе де, таршылықта жалт беріп, жауыңа қосылып, жаныңа қастық қылатын, малыңа құрық салатын кім екенін біліп қой! Мұндай жауыздарды мұнан кейін маңайыңа жолатпа, аластап араңнан шығар! Мұндайлар жұртқа опа бермейді. Ертең тағы бір жамандыққа ұшырасаң, миыңды шағатын, түбіңе жететін осылардан сақтан!» (Қазақ, 1998: 442), -деп жазылды.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 4 шілдесінде (№ 45, 1-2 б.) Қазақ үкіметі Алашорда тарапынан жарияланған «Бүгінгі күн» деген мақалада: «Бәлшебек кім екені «Қазақта», «Сарыарқада», «Бірлік туында» неше рет жазылған. Өліпті таяқ деп білмейтін, надан, қалтадан бөлек түк көрмейтін, арамза, бәлшебек жұртты қалай билесін. Бәлшебек, жазғы тұрғы қарша, астынан еріп құриды. Қарды ерітетін күнен күнге жоғарлаған жазғы тұрғы күн нұры қара бәлшебек хукүметін ірітіп, шірітіп жоғалтқан. Күннен күнге қарсы болып күшейген халық пікірі.

...Жүзі қара, надан бәлшебек найзаға мініп жұрт билейім деп, өзі де құриды. Россия мемлекетінің де мұндағы жұрттың да түбіне жетті. ...Жетісуда бәлшебек қарақты, қазақ-орысты ескі мұжықты, жаңа мұжық – переслен бәрі бәлшебек, адамын қырып, қорасын өртеп, қазынасын талап жатыр. Тұрысбековтердің мешітін бұзып, қорасын өртепті, өздері найман Отыншы басшы болып барып, Көктұманы алыпты, бәлшебектерді ұстап көгендеп қойыпты. Үржар, Көктұмада қазақ, қазақ-орыс, ескі мұжық қол ұстасып бірігіп, ғаскер жиып, құралданып, Лепсі, Қапал, Алматыны бәлшебек құлдығынан құтқармақ болып жатыр. Ұзынқұлақ хабар 8 мың қазақ атқа мініпті. Алаш Орда ғаскер аттандырып, Жетісуды алмақ.

...Мәскеуде жаман ұнның пұты 300 сом, бұда жоқ. Бәлшебектің министрлері ғаскер алып шығып, мұжықтан астық тартып алмақ болып, мұжықтардың жаман қалаларын аралап жүр. Өзі бәлшебек болған мұжық астығын бар болса да қалаларға бермей отыр. Мұның жұрт болмайтыны осы.

...Алаш Ордамен, Башқұрт сәбетімен одақтасып бәлшебекті Оралдан, Сібірден қуып жатыр. Біздің қазақ жерінде уақытша земства, қалаларда дума әр қайсысы өз орнында жұртты билейді. Управалар ісін атқарады... Саяси істер, ғаскер, милитсиа жасау әр облыста, уезде Алаш Орданың жергілікті бөлімінде болады... Біз Сібір хукүметіне Әлиханды жіберіп отырмыз, біз Сібір, Башқұрт аутономиясына құрдастық көзбен қараймыз деп.

Ал Алаштың намысшыл жігерлі ақсақалы, азаматы ел болатын күн туды. Бар жанды, малды, қызметті жұрт ортасына сал, ғаскерге жазыл. Қызметке кір, малды Алаш қазынасына сал, үйдегі уақ нас партияны тоқтат! Мұндай күн жүз жыл түгіл мың жылда қайта келмейді!...» - деген деректер де жазылды.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы номерлерінде жарияланған **«Алашорданың бастығы Ғалиханға Жайнақовтан мынадай телеграм келді», «Дутов телеграмы», «Бәлшебек өлді», «Сейдғазим телеграмы», «Алашорданың Сейдғазимге берген телеграмы»** деген деректер мазмұнынан Алашорда үкіметінің большевиктерге қатысты ұстанған саясаты анық көрінеді. Бәлшебек болған жүзікараларға рақым қылмау керектігі, Қазақ жұмысына Алашордадан бөлек үкімет жоқ екендігі айтылады. Сейдәзім Қадырбаев берген телеграммада бәлшебек болған, Торғай облысын билеген қулар басы Жангелді баласы, Пахомов болып Қазанға қарай қашқандығы, Торғай облысының билігін қолына алғандығы туралы да деректер жазылған (Сарыарқа. 1918. 08.07. №46).

Зерттеу нәтижелері. Ел басына күн туған аласапыран уақытта елдік мүддеге қызмет ету қазақ баласының басына түскен сын болды. Ұлттық идеямен қаруланған, кемел білімді

зиялылар соңғы деміне дейін халқына адал болды. Ұлтының азаттығы, еркіндігі үшін жандарын қиған, тарих төрінде Алаш зиялылары деген атаумен қалған, халқына адал болған оқығандарымыз - тарихымыздағы ерекше құбылыс. Олар қысылтаяң уақытта бастарын бәйгеге тіге жүріп, аз уақыттың ішінде халықтың ұлттық санасын дүр сілкіндірді. Қазақ елінің конституциясын әзірлеп, гимнін жазып, ұлтқа керегін жазу үшін, халықпен байланыс орнатып ақылдасу үшін «Қазақ» газетін шығарып, съездер ұйымдастырып, қазақ комитеттерін құрып, елді бүліншіліктен қорғау үшін милиция, әскер жасақтап, ақтар мен қызылдар аяқсақан уақытта ұлтының басын қатерге тікпеу үшін, елдің жарқын болашағы үшін ақтармен де тығыз байланыс орнатып, одан кейін қызылдар билігін орнатқаннан кейін кеңес өкіметі жағына өтіп (елге қызмет жасау мақсатында, бойларындағы білігі мен білімін халыққа беріп кету мақсатында) жанталасты. Себебі, басқа амалдары болмады.

Үш жүздің баласы бәрің де қазақсың, атақ үшін баратын жол бұл емес (билік мәселесін айтып отыр), - деп халықты түзу тәрбиелеген Алаш зиялылары нағыз зиялылықтың үлгісі, ұлт қызметшілеріне өнеге. Әлі күнге дейін Алаш зиялыларына қатысты, кеңестік билік тұрғысында ала – құла пікірлер де айтылып қалады. Бұл да біздің ұлттық санамыздың ала – құлалығы. Тіпті, «кеңестік билік болмағанда теңдік болмайтын еді. Осы күнге жетпейтін едік, білім алдық, оқыдық», - деген мазмұндағы пікірлерді де ара –тұра оқып қаламыз. Негізі, Алаш зиялыларының еңбектерін байыппен зерделей отырып, «егерде кеңестік билік орнамағанда біз де дамыған елдердің қатарында болатын едік», - деген пікірді ұстанамыз. Сөзімізді Мұстафа Шоқайдың айтқандарымен дәлелдесек: «...Біз бұл арада Кеңес билігінің 16 жыл ішінде әкелген экономикалық табыстары хақында егжей-тегжейлі талдау жасап жатпаймыз. Большевиктер завод-фабрикалар салды. Ауыл шаруашылығын машиналандырды. Бұған дейін беймағлұм байлық көздерін ашты. Алып өнеркәсіп пен құрылыстарды дүниеге келтірді. Олардың бәрі дерлік капиталист елдердің, мәселен, Алмания, Америка және Англия мамандарының басшылығында жүргізілді. Ең жаңа жүйедегі фабрика мен заводтардың жұмыс істеп жатқанына қарамастан, қажетті заттар тапшы және бағалары жоғары. Мемлекет қайыршылық жағдайында. Тұрғындар аштан қырылуда. Кеңес ақшасының құны жоқ. Кеңестік Ресейдің 16 жыл өткеннен кейінгі жағдайы, міне, осындай» (1933 жылы жазылды) (Шоқай, 2007: 344-345).

Сонымен, көзі ашық, оқыған, оқымаса да көкірегі ояу тұлғалар большевиктер саясатына ашық қарсы болды. Оның себебі, түсінікті де. Өйткені, кеңестік билік ұлт, адам құқығымен санаспады. Өмірмен үйлеспейтін, халықтың мүддесімен қабыспайтын саясат жүргізді. Большевиктердің мақсат-мүддесін 1917 жылы Алаш зиялылары әшкерелеп, «Қазақ», «Сарыарқа» және өзге де алаш газеттерінің беттерінде мақалалар жазып кетті.

Алаш зиялылары большевиктер өмірінің ұзаққа бармайтындығын болжады. Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенінше талайды болдырып, былғап кетер, - деп те жазып кетті.

Алаш зиялыларының мақсаты ел-жұртты бүліктен, қызылдар ылаңынан қорғау болды. Алаш газеттеріндегі мақалалары арқылы халықты қорғап отырды. Алашорда үкіметі құрылғаннан кейін аз уақыт ішінде елді қорғауға бағытталған қаулылар қабылдап, милиция, әскер құрып, қаржы мәселелерін ойластырып және т.б. халықтың мүддесіне сай шешімдерді жүзеге асырды. Алашты көзі ашық, көзқарақты, санасы ояу адамдардың барлығы қолдады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия тарапынан өңір-өңірлер бойынша жарияланып жатқан құжаттар мен материалдар жинақтарына қарай отырып, осындай көзқарасты ұстанамыз.

Зиялылар кеңестік биліктің халықтардың басына апат әкелген саясатына қарсы болды. Алайда, күш тең болмағандықтан, елінің игілігі үшін амалсыздан кеңес өкіметін мойындап, кеңестік билік жағына шықты. Кеңестік билікте жүріп, еліне қызмет етуді ойлады.

Кеңестік билік күшіне енгеннен кейін, Алаш зиялыларын «пайдаланып» болған соң, саяси қуғын-сүргін шараларын жүргізіп, Алашорда үкіметі мүшелерін, қатысушыларын, милиция, әскерін, Алашордаға жақтас, ниеттес болған тұлғалардың барлығын қоғамнан аластатты, жойды. Алашорда үкіметіне қатысқан, жақтас, ниеттес болғандардың ішінде байлар мен діни адамдар көп болғандықтан, олардың барлығы қуғын-сүргінге ұшырады. 1920-1950 жж. саяси қуғын –сүргіннің жалпылама бағыт алуының бір себебі осы да болар. Өкінішке орай, кеңес

өкіметі ұлтын сүйген зиялыларды жаппай жойды. Олардың өзін қана емес, отбасын, туған-туыстарын жазықсыздан жазықсыз зар еңіретіп, жазалады. Адам айтып жеткізе алмайтын сұмдықтар ел ішіне енді. Бейкүнә сәбилер «халық жауының» баласы ретінде жүрген жерлерінен теперіш көрді (пионер, комсомол, партия қатарына қабылданбады, оқудан шығарылды және т.б.). Кеңес өкіметі Алаш зиялыларының, байлардың, билердің, діни тұлғалардың ұрпақтарын қатты қудалады.

Алаш зиялылары Мұстафа Шоқай жазғандай: Біз өзімізге лайық еркін және тәуелсіз өмір құрғымыз келеді деген мақсатты қана көздеді. Сондықтан да, Алаш идеясы ұлт қызметшісін тәрбиелейтін идея.

Қорытынды. Алаш зиялылары XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі арқылы большевиктер ылаңынан елді сақтандыруды мақсат етті. Осы мақсатта «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері беттерінде большевиктердің шынайы бет-бейнесін көрсететін мақалаларды көптеп жариялады.

Көзі ашық, оқыған, оқымаса да көкірегі ояу тұлғалар большевиктер саясатына ашық қарсы болды. Себебі, кеңестік билік ұлт, адам құқығымен санаспады. Өмірмен үйлеспейтін, халықтың мүддесімен қабыспайтын саясат жүргізді. Сондықтан да, большевиктердің мақсат-мүддесін 1917 жылы Алаш зиялылары әшкерелеп, «Қазақ», «Сарыарқа» және өзге де алаш газеттерінің беттерінде мақалалар жазып кетті.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

- Елім деп соққан жүрек / Құраст. Күзембаева В.Қ. А., 2002. 252 б.
«Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 560 бет.
«Сарыарқа» газеті, 1917 жыл /Құраст. проф. Ғ.Әнес. Алматы «Арыс» баспасы, 2017. 400 б.
Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1 т. Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007. 352 б.
Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 2 т. Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007. 392 б.

References

- Elim dep soqqan zhurek [A heart that beats for my country]/ Qurast. Kuzembaeva V.Q. A., 2002. 252 b. [in Kazakh]
«Qazaq» gazety ["Kazakh" newspaper] / Bas redaktor A. Nusanbayev. Almaty: «Qazaq enciklopediyasy» Bas redakciyası, 1998. 560 bet. [in Kazakh]
«Saryarka» gazety, 1917 zhyl ["Saryarka" newspaper, 1917] / Qurast. prof. G. Anes. Almaty «Arys» baspasy, 2017. 400 b. [in Kazakh]
Shoqaj M. Tandamaly shygarmalar. [Selected works.] Ysh tomdyq. 1 t. Almaty: «Qajnar» baspasy. 2007. 352 b. [in Kazakh]
Shoqaj M. Tandamaly shygarmalar. [Selected works.] Ysh tomdyq. 2 t. Almaty: «Qajnar» baspasy. 2007. 392 b. [in Kazakh]

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР - ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР ҚУҒЫН-СҮРГІН
ҚҰРБАҢДАРЫ РЕТІНДЕ
ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ
PRISONERS OF WAR-KAZAKHSTANI AS VICTIMS OF REPRESSION**

ҒТАХР 03.20.00

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН НКВД-МВД ҚЫЗМЕТІ ТАРИХЫНАН**

Мырзатаева Забира Балабековна^{1*}

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, Қазақстан, Алматы қ. e-mail: zabyra73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2899-9007>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Ащысай және оның төңірегіндегі рудниктер мәскеулік орталықтың ерекше назарында болды. Қаратау баурайындағы орасан зор кен байлығын игеруде түрлі еңбек күші пайдаланылды: жергілікті қазақ тұрғындарымен бірге депортациялық жолмен жеткізілген шетелдік өкілдердің (поляктар, азербайжандар), эвакуацияланып келгендердің және жапон әскери тұтқындарының.. Мақалада, соғыс жылдарындағы Оңтүстік Қазақстан НКВД-МВД қызметкерлері жүргізген әділетсіз жұмыс барысы сөз етіледі. Жұмыста ҚР ІІМ ШҚД арнайы архиві, ҚРПА қорының құжаттары және Ащысай, Хантағы, Байылдыр ж.б. ауылды мекендерінде жүргізілген елішілік экспедиция (тарихи сұхбат) материалдары пайдаланылды. Мәселе методологиялық құралдардың соңғы жетістіктері (айтылған тарих, күнделіктілік ж.б.) негізінде орындалды. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген бұл құжаттар өңірдің соғыс жылдарында жалғасын тапқан саяси өмірінен ақпарат береді.

Түйін сөздер: НКВД-МВД, аштық, депортация, №23 түрме, № 347 жапон әскери тұтқындар лагері, «жапон зираттары», естеліктер, тарихи сұхбат, архивтік құжаттар, Хантағы, Ащысай комбинаты, рудник, жапон әскери тұтқындары

МРНТИ 03.20.00

**ИЗ ИСТОРИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО
НКВД-МВД В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**

Мырзатаева Забира Балабековна^{1*}

¹Кандидат исторических наук, ассоц. профессор КазНПУ им. Абая. E-mail: zabyra73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2899-9007>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Ащысай и окрестные рудники были в центре внимания Московского центра. При освоении огромных рудных богатств на склонах Каратау использовались различные виды рабочей силы: иностранные представители (поляки, азербайджанцы), эвакуированные и японские военнопленные, доставленные депортационным путем вместе с местным казахским населением.. В статье рассказывается о ходе несправедливой работы, проводимой сотрудниками Южно-Казахстанского НКВД-МВД в годы войны.

В работе использованы документы специального архива ВКД МВД РК, Фонда КПРФ и материалы внутригосударственной экспедиции (исторического интервью), проводимой в сельских поселениях Ащысай, Хантаги, Байылдыр Ж.Б. Проблема выполнена на основе последних достижений методологических средств (рассказанная история, дневниковость и др.). Эти документы, впервые введенные в научный оборот, дают информацию о политической жизни региона, которая продолжалась в годы войны.

Ключевые слова: НКВД-МВД, голод, депортация, тюрьма №23, лагерь японских военнопленных № 347, «японские кладбища», воспоминания, исторические интервью, архивные документы, Хантаги, Ащысайский комбинат, рудник, японские военнопленные

IRSTI 03.20.00

FROM THE HISTORY OF THE ACTIVITIES OF THE SOUTH KAZAKHSTAN NKVD-MVD DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR

Myrzataeva Zabira Balabekovna^{1*}

¹Department candidate of historical sciences, associate professor of KazNPU named after Abaya.
E-mail: zabyra73@mail.ru

* Corresponding author

Abstract. Ashchysai and the surrounding rudniks were the focus of special attention of the Moscow Center. In the development of the huge ore wealth on the slopes of Karatau, various labor forces were used: foreign representatives (poles, Azerbaijanis), evacuated and Japanese prisoners of war, who were deported along with the local Kazakh population.. The article mentions the course of unfair work carried out by employees of the South Kazakhstan NKVD-MVD during the war years. The work used the special archive of the EKD of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan, the documents of the KRPA fund and the materials of the intra-country expedition (historical interviews) conducted in the rural areas of Ashchysai, Khantagi, Baidyr zh.B. The problem was solved on the basis of the latest achievements of methodological tools (mentioned history, diary, etc.). These documents, introduced into scientific circulation for the first time, provide information about the political life of the region, which continued during the war years.

Keywords: NKVD-MVD, hunger, deportation, prison No. 23, Japanese POW Camp No. 347, "Japanese cemeteries", memoirs, historical interviews, archival documents, Khantagi, Ashchysai combine, Rudnik, Japanese prisoners of war

Кіріспе. Бүгінде посткеңестік мемлекет ғалымдары XX ғасырдағы салтанат құрған кеңес билігінің қызметі тарихын қорыту үстінде. Совет билігі 20-30 жылдардағы тоталитарлық режимін 1941-1945 жылдардағы соғыс жағдайында әрі қарай жалғастырды. Сондықтан да ел басына төнген қатер салмағы екі есе ауыр болды. Кеңестік жүйеде қалыптасып қалған өктемдік саясат әсіресе құқық қорғау қызметкерлерінің қызметінде еш өзгеріссіз қала берді. Әлеуметтік өмірдің барлық саласы бақылауға алынып, халықтың еркін өмір сүруін қиындатты. Кез-келген тіршілік үшін жасалынған жеке адамдардың қам-қарекеті, мысалы сауда жасау, мал ұстау ж.б. үлкен қылмыс саналып, түрлі мерзімге кесіліп жатты. Әсіресе, арзан жұмыс күші ретінде жер аударылып келген шет жерлік азаматтар жазаның ең ауыр түрі - өз отанынан жырақта, құқысыздық жағдайда күн көруге тиіс болды. Міне осындай депортациялық жолмен келген поляк, қарашай, еврей, азербайжан ж.б. түрлі ұлт өкілдері ерекше қиындықты бастан кешірді. Әрине, жергілікті тұрғындар өмірі де бақылауға қойылды, болмашы әрекеттері үшін жазаланды, осы түрмелерде «айыбын» өтеді. Егер 1930-жылдардағы қолдан жасалынған аштық жүріп өтті десек, онда соғыс жылдарында аштықтың зардабын жергілікті халық та, әсіресе, департациялық жолмен келгендер ерекше зардап шекті.

Материалдар мен әдістер. Тарих ғылымында жаңа ой қорытудың қозғаушы күші оның методологиялық және методикалық құралдарына тікелей байланысты. Соған сәйкес империялық тәртіп жағдайындағы адам құқын бұзу (негізсіз соттау, түрмеге қамау, денеге зақым келтіру түрінде жазалау, ұлттық кемсітушілік ж.б.) мәселелері бұрынғы тарихи-зерттеу әдістеріне мүлде ұқсамайтын ментальды, сезім мен ой-санаға тура жететін антропологиялық бағыттағы зерттеу әдістерін өмірге әкелді. Бұл қарапайым адам өміріне үңілуге, дискурс-талдаулар жасауға, халық тарихын демократияландыруға жол ашты. Автор мақалада басым түрде Ішкі істер бөлімдеріндегі және басқа да құпия грифі қойылған архивтік іс-құжаттарға, естеліктер мен куәгерлер көрсетулеріндегі материалдарға сүйенеді. Аталған деректердің негізінде Оңтүстік Қазақстан, Түркістан ауданындағы құқық қорғау қызметкерлерінің қызметі тарихы талдауға алынды.

Түрме, аштық, мәйіттер. Мысалы, 1943 жылдың 12 сәуірінде Оңтүстік Қазақстан КПК өкілеттілігінің орынбасары Федотовтың обком хатшысы Нечаевқа жолдаған хатында №23 түрме қызметкерлерінің түрмедегі азаматтарға көрсеткен моральдік шектен шыққан қатынасы баяндалады: «1943 жылдың 4 ақпанында № 23 түрмедегі құр сұлдері қалған, аштықтан өлім аузында тұрған 22 тұтқын азаматты жүк таситын көлікке отырғызып, эвакоизлятор ғимаратының алдына әкеледі. Бұл уақытта ауруханада орын болмай, ондағылар науқастарды қабылдаудан бас тартады. Құқық қорғау органының қызметкерлері науқастарды аурухананың алдына тастап, өздері кете барады. Нәтижесінде далада қалған науқастардың біраз бөлігі жан-жаққа тарап кетеді де, тек екеуі – қимылдауға шамасы жоқтар ауруханаға қабылданады», - деп көрсетіледі, - әрі қарай мұнда, - «работники местной тюрьмы вместо создания минимальных условий заключенным в вопросах питания, медпомощи и санитарии доводят заключенных до полного истощения, а затем буквально выбрасывают их за ворота тюрьмы» (ҚР ПА, 4: 1-2). Сондай-ақ аталған түрмеден эвакоизляторға 1943 жылдың 1 қаңтарынан 30 - мамырына дейінгі аралықта 38 адам түскен, оның: 4-і бөртпе сүзек, ал қалғаны өлім аузында тұрған ашыққан адамдар. Олардың 8-і қайтыс болған. Бәрінен де атап айтарлық жәйт: бұл адамдардың барлығы небәрі 16 және 16-дан жоғары жастағы жасөспірімдер еді (ҚР ПА, 4: 2), - деп жазылды құжатта. Ал совет саясатының соғыста еңбек етуге көмекке келген, турасын айтсақ, арзан жұмыс күші ретінде әкелінген мұндай жастармен күресі - мағынасыз күрес еді. Хантағы, Ащысай, Шымкент түрмелері тұтқын ұстау жағдайы да мәз емес-тін. Оның ішінде адам лық толы болды, оларды азық-түлікпен қамту мүмкін емес-тін.

Қала мәйітханасына көшеден жинап әкелінген адамдардың статистикасы былайша көрсетіледі: «17 адам мүрдесінің – 12-сі аштықтан, 2-і тоңып, 3-і басқа да жағдайда қаза болған. Одан басқа осы жылдың 1 қаңтарынан 15 наурызы аралығында эвакоизляторға пеллаграмен ауырған 14 адам әкелінсе, оның 2-і көз жұмған, ісіктен ауырған 4 адамның 3-і қаза тапқан, авитаминозға шалдыққан 12 адамның 2-і жан тәсілім еткен. Ал эвакоизляторға алынған 30 адамның 7-і қайтыс болған (ҚР ПА, 4: 1-2). Бұл құжаттың соңы НКВД қызметкерлерінің мынадай қорытынды ойымен аяқталады: «Эти досрочно освобожденные из тюрьмы лица и бездомные доведенные до крайнего истощения не имея сил для движения, валяются на улицах и дворах создают у граждан города почву для не здоровых настроения и разговоров» (ҚР ПА, 4: 1-2). Кісі мәйітіне толы көшені көзге елестетудің өзі ауыр. Демек өңір тұрғындарының аштықтан жаппай қырылуы орын алғаны айқын. Алайда аштық диагнозымен опат болғандар саны архивте толық көрсетілмей қала берген, яғни мұндай мәліметтер құпия сақталған. Бұл берілген ақпарат құқық қорғау органы қызметкерлері қызметіндегі қылмыстардың бір ғана қырын ашады. Құжатта кісі өлімін тоқтатумен жұмыс емес, аштықпен күрес жүргізу мәселесі емес, «кісі өлімінің көше сәнін бұзып, адамдардың көңіл-күйін бұзуы» мазалап тұрғанын байқаймыз. Міне, бұл қызметкерлердің негізгі ұстаным бағытының айқын көрінісі болмақ. Соғыс жылдарында облыста аштықтың орын алғандығы «Айтылған орталық» қызметкерлері жүргізген елішілік экспедиция барысында тыл еңбеккерлерінен алынған сұхбаттар негізімен де расталды. Мысалы, Социалистік Еңбек Ері, тыл ардагері Ибрагимова Мәрзия Ырысбайқызы (1918 ж.т.) (М.Р. Ибрагимовамен сұхбат, 3) қызылша басында опат болған аш адамдарды талай көргенін айтса, Садиева Мушарапхан Сайткаримовна (1930 ж.т.) (М.С. Садиевамен сұхбат, 6) соғыс жылдарында Жамбыл қаласының Фурманов көшесі бойында аштықтан әлсіреп, ісініп жатқан адамдарды өз көзімен көрген. Бұл куәлікті беруші 100 жасаған аналар, 1943 жылдарда 13 және 25 жастағы жас адамдар болатын. Сұхбат барысында алынған бұл көрсетулер аштыққа байланысты жоғарыда аталған мұрағаттық фактілерді толықтыра түспек.

ҚР ПА өңірлік тарихи оқиғаларды сомдайтын құжаттарға аса бай. Ал естелік материалдарының артықшылығы: жағдайды басынан өткерген куәгер көрсетулерінде детальді көрсетіледі. Бұл заман арнасындағы аласапыран дүниені көз алдыңнан өткізуге мүмкіндік береді. Зерттеушісі адам өміріндегі қуаныш, үрей, қорқыныш, сағыныш сияқты сезімдерге баурап, дәуір құшағына бірге ала кетеді. Сондықтан жеке адамның көрсетулері архивтегі ресми құжаттардан әлдеқайда бай, әрі шынайы.

Әпкемді түрмеге қамады, НКВД қызметкерлері ұрды, психикасы ауытқыды, денсаулығы бұзылды...

Әсіресе, поляк азаматы Станислав Лясектің баяндаған естелігінің мына сюжеті айрықша аяныш сезімін ұялатады. Ол кәмелеттік жасқа енді толған әпкесі Аннаның НКВД қызметкерлері қолынан үлкен зардап шеккенін жазады. Құқық қорғау қызметкерлері өрімдей жас қыз баланы ұрып-соққаны туралы жазады. Дерек сөздерімен жеткізер болсақ, онда былай көрсетілген:

«Поляки, которые трижды в НКВД отказались от советского гражданства, были осуждены и по приговору получили пять или десять лет тюрьмы и ссылки. Ужас положения усиливался и тем фактом, что родителей отправляли в отдаленные места, а детей отдавали в детдом. Часть этих детей, лишенных заботы родителей, бродила по городку. Они просили хлеба, копались в мусорных ямах. Вид этих несчастных детей сложно описать, сердце разрывалось от боли за них.

Помню, когда целая наша семья угасала от тифа, отец решил принять советское гражданство. Он получил паспорта для себя и мамы, а меня и мою младшую сестру вписал в свой паспорт. Самая старшая сестра гражданство СССР не приняла. Уже совершеннолетняя она сказала отцу: «Я не предаю моей родины Польши». Ее арестовали и заключили в тюрьму, после шести дней отец, по просьбе мамы, пошёл снова в Чулаккурган, чтобы спросить начальника о судьбе своей дочери Анны. Вместе с госпожой Кравчиковой, нашей соседкой, Анна получила приговор на пять лет ссылки.

Отец получил согласие на свидание с заключенной. Оказалось, что сестра не выдержала методов следствия и сошла с ума. Она не узнала отца, стала кричать, дрожала от ужаса. Отец снова попросил начальника, чтобы выдали ему больную дочь. После долгих переговоров НКВД согласилось, что с душевнобольным человеком им будет больше проблем. Отец нашёл попутную машину в Ачисай. Водитель за табак согласился проехать до нашего колхоза. Отец с сестрой вернулись в колхоз.

Сестре нужна была теперь хорошая забота и спокойствие. Так прошли четыре недели, и можно было уже заметить некоторые улучшения. Сестра помнила, как её били, раздевали догола. Каждый раз, как об этом начинала рассказывать, содрогалась в ужасном плаче. Мама нежно обнимала её как маленького ребёнка» (Станислав Л., 4.).

Естелікте НКВД қызметкерлерінің қатыгездігі ашық баяндалады. Мұндайды билік қолдан жасап дамытты, өрістетті. Сондықтан сот, құқық-қорғау органдары қызметкерлері қылмыстың барлық түрлеріне бара алды.

Ал Тадеуш Кульик түрмеге қамалған анасы туралы және балалар үйіндегі көңілсіз өмір жөнінде былайша жазады: «Не имея средств для существования, я с младшей сестрой попали в детдом в Чулаккургане. Мне было тринадцать лет... Господствовал голод, надо было быть готовым на всё, даже на смерть. В этом детском доме нас было, сначала около двадцати польских детей. Из-за того, что детей стало более ста, нас поделили на четыре группы. Также в этой местности находилась тюрьма. Там их «хорошо» кормили. Двадцать – пятьдесят граммов хлеба. В школу я ходил не для того чтобы учиться, а только чтобы найти еду. Убивали кошек, собак. С прокормлением там была страшная беда. Позже я убежал оттуда, а моя сестра осталась там до конца и затем вернулась с этим детдомом в Польшу.

Я находился там больше чем полгода, потому что ждал возвращения матери из тюрьмы. Она не отсидела полный срок. Так как она опухла от голода, еепустили. Пришла к нам в детдом, потому что больше некуда ей было идти. Хотела встретиться с нами. Через неделю уехала в Ачисай и там умерла. Я даже незнаю, где ее похоронили. *Выпустили ее из тюрьмы только для того, чтобы она умерла не там, а в другом месте (курсив-авт.)...*» (М.Қойгелдиев, 1: 354).

Мұндай ауыр өмір жөніндегі естеліктер легі жетерлік.

Хантағы түрмесі көзкөргендер естеліктерінде. Мысалы Хантағы түрмесіндегі тарихи кезеңнің куәгері естелігінде бұл жағдай былайша суреттеледі: «В лагере люди ежедневно боролись со смертью. Если человек помрет утром, то днем выносят трупа за ворота лагеря. Я видел померших выносили под стражей несколько сот метров за ворота и там обкладывали камнями тела, с которых после нескольких времени оставались только кости. Собаки и волки съедают тело померших» (Т.Исанский, 6).

Советтік жүйенің жазықсыз құрбаны қарапайым қазақ азаматы Исмаилов Бейсенбай (1917 ж.т. - 1943) қазіргі ұрпақтарының айтуынша Хантағы түрмесінде тұтқында болған.

Қамаудағы аса ауыр жағдайлар Исмаилов Бейсенбайдың сонда опат болуына себеп болса керек (Г.Үсеновамен сұхбат; 9.). Хантағы түрмесі КСРО НКВД түрмесі барақ типіндегі үй-жайларға орналастырылған. Алайда бұл түрме кейін 1945 жылы жапон әскери тұтқындары әкелінген № 347 лагердің 2 бөлімшесіне айналған. Ол жапон тұтқындары келген соң, Хантағыдан 4 км қашықта жатқан Мырғалымсайға көшірілген [8]. Хантағы НКВД колониясы жергілікті қазақ азаматтарына, депортацияға ұшыраған азаматтарға ерекше қиянат жасалынған орын болды.

Т.Исанский мырзаның нағашы әжесі Розалия Глуховская советтік паспортты алудан бас тартып, көптеген отандастарымен бірге Хантағы колониясында отырған екен. Т.Исанскийдің анасы Ванда Глуховская-Исанская 17 жастағы жасөспірім еді. Анасын Ащысайдан Хантағы колониясына жаяу іздеп келіп, түрме қызметкерлері рұқсат бермегендіктен кері қайтуға тура келгенін жазады. Ащысай мен Хантағының ара қашықтығы егер тау арқылы тіке шыққан жүргінші үшін алты-сегіз сағаттық шамамен 30 км жерді құрайды, ал қазіргі трасса арқылы 54 км қашықта жатыр. Кейін анасының сол жерде көз жұмғаны туралы жазады (В. Исанская, 2).

Енді міне, Хантағы колониясының орны 1945 жылы Мырғалымсайға көшіріледі, ендігі кезекте ол орын жапон азаматтарының тағдырын тәлкек еткен аймаққа айналады. Мырғалымсайға орналасқан лагерьде тұрғын үй-жайларының алаңы 672 м²-ге тең болды. Онда жылыту жүйесі – шағын плиталар. Ол көмірмен және отынмен жылытылды. Сумен жабдықтау су құбыры арқылы жүргізілді. 12 адамға 1 қолжуғыштан ал, 20 адамға 1 дәрет сындыру орнынан келді. Көріп отырғанымыздай бұл аталған бөлімшенің де санитарлық ахуалы өте төмен жағдайда қала берген (ҚР ИМ Шымкент қаласы департаменті архиві, 5).

Байқағанымыздай соғыс жылдарындағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметінде орын алған ауыр қылмыстық әрекеттер әсіресе поляк азаматтарының естеліктерінде ерекше жиі көрсетіледі. НКВД қызметкерлері поляк азаматтарын советтік паспорт алуға мәжбүрлеу науқанын қатал жүргізді.

Құқық қорғау қызметкерлерінің жапон зираттарымен күресі (1950-1960 жж.). Совет билігі жер аударғандардың, әскери тұтқындардың зираттарымен де айрықша күресті. Зираттар КСРО жасаған қылмыстардың нақты көрінісі болатындықтан, билікке оны (зираттарды) сақтап қалдырудың қажеті жоқ еді. Сол себепті зираттардың орындары тегістеліп, жойылды. Сондай фактілердің бірі – Түркістан өңіріндегі жапон әскерилерінің зираты бола алады. «Аса құпия» грифі көрсетілген құжат 1960 жылдың 21 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер басқармасы Кентау қалалық милиция бөлімшесіне, милиция майоры Чергейкоға жолданады.

«1/ «Мырғалымсай руднигінде - 9 зираттан қалған бір зират орны,

2/ Қантағы поселогындағы – 8 зираттан қалған бір зират орны,

3/ МВД Каз.ССР № 14 – 2150 с. ст. 16.VII.950 ж. бұйрығына сәйкес (6. VII – 1960 ж.)

Ащысай поселогындағы 21 зираттан қалған бір зират орны жойылсын», - әрі қарай онда, – аталған өңірлердегі үш зираттың төбешік қалпын жермен бірдей етіп тегістеп, зират нұсқасындағы барлық белгілері жойылсын. Содан соң, оның жойылу себептері көрсетілсін, сөйтіп 3-данадан акт даярлансын, ол құжаттар бізге жіберілсін. Зираттар қызметкерлерден құралған комиссияның қатынасуымен жойылып, осы құрамдағы адамдардың растауымен акт даярлансын. Ал зираттардың орнындағы жер телімі жергілікті органдарға акт бойынша өткізілсін. Бұл 1960 жылдың 1 наурызына дейін іске асырылсын», - деп жазылды. Құжаттың соңында Ішкі істер басқармасының бастығы полковник Утегенов, 1-спецотделениенің бастығы, милицияның аға лейтенанты Казанцева есімдері көрсетілген. Бұл құпия папкада жоғарыда көрсетілген әрбір өңір бойынша зираттардың орны, оның қиратылғаны және зират орнына ғимараттардың тұрғызылғаны айтылады. Бұл советтік жүйенің, жергілікті құқық қорғау органы қызметкерлерінің ендігі кезекте өлілерге бағытталған шабуылы - бұл моральдік шектен шыққан қатыгездік еді. Адам шығынын қанша жасырғысы келсе де, имандылық қасиеті мол өңір қазақтары зираттардың бәрін бірдей жоюға жол бермеген екен. Биліктен көрсетпей жасырған да болар. Бүгінде жапондық азаматтарының да, поляк азаматтарының да сақталған, бірлі-жарым зират орындары кездеседі...

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

Ащысай–Кентау тұрғындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. – XXI ғ.б.)). Естеліктер мен тарихи сұхбаттар жинағы. /Құрастырушылар: М.Қ. Қойгелдиев,

Т. Исанский, З.Б. Мырзатаева ж.б. / М.Қ. Қойгелдиев редакторлығымен. – Алматы: ИП «Балауса», 2019. – 392 б.

В. Исанская Мои годы в казахской степи (Воспоминание). / Под редакцией академика НАН РК М.Койгелдиева (Алғысөзін жазған, баспаға даярлаған Мырзатаева З.) – Алматы: издательство «Балауса», 2019. – 120 с.

Ибрагимова М. Р. (1918 ж.т.). 15.12.2014 ж. 2 сағ.30 мин. (сұхбатты жүргізген автор)

ҚР ПА. Ф.725, Оп.4 Д. 507. Л. 1-2.

ҚР ПИМ Шымкент қаласы департаменті архивінен: фонд № 96 / р.

Садиева М.С. (1930 ж.т.). 28.11.2014 ж. 65 мин. (сұхбатты жүргізген автор)

Станислав Лясэк, (1925 г.р.). Поляк тілінен аударған: Тадеуш Исанский. 01.10.2018. (польшалық әріптестермен байланыс орнатып хат алысқан Мырзатаева З. – *бұдан былай автор архивінен*).

Т.Исанскийдің куәгерлер әңгімелері жөнінде жазған хатынан. // автор архивінен.

Үсенова Г. (1973 ж.т.) 06.07.2020 ж. 30 мин. (сұхбатты жүргізген автор).

References

Ashysai–Kentaý turǵyndarynyń ómirindegi áleýmettik-mádeni biregeilik (1927 j. – ННІ ǵ.б.)". Estelikter men tarihi suhbattar jınaǵy. /Qurastyryshylar: M.Q. Qoigeldiev, T. Isanskıı, Z.B. Myrzataeva j.b. / M.Q. Qoigeldiev redaktorlyǵymen. – Almaty: IP "Balaýsa", 2019. – 392 b.

V. Isanskaıa Moi gody v kazahskoı stepı (Vospominanie). / Pod redaksiıe akademika NAN RK M.Koigeldieva (Alǵysózin jazǵan, baspaǵa dıarlagan Myrzataeva Z.) – Almaty: izdatelstvo "Balaýsa", 2019. – 120 s.

Ibragimova M. R. (1918 j.t.). 15.12.2014 j. 2 saǵ.30 min. (suhbatty júrgizgen avtor)

QR PA. F.725, Op.4 D. 507. L. 1-2.

QR IIM Shymkent qalasy departamenti arhivinen: fond № 96 / r.

Sadieva M.S. (1930 j.t.). 28.11.2014 j. 65 min. (suhbatty júrgizgen avtor)

Stanislav Lasek, (1925 g.r.). Polák tilinen aýdarǵan: Tadeýsh Isanskıı. 01.10.2018. (polshalıyq áriptesteren baılanys ornatyp hat alysqan Myrzataeva Z. – budan bylaı avtor arhivinen).

T.Isanskııdıń kúágerler áńgimeleri jóninde jazǵan hatynan. // avtor arhivinen.

Úsenova G. (1973 j.t.) 06.07.2020 j. 30 min. (suhbatty júrgizgen avtor).

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ДӘСТҮРЛІ ДІН ӨКІЛДЕРІ
РЕПРЕССИРОВАННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ ДУХОВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ
REPRESSED REPRESENTATIVES OF THE CLERGY IN KAZAKHSTAN**

ҒТАХР 03.20.00

**ОҢТҮСТІК ӨңІРІ МЕН ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ
ҰШЫРАҒАН ДІН ӨКІЛДЕРІ**

**Серікбаева Гүлмира Алдоңғарқызы¹, Қасымхан Ғалым²,
Әбдіқали Біржан Әбдіманатұлы^{3*}**

¹Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі директорының орынбасары, ҚР Мәдениет қайреткері, Алаштанушы. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Шымкент қалалық жұмысшы тобының жетекшісі

²М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Төте араб әліпбиінен транскрипциялаушы. Бағыт зерттеушісі.

³Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің қор сақтаушы маманы, М. Әуезов атындағы ОҚУ 2-курс магистранты. Бағыт зерттеушісі. repressia.arhiv@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Мақалада Кеңестік кезеңде Оңтүстік өңірі мен Шымкент қаласындағы қуғын-сүргінге ұшыраған дін өкілдерінің талайлы тағдыры мұрағат материалдары негізінде біршама талдап-таразыланады. Сонымен қатар, зерттеуші тоталитарлық биліктің атеистік саясатын, исламға қарсы әрекеттерін сол кезеңдегі қазақ баспасөзінің бірегейі – «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан» газетіндегі материалдарға сүйене отырып барынша ашып көрсетуге ұмтылады. Сондай-ақ, ҚР Президент архиві материалдары мен Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінің құпия құжаттарын да молынан пайдаланып, саяси репрессияға ұшыраған өңіріміздің молда-ишандарының тартқан тауқыметіне де мейлінше тоқталып өтеді.

Түйін сөздер: мерзімді басылым, Жаңа Қазақстан, молда-ишандар, саяси репрессия, Рухани жаңғыру.

МРНТИ 03.20.00

**РЕПРЕССИРОВАННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ РЕЛИГИИ
В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ И ГОРОДЕ ШЫМКЕНТЕ**

**Серікбаева Гүлмира Алдоңғарқызы¹, Қасымхан Ғалым²,
Әбдіқали Біржан Әбдіманатұлы^{3*}**

¹Заместитель директора Шымкентского городского музея жертв политических репрессий, деятель культуры РК, Алашев. Руководитель рабочей группы Шымкентской городской рабочей группы по полной реабилитации жертв политических репрессий

²Старший преподаватель Центра довузовской подготовки Южно-Казахстанского университета имени М.О. Ауэзова, магистр педагогических наук.

³Специалист по хранению фондов Шымкентского городского музея жертв политических репрессий, магистрант 2 курса Южно-Казахстанского университета имени М.О. Ауэзова. E-mail: arhiv@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аннотация: В статье на основе архивных материалов анализируются различные судьбы преследуемых религиозных представителей Южного региона и города Шымкента в советский период. Кроме того, исследователь стремится раскрыть атеистическую политику тоталитарного правительства, антиисламские действия на материалах уникальной казахской прессы того

периода - газет «Енбекши казах» и «Социалистический Казахстан». Также, используя материалы Президентского архива Республики Казахстан и секретные документы специального государственного архива Шымкентского городского управления полиции, акцентирует внимание на страданиях муллов нашей области, подвергшихся политическим репрессиям.

Ключевые слова: периодическое издание, Новый Казахстан, муллы, политические репрессии, духовное возрождение.

IRSTI 03.20.00

REPRESENTATIVES OF RELIGION IN EXILE IN THE SOUTHERN REGION AND THE CITY OF SHYMKENT

Serikbaeva Gulmira Aldongarovna¹, Kasymkhan Galym²,
Abdikali Birzhan Abdimanatuly^{3*}

¹Deputy Director of the Shymkent City Museum of Victims of Political Repression, cultural figure of the Republic of Kazakhstan, Alasheved. Head of the working group of the Shymkent city working group for the complete rehabilitation of victims of political repression

²Senior Lecturer at the Center for Pre-University Training, M.O. Auezov South Kazakhstan University, Master of Pedagogical Sciences.

³Specialist in the storage of funds of the Shymkent City Museum of Victims of Political Repression, 2nd year master's student at the M.O. Auezov South Kazakhstan University. E-mail: arhiv@mail.ru

* Corresponding author

Abstract: The article analyzes various fates of persecuted religious representatives of the Southern region and the city of Shymkent in the Soviet period on the basis of archival materials. In addition, the researcher strives to reveal the atheistic policy of the totalitarian government, anti-Islamic actions based on the materials of the unique Kazakh press of that period - the newspapers "Enbekshi Kazakh" and "Socialist Kazakhstan". Also, using the materials of the Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan and secret documents of the special state archive of the Shymkent City Police Department, it focuses on the sufferings of the mullahs of our region who were subjected to political repression.

Key words: Periodical, New Kazakhstan, mullahs, political repression, spiritual revival.

Ұлт тарихының ақтаңдақтарын тану – ұрпақ парызы. Тәуелсіздік дәуірінде тоталитарлық тар кезеңдегі төл тарихымыздың беймәлім беттерін танып-білуге де біршама талпыныс жасалды. Әсіресе, 1920-1938 жылдардағы молда-ишандарды қуғын-сүргінге ұшырату үдерісі белең алып, Кеңестік Қазақстандағы ислам дініне, дін өкілдеріне қарсы атеистік саясат күшіне мініп, сандаған ғасырлар бойы иманға ұйыған жұртты исламнан ажырату, діни мекемелер мен мектептерді, мешіттер мен медреселерді жаппай жабу арқылы ұлт руханиятына соққы беру жоспарлы түрде жүргізілді. Осының нәтижесінде мұсылмандық дәстүрлер мен діни мерекелерімізге де басыбүтін тыйым салынып, коммунистік идеология өз дегеніне жетті. Дінсіздік құрсауында қалған баспасөз де бағытынан жаңылып, азаматтардың діни сенім құқығына да тұсау салынып, «құдайсыз қоғам» тілшілері дін өкілдеріне қырғидай тиді. Соның салдарынан жергілікті хәм республикалық басылымдарда дінге қарсы агитация үздіксіз жүріп, молда-ишандарды қаралайтын мақалалар молынан басылды. Бұл үдерістен елдің бас басылымы саналатын «Еңбекші қазақ» газеті де шет қала алмады. Мәселен, газеттегі Өтемісұлының өз заманында «өзекті» саналған «Әулиеге, молдаға табынуды қою керек» атты мақаласында:

«Бөкей, Каспий теңізінің арқа жағын жайлайтын қазақ елінде бұдан жүз жыл бұрын Таз молда деген бақсы молда болған. Таз молданың өлгеніне жүз жылдан асып кетсе де, оның «әулиелігі» турасында ел арасында талай «құрапаттар» сөйленетін. Оның моласы табылса, табынуға бірқатар молда-қожалар ынтық боп жүретін.

1916 жылы Каспий теңізінің Арқа жағынан 15 шақырымдай жерден бір құлпытас табылады. Бұл тастың жазуын оқығаннан кейін Таз молдамен замандас Мүсіреп бидің бәйбішесіне қойылған тас екені байқалады. Сол оқиғаның артынан Таз молданың тұқымдары:

«Түс көрдік, бабамыз түсімізде аян берді, сол тастың құбыла жағында жатырмын деді» деп, басына ағаш егіп, ағаш басына жәшік (сандық) байлап қайтады. Содан бері Таз молданың орны «кібе» (қағба) міндетін атқарып тұр.

Надан ел ауырған адамын, ақсаған-тоқсаған, қотыр-соқыр малдарына шейін Таз молданың моласына қарай сүйрейтін болды. 1921-1922 жылы аштық, апат, талан-тараж күшейіп, ел шаруасы күйзелгендіктен нәзір-нияз, жол соқбайлау болып сиреп еді. 1923 жылдан бастап халық шаруасы біраз көтерілген соң тағы үдеп барады. Осы күні Таз молданың тұқымынан Ерғали Түкі баласы деген кісі «Бабам аян берді: «мені елеусіз тастамандар, бағып-қағындар! Ауруларыңды жазармын, мұқтаждарыңа, мұдыларыңа шапағат қылармын» деді» деп, Таз молданың моласын бағып отыр.

Осы күні надан халық ұл таппаған әйелдерін, ауырған (чахотка һәм басқа түрлі аурумен) адамдарын, қотыр болған түйелерін, тентек болған баспақ-торпақтарына шейін молаға түнететін болды. Бірақ байқаған адамдарға, көрген пайдаларынан зияны артық екендігі білінгендей болды. Әлсіз ауру адамдарды апарам деп жол соқтырып, өлтіріп алғандар болды. Арық, қотыр түйелерін түнетіп жазам деп жолшыбай қырып алған кісілер де бар» (Еңбекшіл қазақ. 1924), - деп, Таз молдаға табынушыларды, бабасының басына тәу етушілерді тәлкек етіп, әулие жағалап жақсылық іздеген надан елдің жаңа үкіметтің бет алысынан, молда-ишанға қарсы ұстаным-саясатынан бейхабар екенін ескерте отырып өз ойын былайша түйіндейді:

«Таз молданың моласына табынбай да жазылып кетуі мүмкін кісілердің жазылғандары да бар. Бірақ жалпы көптің жоруы бұлай емес. «Жазылғандар Таз молдаға таза ықыласпен барғаннан, садақаны мол бергеннен жазылды. Жазылмағандар сақшыға садақаны мол бермегені үшін жазылмады» деп отыр. Сөз аяғында айтайын дегенім: әулиеге, молаға табынуды енді қазақ баласына қоятын уақыт жетті. Ауырған кісі докторға көріну керек. Мал ауырса, мал докторына көрсету керек. Әулиенің өзі де, моласы да ондайға түк пайда келтірмейді, қайта пайдасынан зияны басым болып шығады. Мұны білетін, ойланатын күнің жетті, қазақ кедейі!» (Еңбекшіл қазақ. 1924).

Әрине, сөз жоқ, кеселі жанына батқан бұқараның дәрігерден дауа тапқаны дұрыс-ақ. Дегенмен, сандаған жылдық тарихы бар қазақ халық медицинасын, оның құзар биігінде тұрған, «Шипагерлік баянымен» ұлт медицинасының ұстынына айналған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы салған сара жолды жоққа шығару, әулиеге табынуды әумесерлік көру секілді жазбаларымен-ақ қалам ұстаған «коммунизм көсемсөзшілері» қарапайым халықты рухани тірегінің бірі – дін исламнан ажыратып тынды. Молда-ишандарға қарсы ақпараттық экспансия үдемесе, басылған жоқ. Біз жоғарыда тілге тиек еткен бір ғана «Еңбекші қазақта», оның жолын қуған «Социалды Қазақстанда» сол жылдарда құлаш-құлаш жарияланымдар жарық көрді.

Солардың бірі – Мәмбетұлының «Молданың лаңы» атты дүниесі.

«Сыдық болысында Айнақұл дегеннің жасы 20 шамасындағы бір баласы ауырады. Баланың ауруы күшейіп, сол жердегі молдаға қаратады.

Молда «Емдеп жазамын, бірақ 70 кез көк мата, 7 кез ақ мата, тоғыз түрлі қант, бір серке алып кел» дейді. Дүние баласынан артық па?! Бәрін де тауып әкеп береді. Ауырып жатқан баланы молдекең бір үйге оңаша алып, «бір тауық әкеліп бер, ауруын тауыққа аударам» дейді. Емдеп болып, «тауыққа ауып кетті, енді балаң жазылады» деп молдекең кетіп қалады. Молда кетісімен бала өледі.

Мінеки, ел ішіндегі молда, бақсылардың лаңы.

Бұларды тиісті жері қырына алып қою жөн ғой» (Еңбекшіл қазақ. 1926). Бұл – Ташкент қазақ үйезінен жіберілген тілшінің ақпараттық материалы. Мұнан бөлек осы басылымда «Қазалыдағы молдалар қимылды күшейтті» деген тағы бір тапсырысты мақала жарияланып, онда Қазалы үйезіндегі бұрынғы Арқакөл болысында 2 мың үйдей халықтың – қаракесек пен құрманай-құнтықтың екі атаға бөлініп, екі мешітті иеленіп отырғаны тәптіштеп жазылыпты. Яғни қаракесек мешіті ишанының «заман жаңарды» деп бұрынғы мешітін жаңартпақ болып, 1923 жылдан бері әуреленіп, 60 мың сомдай расход қылып, сол мешіт құрылысына кеткен қаражатты ұшыр, пітір есебінен халықтан міндетті салық ретінде жинап алғандығы да, Құрманай-құнтық мешітіндегі құтты, Қожа ахунның да олардан қалыспай, қаракесектен

қалыспай, күйдірген кірпіштен мешіт қалатып, ұшыр, пітірден басқа диқандарға үй басы 2 пұт бидайдан налог салып жинап алғандығы айтылады.

Осының бәрін жіпке тізген жазбагер:

«Қыр шаруасынан налог жинай шыққан молдалар, қойдың ірісін қорадан таңдап алатын көрінеді. Налог жинауға жәрдемші болып жүргендер: елдегі қу, атқамінер, патша заманында болыс, би болғандар мен ауылнайлар, жең ұшынан жәрдемші болатын болыстық кеңседе қызмет қылып жүрген азаматтар көрінеді.

Молда-ишандар халықтың дау-жанжалына да қатысады. Төңкерістен кейін әйелдерге теңдік тиіп, бұрынғы еріксіз тигендер байынан айырылса, қалыңға беріп қойған қыз да сүйгенімен қашса, елден шығаруға, өлсе намаз оқымауға пәтуә қылыпты. Сол пәтуә бойынша бірнеше адамға өлгенде намаз оқымапты. Бір рудың жесірі кетсе, молдалар арқылы даулап теңдік алады. Осындайлар толып жатыр. Бұларға қарсы шығып, дұрыстық айтайын десен, атқамінер беделді ақсақалдар: «міне, бала бұзылаған» деп елден шығарады.

Міне, осындайлар ауыздықталса дұрыс болар еді» (Еңбекшіл қазақ. 1925), - деп «Комсомол» деген псевдонимді автор қанша байбалам салып, бостан жұрттың қамын ойлағансығанымен, бұл материалдың да түпкі көздегені – тап тартысы. Бірлігі ажырамаған ел ішіне іріткі салу. Мұндай материалдардың сол кезеңде жүздеп жарияланғанын ескерсек, мешіт салуды мақұл көрген халықтың сеніміне қол сұғылып, бірте-бірте елді иманнан алыстату жұмыстары жемісті жүргізілді деп нық сеніммен айта аламыз. Өйткені 1917 жылы, төңкерістен соң жаңа үкіметтің РСФСР халық комиссарлар Кеңесі Одақтағы сан түрлі ұлт пен ұлыстың салт-дәстүр, наным-сенімдеріңізге қол сұғылмайтынына кепілдік бергенімен, мұның бәрі сөз жүзінде қалатындығы жылдар өте анық байқала бастады. Осылайша 1918 жылғы 20 қаңтарда «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» декрет, 1923 жылы «Дінге қарсы діни үгіт пен насихаттау туралы» арнайы қарар қабыланған соң исламға қарсы қатаң саясат жүзеге асты, мешіттердің жаппай жабылды, діни әдебиеттер тәркіленді, молда-ишандар қудалауға ұшырады.

Ал 1922-1923 жылдары еліміздің бар аймағында «Құдайсыздар» үйірмелері құрылып, дінге қарсы насихат жұмыстары барынша күшейтілді.

Оңтүстік, Алматы және Жамбыл облыстарында 1047 мешіттің мүліктері тәркіленді, оның 51-і мектептер мен клубтар пайдасына, ал 838-і басқа да қажеттіліктерге беріліп, имандылық үйлері қаңырап қалды (ҚР ОМА, 395: 13).

Мәселен, 1934 жылы 19 наурызда Созақ ауданындағы ұжымдық жиналыстың шешімімен мешіт ғимараты балабақшаға айналдырылса, 1935 Сайрам мешіті түбегейлі жабылыпты. Ал керісінше, атеистік саясат мейлінше күшіне мініп, баспасөз де бұл іске белсене араласып, «Құдайсыз» газетінің тиражы 10 мыңға жетіп жығылыпты.

Ал 1937 жылға қарай дін өкілдеріне қарсы күрес тіпті асқына түсті. 231 қазақ молда-ишандары «антисоветтік панисламистік террористік бүлікші және тыңшылық диверсиялық ұйымына» қатысқандығы үшін ату жазасына кесілді. Соның ішінде сол жылдарда Оңтүстік Қазақстан бойынша 119, Ақтөбе облысынан 72, Гурьев облысынан 12 имам мен молдалар «антисоветтік көзқарастары» үшін абақтыға жабылды (РФ МА, 891: 1-32).

Саяси репрессия тұсында да ең алдымен нысанаға ілінгендер имам-ишандар болды. Газеттер де ел ішін алапайдай бүлдірген діншілдерді аяусыз жазалауды талап етіп, айталық «Социалистік Қазақстанда» «Халық жауларының бір ұясы – дін» атты атышулы мақала да жарияланды. Мақаланың мәніне үңілсек, дін қашанда қанаушы таптардың жоғын жоқтап, еңбекшілерді құл етуіне мықты құрал болып келіпті.

«Ислам дінінің ең алдымен халыққа үгіттейтіні: «қолында үкімі бар адамдарға, байлығы бар адамдарға қарсы болма, айтқандарына мойын бұр, ұрып жатса да кек қылма, олардың меншігіне қол сұқпа, бұл дүниеде қорлық көрсең де, ол дүниеге барғанда жұмаққа кіресің» деп алдайды. «Исламның бұл айтқанын істемей, бай-бектерге қол көтергендер, құл болмағысы келгендер тамұққа түседі. Мыңдаған жылдар бойына отқа жанады» деп қорқытады.

Ислам діні осындай үгітімен мыңдаған жыл бойына еңбекшілерді қанаушы таптардың тілсіз құлы етіп келді. Исламның осындай бұғауы, кісені арқасында қанаушы таптар әлденеше жүз жылдардың бойында еңбекшілерді сүлікше сорды, ит орнына жұмсады, шын тамұққа салды, адамдық бейнеден шығара жаздады.

Ислам діні алғашқы шыққан күнінде бір қалыпта қалған жоқ. Әр уақытта түсін, түрін өзгертіп отырды. Заманның өзгеруіне қарай қанаушы таптардың жаңа түрінің шығуына қарай жаңаланып отырады. Жаңадан шыққан қанаушы таптың мүддесін қорғауға икемделіп отырды.

Дін патша үкіметінің қанаты астына ұялады. «Көкке Құдай ие, жерге Николай патша ие» дейтін болды. «Құранмен бірге әртүрлі ғылым сабақтарын да оқуға болады. Орысша киінуге болады, шылым тартуға болдаы. Фабрик жүргізуге болады» деп исламды капитализмге икемдеген татар байлары шықты. Ислам дінін қазақ байлары да өзіне икемдеді. Ақсақалдық, рушылдық дәстүр-ғұрыпқа араласып ислам діні қазақ байларына да қызмет етті.

Ислам дініне кіргізілген мұндай өзгерістердің түпкі мақсаты – бірден бірге көзі ашылып келе жатқан қанаушы таптарға ашынып келе жатқан еңбекшілерді жаңа әдіспен бұғаулау, шеңгелінен шығармау еді. Мысалы, капитализм жағдайындағы еңбекшілерді сол капитализм дәуіріне, болған өзгеріске икемделген дінмен бұғаулау еді. Байлардың қарғылы төбеттері хазірет ишандары осы мақсаттырын жүзеге асыру үшін құранды мың түрлендіріп түсіндіретін. Қандай іс болса да, шариғат байларды жақтап, кедейлерді жығып беріп отыратын.

Ислам дінінің шын таптық беті, кімнің қамын жейтіні байлар мен еңбекшілердің бір-бірімен белдескен майданында өте айқын болды. Ишан, молдалар әр уақтта байларды, патша үкіметін жақтап, еңбекшілерге қарсы жығып отырды. Еңбекшілердің революциялық қозғалысына қарсы, большевик партиясына қарсы өтірік-өсектің әлденеше сұмырай түрлерін таратты. Ишан, молдалар патша үкіметінің тыңшысы қызметін етіп, саяси күреске қатынасқан еңбекшілердің талайын патша үкіметіне ұстап берді» (Социалистік Қазақстан, 1937), - деп дін өкілдерін тілі жеткенше қаралап баққан Қ. Өтепов деген автор мұнымен тынбай, молда-ишандардың 1905 жылғы революциялық қозғалысқа қарсы күресте патша үкіметімен бірлесіп, реакцияшыл күшке айналғандығын, 1916 жылғы соғыс кезінде белсеніп, патша үкіметін жақтап, қазақ молдалары Алаш ордашылармен бірлесіп алып, қазақтан әскер жасап майданға шығаруға бар күшін салып үгіт жүргізгендігін жазады.

Осылайша имам-ишандардың өздерінің сұрқиялық ниеттерін, әсіресе пролетариат революциясының алғашқы жылдарында Совет үкіметі құрылғаннан кейін өте айқын көрсеткендігін де көпке жария етіп, олардың байлармен бірге қосылып алып, Совет үкіметіне қарсы аянбай күрескендігін, қарсы үгіт таратқандығын тарқата айта келе ойын былай тұжырымдапты:

«Азамат соғысы кезінде әзербайжан, түрікпен молдалары ағылшын интервенттеріне болысты. Татар, қазақ молдалары Колчак арқылы жапон интервенттеріне болысты. «Мұхаммед» деген мұсылман полктарын ұйымдастырды. Ол полктарға Алаш орданың сенімді жастары кірді. Қазақ молдалары Алашордашылармен бірге жапон империализміне тыңшылық қызметін атқарды.

Совет үкіметіне қарсы ұйымдасқан әртүрлі контрреволюционерлердің, Қожанов, Рысқұлов сияқты шпиондардың пантуркизм, панисламизм сияқты ұйымдары ислам дінін негіз қылды. Осы дінді бетке ұстап, шығыс елдерін Совет үкіметінен бөлмекші болды. Сұлтанғалиев, Рысқұлов сияқты шпиондармен бірге Түркістанның молда-ишандары басмашыларды ұйымдастырып, Түркістанның еңбекшілеріне талай шабуыл жасады.

Молда-ишандардың Совет үкіметіне қарсы күресі колхоздасу кезінде, социалистік бес жылдықтың кезінде өте-мөте қатты күшейді. Олардың Совет үкіметіне қарсы, социализм отанына қарсы күрес жүргізбейтін амалы да жоқ еді. Оның себебі – ислам деген, дін деген халықтың көзін бояйтын жалған нәрсе екенін, қанаушы таптардың еңбекшілерді бұғауда ұстауға шығарған құралы екенін большевиктер партиясы әшкереледі. Діннің таптық сыр-астарын ашты. Сонымен бірге отанымызда социализмнің жеңіп шығуы, бүкіл халықтың социализм ісіне әбден берілуі діннің негізін жойды. Осы себептен де молда-ишандар кулактармен, байлармен бірігіп алып, еліміздегі социализм құрылысына қарсы аянбай күресті. Олар күресін әлі де тоқтатпақ емес. Колхоздастыру дәуірінде бай-молдалар еңбекшілерді колхозға ұйымдастырмауға, колхозды құбыжық қылып көрсетуге барлық күшін салды. Осы мақсатпен колхоз жөнінде әртүрлі өтірік-өсек тараты. «Ақырзаман жақындады, малдарыңды қырындар» деген сияқты провокация жүргізді. Колхоз ісіне өздері кіріп алып зиянкестік істеді. Үстіп колхоздан шаруаларды бездірмек болды. Бірақ колхоздың артықшылығын өз көздерімен көріп отырған шаруалар молдалардың бұл әрекетіне көнбеді, колхозға енді.

Социализмге қарсы күресте әртүрлі жау элементтер: бұрынғы помещиктердің, ақтардың қалдықтары, кулак-байлар, молда-ишандар, троцкишілер, оңшылдар, қазақ ұлтшылдары – бәрі де бірігіп кетті. Бірінің табылған жерінен бәрі де табылып отырды. Бәрі де бірлесіп, бірімен бірі қол ұстасып, социализм отанына шабуыл жасады. Бұл жаулар бара-бара шетел разведкаларының агентіне, шпионына, диверсиялық топтарына айналды. Алматы қаласындағы орыс поптары шіркеуде Гитлердің кітабын оқыған. Түркістан молдалары жапонның шпиондары болып қызмет еткен. Ақ бандит Шоқаевтың жіберген агентімен бірге зиянкестік жұмыстарын жүргізген. Келестегі молдалар өз қолдарынан кітап басып шығарып, контрреволюциялық үгіттер жүргізген. Міне, бұл фактілер поптардың, молдалардың қазір фашизмнің шпиондары болып кеткенін, троцкист-оңшылдармен, контрреволюцияшылдар қазақ ұлтшыларымен бірлесіп алып, социализм отанын құлатуға, капитализмді қайта орнатуға тырысып отырған «халық жаулары» екенін толық сипаттайды.

Ислам діні болсын, басқа дін болсын – бәрі бір бұлардың қай-қайсысы да қазір контрреволюциялық ұяға, әртүрлі «халық жауларының» бір ұясына айналып отыр. Әртүрлі шпиондардың, диверсанттардың пана еткен бір орны молданың сәлдесі, поптың шапаны болып отыр. Партия ұйымдары мұны түсінуі керек. Халық дұшпандарын әшкерелеуі керек. Социализм отанының алдында еңбекшілері мұндай жауларды араларынан қуып, бет перделерін толық жыртады (Социалистік Қазақстан. 1937)».

Былайша айтқанда, ұлт жанарына үрей ұялатқан, ұлт ұстындарын түгелге дерлік репрессияға ұшыратқан осы 1937-1938 жылдарда республикалық газет-журналдарда да, жергілікті басылымдарда да «халық жауларының» топ-тобымен тұзаққа түскендігі жаппай жазылып, тоталитарлық жазалаушы жүйе молда-ишандарды алдымен ату жазасына ұсынып жатты. Газеттерде де дін атын жамылған «жаулар» бірінен соң бірі әшкереленіп, оларға жоғарыда көрсетілгендей ауыр айыптар тағылды. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдары ол тұста өзінің басты бағытынан жаңылып, ел ішіне жаманат хабарды таратумен айналысты.

Мұрағат қорларындағы айыптау қорытындыларында да адам сенгісіз сот үкімдерінің том-том істері бұл зорлық пен зобалаңға шынайы көзқарас қалыптастыруға септесетіні күмәнсіз.

Жалпы біздің Түркістан облысынан да сол саяси репрессияда құрбан болған қожа-молдалар өте көп. Нақты саны белгісіз. Десек те, ҰҚК құжаттарын елеп-екшей отырып, біраз жайтқа көз жеткізгендей болдық. Мәселен, Сарысулық молда-ишандар Байтақұлов Мұса, Жорымбетов Айтымбет, Азыханов Жүрсін, Садықов Қасым, Шалдарбаев Ахмет т.б;

Түркістандық молда-ишандар Одинаходжаев Сайдаулла, Хальметходжаев Ибадулла, Хальмедходжаев Жұмаділлә, Омарходжаев Әлім, Исламов Балтақожа, Нұрмұхамедов Бәйміш, Арқабаев Сүлкембай т.б;

Шаяннан Әбдуәлиев Абдуллахан, Аппақов Сағдұлла мен Бекболла;

Созақтан Ахметов Әлімхан, Абдақов Мардан, Жәңгірқожаев Имамхан т.б;

Мақтаралдан Жұманазаров Ахмет, Айтөреев Қанділді, Ақназаров Жарқын, Жолдасбеков Бектөре т.б;

Қызылқұмнан Нақжанов Әбубәкір, Жанұзақов Адам, Бекмұратов Ахмет, Аманов Ақмұрат, Жаналиев Мұхаметхан т.б;

Шымкенттен Ишанханов Гүлтөрехан мен Насырхан, Сарымсақов Әзімхан, Кенжеқожа, Мақырза, Ибрагимов Ишанжан, Қараходжаев, Сәлімбаев Юлдаш, Шамсутдинов Илдаш, Османходжаев, Үсіпханов Сарманқожа, Нарманбаев Мұхиддин т.б;

Түлкібастан Батырходжаев Омар, Бейсен, Қосбармақов Ахмет, Жүніс, Мылтықбай, Төлеуімбет, Шегебаев Бекбосын, Бекен, Тұрғынбай т.б. көптеген ишан-молдалар «халық жауы» атанып, жазалы болыпты (Шымкент қ. ПДАМА, 703: 11-16 pp.).

Осы молда-ишандардың тартқан тауқыметі де аз емес. Архив құжаттары арқылы аз-кем мысал келтіре отырсақ, белгілі ишан Нажмеддинов Құтбетдин 1929 жылы 51-бап бойынша сотты болады. Орта діни білімі бар ишан партия қатарына алынбаған. Отбасымен Ташкентте тұрып жатқан жерінде тұтқындалған. Тағылған айып та белгілі – «контрреволюциялық-панисламистік, төңкерісшіл ұйымның белді мүшесі. Астыртын ұйымға Қожабеков Бижан мен Сарымсақов Әзімханды тартқан әккі жау, Мақтарал мен Шымкентте әлгі ұйымның бөлімшелерін құруға атсалысқан адам. Ал, Одинаходжаев Сахан болса 1901 жылы Сарысу ауданында туылыпты. Бұрын-соңды сотты болмаса да, сол аймақтағы санаулы ғана сауатты азаматтардың санатына кірсе де, «атылған бандының баласы» болғандығы үшін партия

қатарына алынбаған. Сарысуда, атамекенінде тұрып жатқан жерінен төңкерісшіл-панисламшыл ұйымға мүше болғандығы үшін қамауға алынған. Ал, Ишанханов Гүлтөреханға қатысты қосымша тергеу ісінде былай делініпті:

«... Оңтүстік өңіріндегі панисламдық шпиондық-диверсиялық ұйымның басиесі – Ишанханов Гүлтөрехан мен Насырхан. Ниеті бұзық бұл екеуі орталығы Ташкент қаласында орналасқан төңкерісшіл топтың тапсырмасын мүлтіксіз орындап, Шымкенттен ұйымның ірі ошағын ашуға талпынады. Бұл талпыныстары жемісті болып жауапты қызметке ұйым атынан ірі имам Сарымсақов Әзімханды тағайындайды. Бұлар құрған Шымкенттегі ұйымның тамырын тереңге тартқаны соншалықты, әп-сәтте қаладағы 45 имамды қол астына жиып алады да, жасырын әрекеттерін жалғастыра береді. Мақсаттары да белгілі: КСРО-ның социалистік қарқын құрылысын іштен күйрету, экономикасын тұралату, колхоз-совхоздарды тарату, қарапайым халықты қарулы көтеріліске үндеп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан аумағында Совет үкіметіне бағынбайтын тәуелсіз панисламдық мемлекетті құру. Бірақ НКВД-ның қырағы сақшылары бұл құйтұрқылықты бірден байқады. Фашистік Жапонияның әскери көмегіне сүйенген сатқындардың көксегені болмады. Бәрі де, бір мезетте тұтқынға алынды. Осылай жедел қимылдамаса да болмайтын еді. Себебі, әлгі 45 ишанның дені кезінде Ауғанстан мен Қашғарда, Түркияда болған. Демек, бұл бүлікшілердің шет елдегі пантүркішіл ұйымдармен тығыз байланысы бұрынан бар» (Шымкент қ. ПДАМА, 703: 17-19 пп.). Шындығында осындай қолдан жасалған тергеу істерінің, дәлелсіз айыптардың негізінде Оңтүстіктің молда-ишандары да қасірет ғасырының құрбанына айналды. 1957 жылғы 11 шілдедегі Оңтүстік Қазақстан соты Президиумының қаулысына қарасак, 1900 жылы туған, ишанның ұлы, молда Сабыров Абдухамит 8 жылға сотталып, азапты ғұмырын еңбекпен түзеу лагерінде өткізген. Ал, тағы бір Шымкенттік молда Мирсалимов Ағыт 10 жылға сотты болыпты. Мұнан бөлек, Шымкенттік дін қайраткерлері Сарымсақов Әзімхан, Нұрметов Махмұт, Сайрамдық Оспанәлиев Ниязәлі, Шымкенттік Мақсұтов Ағдамқожа, Мырзамансудов Міркәрім, Әріпханов Атыханқожа, Нұғманов Исамитдин ату жазасына кесілген. Яғни, 20 жылдан соң ғана НКВД үштігінің үкімі күшін жойып атылған азаматтарға қарсы іс тоқтатылған.

«Шындық шырағы дауыл соқса да сөнбейді» дегендей, бүгінгі тәуелсіздік дәуірінде кеңестік жүйенің құрбанына айналған ардақтыларымызды ақтау үдерісі мемлекеттік деңгейде қолға алынып, бұл бағытта қыруар жұмыстың атқарылып жатқаны да анық. Әрине, ақталмаған молда-ишандар да аз емес. Демек, дәуір дүрбелеңінде қиянат көріп, қапияда мерт болған қандастарымызға қатысты ақиқатты тану – сол арқылы талайлы тарихымызды таразылау басты міндет болып қала бермек.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

- «Еңбекшіл қазақ», № 221. Жұма, 27 июнь, 1924 ж.
- «Еңбекші қазақ», № 166 (603). Дүйсенбі, 2 август, 1926 ж.
- «Еңбекші қазақ», № 370. Бейсенбі, 17 сентябрь, 1925 ж.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 119-қ. 1-тіз. 395-іс. 13-п.
- Ресей Федерациясы Мемлекеттік архиві (РФ МА). 160-қ. 1-тіз. 891-іс. 1-32 пп.
- «Социалистік Қазақстан», №183. 11 август, 1937 жыл.
- Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архиві (Шымкент қ. ПДАМА). Ишанханов Гүлтөреханды айыптау ісі. 703-іс, 1-том, 11-19 пп.

References

- «Enbekshil qazaq», № 221. Zhuma, 27 iyun, 1924 zh.
- «Enbekshi qazaq», № 166 (603). Dyjsenbi, 2 avgust, 1926 zh.
- «Enbekshi qazaq», № 370. Bejsenbi, 17 sentyabr, 1925 zh.
- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). F. 119. In. 1. C. 395. L. 13.
- State Archive of the Russian Federation (SARF). F. 160. In. 1. C. 891. L. 1-32.
- «Socialistik Qazaqstan», №183. 11 avgust, 1937 zhyl.
- Special state archive of the Shymkent City Police Department (SSA Shymkent PD). Ishankhanov Gultorekhan prosecution case. C. 703. T. 1. L. 11-19.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT

РЕДАКТОР СӨЗІ СЛОВО РЕДАКТОРА EDITOR'S WORD	
Қасымов С.А. Редакциядан / От редакции	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН МӘСЕЛЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ СПЕЦИФИКА И ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ SPECIFICITY AND FEATURES OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN	
Кузембайұлы А., Абиля Е.А. Колониальный характер советской системы государственного управления в Казахстане	18
Сейткасымов А.А. Политические репрессии в Акмолинской области	31
КУЛАКТАР, БАЙЛАР, ЖАРТЫЛАЙ ФЕОДАЛДАР (ОРТАШАЛАР), ШАРУАЛАР ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ РЕТІНДЕ КУЛАКИ, БАИ, ПОЛУФЕОДАЛЫ (СЕРЕДНЯКИ), КРЕСТЬЯНЕ-ШАРУА КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ KULAKS, BAI, SEMI-FEODAL (MIDDLE PEASANTS), SHARUA PEASANTS AS VICTIMS OF REPRESSION	
Исатаева А.К. Азалы жылдар ақиқаты	42
Mamytova S. Some results of scientific comprehension of the repressive soviet policy «expropriation of baies as a class»	47
Таңатарова Ж.Т. Ұжымдастыру тұсындағы қазақ байы Қажығали Мамаковтың әлеуметтік тұлғасы	56
ШАРУАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ, ЕТ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НАУҚАНДАРЫНЫҢ ҚҰРБАҢДАРЫ ЖЕРТВЫ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, ЗАГОТОВИТЕЛЬНЫХ И ДРУГИХ КАМПАНИЙ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА VICTIMS OF FORCED COLLECTIVIZATION, PROCUREMENT AND OTHER CAMPAIGNS OF THE SOVIET AUTHORITY IN RESPECT OF THE PEASANTRY	
Айтай Б.С. Шымкент қаласы және Сайрам ауданында жүргізілген мақта науқанының зардаптары (архив және «Советская степь» газетінің материалдары бойынша)	66
Сақабай Т.Қ. 1931-1933 жылдардағы аштық кезіндегі Орталық Қазақстан колхоздарына азық-түлікпен көмек көрсету шаралары	76
1920-1950 ЖЖ. ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН БОСҚЫНДАР ВЫНУЖДЕННЫЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД РЕПРЕССИЙ И ГОЛОДА 1920-1950-Х ГГ. FORCED REFUGEES FROM KAZAKHSTAN IN THE PERIOD OF REPRESSION AND HUNGER IN 1920-1950s.	
Қозыбаева М.М. 1930 жылдардың басындағы ашаршылық кезеңіндегі Батыс Сібірдегі қазақ босқындарын орналастыру және бейімдеу мәселелері	83
ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН И СПЕЦПОСЕЛЕНЦЫ DEPORTATION OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AND SPECIAL SETTLERS	

Абуов Н.А., Картова З.К. Религиозность депортированных народов Северо-Казахстанской области как основание для проведения репрессий в 1940-1950 годах	94
ҚАЗАҚСТАНДА ГУЛАГ ЛАГЕРЛЕРІ ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ СУДЬБЫ УЗНИКОВ ЛАГЕРЕЙ ГУЛАГА В КАЗАХСТАНЕ И ЧЛЕНОВ ИХ СЕМЕЙ THE FATE OF THE PRISONERS OF THE GULAG CAMPS IN KAZAKHSTAN AND THEIR FAMILY MEMBERS	
Алланиязов Т.К., Сактаганова З.Г. К некоторым аспектам лагерного детства в Карлаге: условия содержания и смертность в домах младенца	105
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОСТАНДЫҒЫ, ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ТҮТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСУШІЛЕР – ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ РЕТІНДЕ БОРЦЫ ЗА СВОБОДУ, НЕЗАВИСИМОСТЬ И ТЕРРИТОРИАЛЬНУЮ ЦЕЛОСТНОСТЬ КАЗАХСТАНА КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ FIGHTERS FOR FREEDOM, INDEPENDENCE AND TERRITORIAL INTEGRITY OF KAZAKHSTAN AS VICTIMS OF REPRESSION	
Жүсіп С.А. Истоки движения «Алаш» и идеи казахского автономизма	120
Касымов С.А. Феномен Мағжана – подвиг во имя своего народа и независимости	127
Сәрсембина Қ.Қ. «Қазақ», «Сарыарқа» газетіндегі большевиктер туралы деректер	132
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР - ӘСКЕРІ ТҮТҚЫНДАР ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ РЕТІНДЕ ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ PRISONERS OF WAR-KAZAKHSTANI AS VICTIMS OF REPRESSION	
Мырзатаева З.Б. Ұлы отан соғысы жылдарындағы Оңтүстік Қазақстан НКВД-МВД қызметі тарихынан	146
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ДӘСТҮРЛІ ДІН ӨКІЛДЕРІ РЕПРЕССИРОВАННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ ДУХОВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ REPRESSED REPRESENTATIVES OF THE CLERGY IN KAZAKHSTAN	
Серікбаева Г.А., Қасымхан Ғ., Әбдіқали Б.Ә. Оңтүстік өңірі мен Шымкент қаласындағы қуғын-сүргінге ұшыраған дін өкілдері	157